

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚР НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК

КӨПІРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ.
Темірбетон көпірлер бөлімі

ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ
Часть. Железобетонные мосты

ҚР НТҚ 02-02.1-2012
(1992-2:2005/2011 ҚР ҚН EN-ге)
НТП РК 02-02.1-2012
(к СН РК EN 1992-2:2005/2011)

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «АЗДИ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап
- 4 ОРНЫНА:** Алғашқы рет

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года
- 4 ВЗАМЕН:** Впервые

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	VI
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР.....	3
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	7
4.1 Шартты белгілеулер.....	7
4.2 Өлшем бірліктері.....	12
5 МАТЕРИАЛДАР.....	12
5.1 Бетон.....	12
5.1.1 Бетонға қойылатын талаптар.....	12
5.1.2 Беріктік.....	13
5.1.3 Серпінді деформациялар.....	16
5.1.4 Жылжу және шөгу.....	17
5.1.5 Конструкциялардың сызықтық емес статикалық есебі үшін «кернеу – салыстырмалы деформация» тәуелділігі.....	27
5.1.6 Сығымдалуға және созылуға бетон беріктігінің есептік мәндері.....	27
5.1.7 Қималардың есебі үшін «кернеу – салыстырмалы деформация» тәуелділігі.....	28
5.1.8 Көп осьті сығымдау кезіндегі бетон.....	31
5.2 Арматуралық болат.....	33
5.2.1 Арматураға қойылатын талаптар.....	33
5.2.2 Икемділік (өзгергіштік) сипаттамалары.....	33
5.2.3 Есептік алғышарттар.....	34
5.3 Алдын ала кернеуленген болат.....	35
5.3.1 Қасиеттері.....	35
5.3.2 Беріктік.....	37
5.3.3 Есептік алғышарттар.....	38
6 ТӨЗІМДІЛІГІ ЖӘНЕ АРМАТУРАҒА АРНАЛҒАН ҚОРҒАНЫС ҚАБАТЫ.....	39
6.1 Қоршаған ортаның шарттары.....	39
6.2 Бетонның қорғаныстық қабаты.....	42
6.2.1 Жалпы ережелер.....	42
6.2.2 Қорғаныстық қабаттың c_{min} минималды қалыңдығы.....	42
6.2.3 Жобалау кезіндегі жол берілетін ауытқулар.....	46
7 КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ ЕСЕБІ.....	49
7.1 Есептеулерге қойылатын жалпы талаптар.....	49
7.2 Геометриялық параметрлер.....	50
7.2.1 Сөрелердің тиімді ені (барлық шектік күйлер).....	50
7.3 Осьтік жүктеме кезіндегі екінші қатардағы әсерлерді есептеу.....	53
7.3.1 Анықтамалар.....	53
7.3.2 Екінші қатардың әсерлері үшін жеңілдетілген өлшемдер.....	55
7.3.2.1 Жекелеген элементтер үшін икемділік өлшемдері.....	55
7.3.2.2 Жекелеген элементтер үшін икемділік және есептік ұзындық.....	56
7.3.3 Жылжу.....	58

7.3.4 Есептеу әдістері.....	63
7.3.4.1 Номиналды қаттылыққа негізделген әдіс.....	64
7.3.4.2 Номиналды қисықтыққа негізделген әдіс.....	67
7.4 Алдын ала кернеуленген элементтер және конструкциялар	69
7.4.1 Алдын ала кернеу күші.....	69
7.4.2 Конструкцияны бетондағанға дейін керу кезінде алдын ала кернеу күштерінің тікелей (бірінші) шығындары	71
7.4.3 Бетонға керу кезінде алдын ала кернеу күшін тікелей (бастапқы) жоғалту ..	75
7.4.3.1 Бетонның лездік деформацияларынан келген шығындар.....	75
7.4.3.2 Үйкелістен болған шығындар	75
7.4.3.3 Анкерлік құрылыстағы жылжудан келетін шығындар	76
7.4.4 Тіреуге керу және бетонға керу кезінде алдын ала кернеу күшінің уақытқа байланысты шығыны	76
7.4.5 Есептеуде алдын ала кернеуді есепке алу	84
8 КӨТЕРГІШ ҚАСИЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЕКТІК КҮЙЛЕР (ULS)	86
8.1 Осьтік бойлық күшпен немесе бойлық күшсіз бүгілу.....	86
8.2 Көлденең күш	98
8.2.1 Есеп бойынша көлденең арматураны талап етпейтін элементтер	98
8.2.2 Есеп бойынша көлденең арматураны талап ететін элементтер	103
8.3 Бұралу.....	108
8.3.1 Есептік процедура.....	108
8.4 Жаншылу	114
8.4.1 Көлденең арматурасыз тұғыр іргетастарының немесе тақталардың жаншылуға кедергісі.....	114
8.5 Тозу.....	121
8.5.1 Жалпы талаптар	121
8.5.2 Тозуға тексеру кезіндегі ішкі күштер және кернеулер	121
8.5.3 Арматуралық және алдын ала кернелген болат үшін тексеру әдісі.....	122
8.5.4 Кернеулердің балама деңгейін пайдаланумен тексеру	124
8.5.5 Сығымдау немесе көлденең жүктеме кезінде бетонды тексеру.....	125
8.5.6 Мембраналы элементтер	127
9 ПАЙДАЛАНУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЕКТІ КҮЙЛЕР (SLS).....	128
9.1 Кернеуді шектеу.....	128
9.2 Сызаттарды бақылау.....	131
9.2.1 Жалпы ережелер.....	131
9.2.2 Арматураның минималды ауданы.....	132
9.2.3 Сызаттың ашылу енін есептеу	135
10 БОЙЛЫҚ АРМАТУРАНЫ АНКЕРЛЕУ	138
10.1 Іліністің шекті кернеуі.....	138
10.2 Анкерлеудің базалық сызығы	138
10.3 Анкерлеудің есептік ұзындығы	140
10.4 Айқастырылған қосылыстар және механикалық қосылыстар.....	142
10.4.1 Жалпы ережелер.....	142

10.4.2 Айқастыру ұзындығы	142
10.4.3 Айқастыру аймағындағы көлденең арматуралар	143
10.4.4 Бетонға керу кезіндегі анкерлеу аймағы.....	146
11 КОНСТРУКЦИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ	
АРНАЙЫ ЕРЕЖЕЛЕР	147
11.1 Аралық тіреулер	147
11.2 Іргетастар	147
11.2.1 Тұғырлар мен қабырғалардың іргетастары	147
11.2.1.1 Өзектерді анкерлеу	147
А [В] ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық)	
Жылжығыштық пен шөгудің салыстырмалы деформациялары.....	150
Б [КК] ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық)	
Уақытқа тәуелді бетон сипаттамалары.....	159
В [ММ] ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық)	
Жылжу және көлденең майысу	164
Г [QQ] ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық)	
Арқалық қабырғаларының сызатқа төзімділігі бойынша есептер.....	166
БИБЛИОГРАФИЯ.....	167

КІРІСПЕ

Осы нормативтік-техникалық Құрал Қазақстан Республикасында көпірлік құрылыстардың темірбетон конструкцияларын жобалаудың нормативтік базасын жетілдіру және оны еуропалық нормативтік құжаттармен үйлестіру мақсатында «Қазақ ғылыми-зерттеу және жобалау сейсмикаға төзімді құрылыс және сәулет институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен («ҚазҒЗСТҚСИ» РМК) әзірленді.

Нормативтік-техникалық Құралда: автожол, жаяу жүргінші және теміржол көпірлерін жобалауға қатысты ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 Бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер» және ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 2-Бөлім. Темірбетон көпірлер. Жобалау және есепке алу ережелері» талаптары; осы талаптарды нақтылайтын және дамытатын ережелер; ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 ережелерін қолдану ұсыныстары мен мысалдары келтірілді.

Осы нормативтік-техникалық Құралды әзірлеу кезінде бірқатар еуропалық стандарттар, сонымен қатар әртүрлі көпірлік конструкцияларды сынақтық жобалау нәтижелерінен тұратын, Еуропалық Одақ елдерінде Еурокод нормаларының жүйесін енгізу бойынша жұмыстардың аясында дайындалған, еуропалық елдердің осындай бірқатар құралдары зерттелді.

Нормативтік-техникалық Құралда келтірілген тармақтарға мәтіні барабар болатын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 кестелерінің және тармақтарының нөмірлері осы Құралдың кестелері мен тармақтарының жанында төртбұрышты жақшаларда көрсетілген.

Нормативтік-техникалық Құралда сілтемелер жасалған ҚР ҚН EN кестелерінің нөмірлері және басқа құжаттарының тармақтары осы Құралдың тиісті тармақтарының мәтінінде көрсетілген.

Осы нормативтік-техникалық Құрал жобалау ұйымдарының инженерлік-техникалық жұмыскерлеріне, ғылыми қызметкерлерге, жобалық құжаттаманың тапсырыс берушілеріне, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен шәкірттеріне арналған.

Осы Құрал Қазақстан Республикасының нормативтік құжаты ретінде ерікті негізде қолдану үшін енгізіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ
НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКИЕ ПОСОБИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

КӨПІРЛЕРДІ ЖОБАЛАУ. ТЕМІРБЕТОН КӨПІРЛЕР БӨЛІМІ

ПРОЕКТИРОВАНИЕ МОСТОВ. ЧАСТЬ. ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫЕ МОСТЫ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Осы нормативтік-техникалық құрал (әрі қарай – әдетте құрал немесе НТҚ) Қазақстан Республикасының климаттық шарттарында пайдаланылатын, сығылымға беріктігі бойынша $C_{\min}=C30/37$ -ден $C_{\max}=C70/85$ дейінгі класты қалыпты бетондардан дайындалған автожол, жаяу жүргінші және темірбетон көпірлердің темірбетон конструкцияларын жобалауға таралады және конструкциялардың қауіпсіздік ұстанымдары мен талаптарын, пайдаланушылық жарамдылығын және төзімділігін орнатады.

Құрал Қазақстан Республикасының Ұлттық Қосымшасын ескере отырып, ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 1-1 Бөлім. Жалпы ережелер және ғимараттарға арналған ережелер», Қазақстан Республикасының Ұлттық Қосымшасын ескере отырып ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 «Темірбетон конструкцияларды жобалау. 2-Бөлім. Темірбетон көпірлер. Жобалау және есепке алу ережелері» негізгі ережелерін қамтиды және көпірлік құрылыстардың темірбетон конструкцияларын жобалау кезінде қолдануға бағдарланған.

Құралда келтірілген есептеулер жобалаудың негізгі ережелерін қамтиды және ҚР ҚН EN1992-2:2005/2011 құрылыс нормаларының жекелеген тармақтарын және бөлімдерін қолдануға көрнекілік ретінде қызмет етеді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нормативтік-техникалық құралды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 Құрылыстық жобалау негіздері.

ҚР ҚН EN 1991-1-1:2002/2011 Көтергіш конструкцияларға әсер. Бөлім 1-1. Жалпы әсерлер. Үлестік салмақ, ғимараттарға түсірілетін тұрақты және уақытша жүктемелер.

ҚР ҚН EN 1991-1-3:2003/2011 Көтергіш конструкцияларға әсер. Бөлім 1-3. Жалпы әсерлер. Қар жүктемесі.

ҚР ҚН EN 1991-1-4:2005/2011 Көтергіш конструкцияларға әсер. Бөлім 1-4. Жалпы әсерлер. Жел жүктемесі.

ҚР ҚН EN 1991-1-5:2003/2011 Көтергіш конструкцияларға әсер. Бөлім 1-5. Жалпы әсерлер. Температуралық әсерлер.

ҚР НТҚ 02-02.1-2012

ҚР ҚН EN 1991-1-6:2005/2011 Көтергіш конструкцияларға әсер. Бөлім 1-6. Жалпы әсерлер. Құрылыс жұмыстарын жүргізу барысындағы әсерлер.

ҚР ҚН EN 1991-1-7:2006/2011 Көтергіш конструкцияларға әсер. Бөлім 1-7. Жалпы әсерлер. Ерекше әсерлер.

ҚР ҚН EN 1991-2:2003/2011 Көтергіш конструкцияларға әсер. 2-бөлім. Көпірлерге көлік жүктемелері.

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. Бөлім 1-1. Ғимараттарға арналған жалпы ережелер және қағидалар.

ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 Темірбетон конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Темірбетон көпірлер. Жобалау және есептеу ережелері.

ҚР ҚН EN 1994-1-1:2004/2011 Болаттемірбетон конструкцияларды жобалау. Бөлім 1-1. Ғимараттарға арналған жалпы ережелер және қағидалар.

ҚР ҚН EN 1994-2:2005/2011 Болаттемірбетон конструкцияларды жобалау. 2-бөлім. Көпірлерге арналған негізгі ұстанымдар және ережелер.

ҚР СТ EN 197-1-2011 Цемент. 1-бөлім. Құрамы, әдеттегі цементтерге қойылатын талаптар мен сәйкестік талаптары.

ҚР СТ EN 206-1-2011 Бетон. 1-бөлім. Техникалық талаптар, көрсеткіштер, өндіріс және сәйкестік.

ҚР СТ EN 934-2-2011 Бетонға, ерітіндіге және инъекциялық ерітіндіге арналған қоспалар. 2-бөлім. Бетонға арналған қоспалар. Анықтамалар, талаптар, сәйкестік, таңбалау және заттаңбалау.

ҚР СТ ИСО 3898-2011 Конструкциялардың көтергіш элементтерін жобалау (және есепке алу) негіздері. Терминдер және анықтамалар. Жалпы таңбалар (қысқартулар және шартты белгілеулер).

ҚР СТ EN 10080-2011 Темірбетон конструкцияларға арналған арматура. Дәнекерленетін арматура.

pr EN 101381-1 Prestressing steels. Part 1. General requirements (Алдын ала кернеуленген элементтерге арналған болат. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2102-2-2011 Кернеулі арматура. 2-бөлім. Сым.

ҚР СТ EN 10138-3-2011 Кернеулі арматура. 3-бөлім. Арқандар.

ҚР СТ EN 10138-4-2011 Кернеулі арматура. 4-бөлім. Өзектер.

ҚР СТ EN ISO 15630-1-2011 Бетонның алдын ала кернеуіне арналған болат. Сынау әдістері. 1-бөлім. Арматуралық өзектер, арқандар және сымдар.

ҚР СТ EN 12390-1:2000/2011 Қатқан бетонды сынау.

ҚР СТ EN 12504-1-2011 Конструкциялардағы бетонды сынау. 1-бөлім. Конструкциялардың қалыңдығынан алынған бетон үлгісі. Үлгілерді іріктеу, зерттеу және сығымдау кезінде сынау.

ҚР СТ EN 12504-2-2011 Конструкциялардағы бетонды сынау. 2-бөлім. Бұзбай бақылау. Серпінділік өлшемін анықтау.

«ЕСКЕРТПЕ Осы мемлекеттік нормативті қолданған кезде сілтеме жасалатын құжаттардың қолданыс күшін ағымдағы жыл жағдайына жыл сайын шығарылатын ақпараттық «Қазақстан республикасының аумағында әрекет ететін сәулет, қала салу және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізімі», «Қазақстан

Республикасының стандарттау бойынша нормативтік құжаттарының көрсеткіші» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттар көрсеткіші» бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме жасалатын құжат ауыстырылмай өзгертілген болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлімде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Осы құралда ҚР ҚН EN 1990, ҚР ҚН EN 1991, ҚР ҚН EN 1992-1-1, ҚР ҚН 1992-2В сәйкес тиісті анықтамалармен келесі терминдер қолданылған.

Арматура — темірбетон конструкциядағы ұзыннан тартылған, созушы (негізінен) және сығымдаушы күштерді қабылдауға арналған элементтер.

Кернелетін арматура - бетонның сығымдау күшін берудің алдында немесе барысында алдын ала созуға ұшырайтын арматура; кернелетін арматура ретінде өзектер, сымдар, аса берік болат арқандар қолданылады.

Конструкциялық арматура - конструкциялық мақсаттарда, есептеусіз орнатылатын арматура.

Жұмыс арматурасы - есеппен орнатылатын арматура.

Сыртқы кернеуші элементтер - бетон қимасынан тыс орналасқан және бетонмен ілініспейтін кернеуші элементтер, сыртқы кернеуші элементтер конструкциямен тек анкерлердің және ораушы айлабұйымдардың көмегімен ғана байланысады.

Қатқан бетон - қата бастаған және белгілі бір беріктікке жеткен бетон.

Арматуралық қаңқа — арматура торларын немесе жеке өзектерді біріктіру жолымен қалыптастырылған көлемді арматуралық элемент; арматура торларын біріктіру әдісі мен бір-біріне қатысты орналастырылуы жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Арматураның созылуға беріктігі бойынша класы — тиісті стандарттардың талаптарына сәйкес механикалық қасиеттерін сипаттайтын, St әрпімен және арматураның МПа (Н/мм^2) өлшенетін сипаттамалық кедергісіне сәйкес келетін санмен белгіленетін көрсеткіш (мысалы, St500).

Бетонның беріктігі бойынша класы — бетонның сапасын сипаттайтын, осьтік сығымдауға кепілдендірілген беріктігіне сәйкес келетін, C әрпімен және кедергінің сипаттамалық мәндерін және өндірушімен кепілдендірілген, Н/мм^2 (МПа) түрінде өлшенетін беріктігін білдіретін сандармен көрсетілетін мөлшерлік мән, мысалы, C30/37 (қиғаш сызық алдында - бетонның сипаттамалық цилиндрлік беріктігінің мәні f_{ck} , Н/мм^2 , қиғаш сызықтан кейін - бетонның сипаттамалық кепілдендірілген текшелік беріктігі $f_{ck,cube}$, Н/мм^2).

Бетон конструкциялар — бетоннан арматурасыз немесе конструкциялық болжаммен өлшеусіз орнатылатын арматурамен жасалған конструкциялар; бетон конструкциялардағы барлық әсерлерден есептік күштер бетонмен қабылдануы тиіс.

Темірбетон конструкциялар — жұмыс және конструкциялық арматурасы бар, бетоннан жасалған конструкциялар (арматурамен күшейтілген бетон конструкциялар); арматурамен күшейтілген бетон конструкциялардағы барлық әсерлердің есептік күштері бетонмен және жұмыс арматурасымен қабылдануы тиіс.

Алдын ала кернеуленген арматурасы бар темірбетон конструкциялар - кернеуленетін арматураның бастапқы тартылуы дайындау және пайдалану барысында бетонның сығымдалуының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін конструкциялар; алдын ала кернеу екі негізгі тәсілмен орындалады: арматураны қалып немесе стенд тіреулерінде конструкцияны бетондауға дейін тарту және арматураны қатқан бетонға тарту.

Арматураның тіреулерге тартылуымен алдын ала кернеуленген конструкциялар (ағылш. pretensioned- алдын ала тарту) – кернеуленетін элементтері қалып немесе стенд тіреулерінде конструкцияны бетондауға дейін тартылатын, ал алдын ала сығымдау күші қажетті тасымалдаушы беріктікке ие қатқан бетонға негізінен кернеуленетін элементтердің конструкция бетонымен ілінісуі арқылы берілетін конструкциялар; алдын ала тарту барысында кернеуленетін элементтер ретінде өзекті арматура және сым, пакеттер түріндегі аса берік сым және арматуралық арқандар пайдаланылады.

Арматурасын бетонға тарта отырып алдын ала кернеуленген конструкциялар (ағылш. post-tensioned- кейіннен тарту) - кернеуленетін элементтері белгіленген беріктіктегі қатқан бетонға тікелей тартылатын, ал алдын ала сығымдау күштері конструкцияға кернеуленетін элементтерді кейіннен арналарды ерітіндімен немесе өзге материалдармен толтыра отырып немесе толтырусыз механикалық әдістермен бекіту жолымен жүктелетін конструкциялар; кейіннен тарту барысында кернеуленетін элементтер ретінде шоғыр түріндегі аса берік сым және арматуралық арқандар пайдаланылады.

Арматураның жеке қауіпсіздік коэффициенті γ_s – арматуралық болаттың $f_{yk}(f_{pk})$ физикалық немесе шартты аққыштық шегінің ықтимал ауытқуларын, сонымен қатар өзек қимасы өлшемдерінің ауытқуларын ескеретін коэффициент.

Бетонның жеке қауіпсіздік коэффициенті γ_c – бетонның f_{ck} , f_{ctk} сипаттамалық беріктігінің меншікті мәндерден төмен ауытқу ықтималдылығын, қималардың геометриялық өлшемдеріндегі ауытқуларды (бірақ, рұқсатты мәндерден аспайтын) және сынақтық үлгілерде анықталатын бетон беріктігі мен конструкциядағы бетон беріктігінің айырмашылығын ескеру коэффициенті; арматурамен күшейтілмеген конструкцияларда γ_c мәні морт қирау мүмкіндігін ескереді.

Бетонның су өткізбеушілігі бойынша маркасы бетонның кепілдендірілген өткізбей ұстап қалатын су қысымының мәніне жауап береді; W әрпімен және атмосферадағы (мысалы, W8) және стандарт талаптарына сәйкес анықталатын қысымға сәйкес келетін санмен белгіленеді.

Бетонның аязға төзімділігі бойынша маркасы - стандарттармен белгіленген, бетонның базалық әдістермен сыналған үлгілерінің нормаланған шектердегі бастапқы физикалық-механикалық қасиеттері сақталып қалатын мұздату мен жібіту циклдерінің минималды саны; F әрпімен және циклдер санын білдіретін санмен белгіленеді (мысалы, F100).

Есептік модель – конструкцияны немесе оның элементін талдау мақсатында пайдаланылатын конструкциялық жүйе мінсіздігі.

Сенімділік – көтергіш конструкцияның немесе конструкция элементінің жобалық пайдалану мерзімі барысында белгіленген талаптарға сәйкес келу қабілеті; сенімділік

әдетте ықтималдылық шамаларымен көрсетіледі және көтергіш конструкцияның көтергіш қабілетінің қорына, пайдалануға жарамдылығына және төзімділігіне тарайды.

Көтергіш қабілет – құрылыс элементінің немесе элемент қимасының істен шығу түрлеріне, мысалы, бүгілуге кедергісіне, бойлай бүгілу, жылжу кедергісіне, созылу кедергісіне қатысты механикалық көрсеткіші

Шектік күй – шегінен асқан жағдайда көтергіш конструкция жобалау нормаларының талаптарына жауап бермейтін күй.

Көтергіш қабілеттің шектік күйі (ULS) – көтергіш конструкцияның бұзылуымен немесе басқалай жолмен істен шығуымен байланысты күйлер, конструкцияның немесе оның элементінің максималдық көтергіш қасиетіне сәйкес келеді.

Пайдалануға жарамдықтың шектік күйлері (SLS) – шегінен асқан жағдайда көтергіш конструкцияның немесе оның элементінің пайдалануға жарамдылығының белгіленген шарттары орындалмайтын күйлер.

Пайдалануға жарамдықтың қайтымсыз шектік күйлері - жоғарылауды туындататын негізгі әсерлер жойылғаннан кейін ұзақ мерзім бойы жоғары болып қалатын шектік күйлер.

Пайдалануға жарамдықтың қайтымды шектік күйлері - жоғарылауды туындататын негізгі әсерлер жойылғаннан кейін жоғарыламайтын шектік күйлер.

Беріктік - материалдың механикалық көрсеткіші, әдетте механикалық кернеу бірліктерінде көрсетіледі.

Бетонның осьтік сығымдауға беріктігі f_c – бетондағы деформациялану диаграммасының шындық нүктесіне сәйкес келетін бір осьтік кернеулі жағдайдағы максималдық сығымдаушы кернеулер.

Бетонның осьтік сығымдалуға беріктігі, сипаттамалық f_{ck} - диаметрі 150 мм және биіктігі 300 мм, қату уақыты 28 тәулікті құрайтын цилиндрлерді ось бойымен сығымдай отырып, қамтамасыз етілуі 0,95 болатын статикалық айнымалылығын ескере отырып анықталатын бетонның цилиндрлік сипаттамалық беріктігі.

Бетонның осьтік сығымдалуға беріктігі, кепілдендірілген $f_{ck,cube}$ - өлшемдері 150×150×150 мм текшелерді ось бойымен сығымдай отырып, қамтамасыз етілуі 0,95 болатын статикалық айнымалылығын ескере отырып анықталатын, өндірушімен қолданыстағы стандарттарға сәйкес кепілдендірілетін бетонның текшелік сипаттамалық беріктігі.

Арматуралық тор – өзара біріктірілген көлденең және бойлық өзектерден құрастырылған жазық арматуралық элемент; оны құрайтын өзектердің пішіні және өлшемі, аралығы және қимасы, біріктіру әдісі дайындау технологиясын ескере отырып жобалық құжаттаманың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Арматураның сипаттамалық кедергісі f_{yk} ($f_{0,1k}$) - өндірушімен кепілдендірілетін, тиісті стандарттарға сәйкес қамтамасыз етілуі 0,95 болатын арматураның аққыштығының физикалық немесе шартты шегінің мәні.

Арматураның есептік кедергісі f_{yd} - конструкцияларды есептеу барысында қабылданатын және f_{yk} сипаттамалық кедергісін арматураның γ_s жеке қауіпсіздік коэффициентіне бөлу жолымен алынатын арматура беріктігі.

Бетонның осьтік созылуға сипаттамалық кедергісі, f_{ctk} ($f_{ctk,0,05}$) - бетонның осьтік созылуға беріктігінің статистикалық таралуының 5% квантили.

Бетонның осьтік сығымдауға орташа кедергісі f_{cm} - бетон қасиеттерінің статистикалық айнымалылығын ескерусіз анықталатын бетонның орташа беріктігі.

Бетонның есептік кедергісі (сығымдауға - f_{cd} ; созылуға - f_{ctd}) - бетонның конструкцияны көтергіш қабілетінің шектік күйі бойынша есептеу барысында қабылданатын және беріктіктің сипаттамалық мәндерін бетонның γ_c жеке қауіпсіздік коэффициентіне бөлу жолымен алынатын кедергісі.

Әсердің сипаттамалық мәні F_k - әсердің анықтаушы сипаттамалық мәні; сипаттамалық мән статистикалық әдіспен анықтала алатындықтан, оны өзіндегі «бастапқы уақыт мерзімі» барысында осы мәннің жоғарылауы орын алмайтын, белгілі ықтималдылықпен қолданады, бұл жағдайда көтергіш конструкцияның жобалық пайдалану мерзімі және есептік жағдайдың ұзақтығы ескеріледі.

Көтергіш конструкцияларды пайдаланумен байланысты арнайы терминдер

Есепті пайдалану мерзімі – күрделі жөндеусіз көзделген күтім шаралары ескерілетін, көтергіш конструкция қызметтік міндетін сақтай отырып пайдаланылатын уақыт.

Техникалық қызмет көрсету – көтергіш конструкцияның жобалық пайдалану мерзімі барысында оның қызметін қамтамасыз ету мақсатымен жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы. Көтергіш конструкцияны төтенше әсерлерден немесе жер сілкінісінен кейін жөндеу шаралары оны жарамды күйде ұстау болып саналмайды.

Қалыпты пайдалану – жобалау нормалары мен тапсырмаларында көзделген технологиялық немесе тұрмыстық шарттарға сәйкес шектеусіз жүзеге асырылатын пайдалану.

Көтергіш конструкцияны есептеумен және оған болатын әсерлермен байланысты арнайы терминдер

Есептік жағдайлар – белгілі бір уақыт кезеңінде жарамды пайдалану шарттарын алмастыратын және көтергіш конструкцияны жобалау барысында оның көрсеткіштері шектік күйлерден аспауын белгілейтін бірқатар шарт.

Тұрақты есептік жағдай – көтергіш конструкцияны пайдаланудың бүкіл мерзімі барысында анықтаушы болып табылатын жағдай, әдеттегі пайдалану жағдайларына жатады.

Өтпелі есептік жағдай - көтергіш конструкцияны пайдалану мерзімінен елеулі түрде қысқа уақыт үзегінде, мысалы, құрылыс кезінде немесе жөндеу барысында анықтаушы болып табылатын жағдай.

Апаттық есептік жағдай – көтергіш конструкция үшін төтенше жағдайларды, мысалы, өртті, қопарылысты, соққыны немесе жергілікті бұзылуды қамтитын жағдай.

Сейсмикалық әсерлер барысындағы есептік жағдай – көтергіш конструкция үшін сейсмикалық әсер барысында туындайтын жағдай.

Айнымалы әсердің үйлестірілген мәні ($\psi_0 Q_k$) - айнымалы әсердің мүмкіндігінше әсерлер үйлесімдігімен тудырылған әсерлердің жоғарылау ықтималдылығы жеке әсердің

сипаттамалық мәнінің асырылу ықтималдылығындай болатындай статистикалық негізде таңдалған мәні. Үйлестірілген мән айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бөлігі болып табылады және сипаттамалық мәнді $\psi_0 \leq 1$ коэффициентіне көбейту жолымен анықтала алады.

Айнымалы әсердің жиі мәні ($\psi_1 Q_k$) - Әсерлердің қисындасуынан туындаған нәтижелердің жоғарылау ықтималдығы шамамен жекелеген әсердің сипаттамалық мәнінен асып түсу ықтималдығы болатындай түрде статистикалық негізде мүмкіндігінше таңдап алынған айнымалы әсердің мәні; қисындасқан мән айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бөлігі болып табылады және сипаттамалық мәнді $\psi_1 \leq 1$ коэффициентіне көбейту жолымен анықтала алады.

Айнымалы әсердің квазитұрақты мәні ($\psi_2 Q_k$) – айнымалы әсердің мәні, ол мәnniң жоғарылайтын жиынтық уақыт аралығы референттік уақыт кезеңінің үлкен бөлігін құрайтындығын ескере отырып анықталған. Квазитұрақты мән - айнымалы әсердің сипаттамалық мәнінің бір бөлігі болып табылады және сипаттамалық мәнді $\psi_2 \leq 1$ коэффициентіне көбейту арқылы анықталуы мүмкін.

Ілеспелі айнымалы әсердің мәні (ψQ_k) - Әсерлер үйлесімінде басым әсерді ілестіретін айнымалы әсер мәні. Ілеспелі айнымалы әсер мәні болып оның үйлескен, жиі немесе квазитұрақты мәні бола алады.

Әсердің репрезентативті мәні (F_{rep}) – шектік күйлер бойынша есептеу барысында қолданылатын мән; репрезентативтік мән ретінде сипаттамалық (F_k) немесе ілеспе мән (ψF_k) қабылдана алады.

Әсердің есептік мәні (F_d) — сипаттамалық мәнді γF_k жеке коэффициентіне көбейтумен алынған әсер мәні.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Шартты белгілеулер

Осы құралда келесі шартты мәндер қолданылады.

ЕСКЕРТУ Пайдаланылатын шартты белгілер жүйесі ҚР ҚН EN 1990 негізделген. Мүмкіндігінше, бір ғана мәнге ие таңбалар пайдаланылады. Дегенмен, кейбір жағдайларда таңба мәnmәтінге байланысты бірнеше мағынаға ие болуы мүмкін.

Латын әліпбесінің бас әріптері

A — апаттық (кездейсоқ) әсер;

A — көлденең қима ауданы;

A_c — бетонның көлденең қимасының ауданы;

A_{cr} — бетонның созылған аймағының ауданы;

A_p — бір немесе бірнеше кернеуші өзектер қимасының ауданы;

A_s — кернелмейтін арматура қимасының ауданы;

$A_{s,min}$ — кернелмейтін арматура қимасының минималды ауданы;

A_{sw} — көлденең арматура қимасының ауданы;

D — жиектеме диаметрі;

D_{Ed} — тозып зақымдалу коэффициенті;

E — әсер ету нәтижесі;

$E_c, E_{c(28)}$ — 28 тәуліктік қалыпты бетонның кернеу $\sigma_c = 0$ болғандағы қатысты серпімділік модулі;

$E_{c,eff}$ — бетон серпімділігінің тиімді модулі;

E_{cd} — бетон серпімділігі модулінің есептік мәні;

E_{cm} — бетон серпімділігінің қиюшы модулі;

$E_c(t)$ — t уақыт мезетіндегі қалыпты бетонның кернеу $\sigma_c = 0$ болғандағы қатысты серпімділік модулі;

E_p — алдын ала кернелген арматура серпімділігі модулінің есептік мәні;

E_s — кернелмейтін арматураның серпімділігі модулінің есептік мәні;

EI — бүгілу барысындағы қаттылық;

EQU — статикалық тепе-теңдік;

F — әсер ету;

F_d — әсер етудің есептік мәні;

F_k — әсер етудің сипаттамалық мәні;

G_k — тұрақты әсердің сипаттамалық мәні;

I — бетонның көлденең қимасының инерция сәті;

J — жылжу функциясы;

K_c — сызат түзуге төзімділік және жылжу коэффициенті;

K_s — арматурамен күшейту коэффициенті;

L — ұзындығы;

M — бүгілуші мезет;

M_{Ed} — ішкі бүгу мезетінің есептік мәні;

$M_{гep}$ — сызат түзу мезеті;

N — тозу кезіндегі бойлық күш түсу немесе мезгілдік жүктемелердің саны;

N_{Ed} — бойлық күштің есептік мәні (созылу немесе сығымдау);

P — алдын ала кернеу күші;

P_0 — кернеуден кейін тікелей арматуралық элементтің соңындағы алдын ала кернеудің бастапқы күші;

Q_k — айнымалы әсердің сипаттамалық мәні;

Q_{fat} — төзімділікке есептеген кездегі айнымалы әсердің сипаттамалық мәні ;

R — кедергі көрсету немесе релаксация функциясы;

S — ішкі күштер және мезеттер;

S — статикалық мезет;

SLS — қалыпты пайдалануға жарамдылық бойынша шектік күй;

T — айналдырушы мезет;

T_{Ed} — есептік айналдырушы мезет;

ULS — көтергіш қабілет бойынша шектік күй;

V — көлденең күш;

V_{Ed} — көлденең күштің есептік мәні;

X — қимадағы алдын ала кернеуленген арматуралық элементтерді арматурамен күшейту пайызының ұсынылатын шегі.

Латын әліпбесінің кіші әріптері

- a — арақашықтық;
- a — геометриялық деректер;
- Δa — геометриялық параметрлердің ауытқуы;
- b — көлденең қиманың жалпы ені немесе T немесе L пішінді арқалық сөресінің ені;
- b_w — таврлық, қос таврлық немесе L пішінді арқалық қабырғасының ені;
- c_{\min} — минималды қорғаушы қабат;
- d — диаметр, тереңдік;
- d — көлденең қиманың тиімді биіктігі;
- d_g — ірі толтырғыштың максималды өлшемі;
- e — эксцентриситет;
- f — жиілік;
- f_c — осьтік сығымдау кезіндегі бетон беріктігінің шегі;
- f_{cd} — осьтік сығымдау кезіндегі бетонның беріктік шегінің есептік мәні;
- f_{ck} — 28 тәуліктік бетонның жылжуға сипаттамалық цилиндрлік беріктігі;
- f_{cm} — бетон цилиндрінің сығылуға беріктігінің орташа мәні;
- f_{ctb} — бетонның ось бойымен созылу кезіндегі беріктігі шегінің есептік мәні;
- f_{ctk} — бетонның ось бойымен созылу кезіндегі беріктігінің сипаттамалық шегі;
- f_{ctm} — бетонның ось бойымен созылуы кезіндегі беріктігінің орташа мәні;
- f_{ctx} — сызат түзу мезетін есептеу үшін пайдаланылатын бетонның созылу барысындағы беріктігінің шегі;
- f_p — алдын ала кернеуленген арматураның созылу барысындағы беріктігінің шегі;
- f_{pk} — алдын ала кернеуленген арматураның созылу барысындағы беріктігінің сипаттамалық шегі;
- $f_{p0,1}$ — алдын ала кернеуленген арматура аққыштығының 0,1 %-дық шартты шегі;
- $f_{p0,1k}$ — алдын ала кернеуленген арматура аққыштығының сипаттамалық 0,1 %-дық шартты шегі;
- $f_{0,2k}$ — арматураның аққыштығының сипаттамалық 0,2 %-дық шартты шегі;
- f_t — арматураның созылу барысындағы беріктігінің шегі;
- f_{tk} — арматураның созылу барысындағы беріктігінің сипаттамалық шегі;
- f_y — арматураның аққыштығы шегі;
- f_{yd} — арматура аққыштығының есептік шегі;
- f_{yk} — арматура аққыштығының сипаттамалық шегі;
- f_{ywd} — көлденең арматура аққыштығының есептік шегі;
- h — биіктігі;
- h — қиманың толық биіктігі;
- i — инерция радиусы;
- k — коэффициент, фактор;
- l — ұзындық, аралық немесе биіктік;

m — масса, тақталық элементтер;

n — тақташалық элементтер;

q_{ud} — сызықтық емес талдау барысында қол жеткізілген үйлесімнің максималды мәні;

r — алдын ала кернеу үшін радиус немесе түзетуші коэффициент;

$1/r$ — қисықтық;

s — сызаттар арасындағы арақашықтық;

t — қалыңдығы;

t — уақыт;

t_0 — жүктеу мезетіндегі бетонның жасы;

u — A_c ауданымен бетон конструкция қимасының периметрі;

u — нүкте ауытқуының құраушысы;

v — нүкте ауытқуының құраушысы немесе көлденең күш;

w — нүкте ауытқуының құраушысы немесе сызаттың ашылу ені;

x — бейтарап осьтің биіктігі;

x, y, z — координаттар;

x_u — қайта бөлгеннен кейін көтергіш қабілет бойынша шектік күйдегі бейтарап осьтің биіктігі;

z — ішкі күштер иінітірігінің иіні.

грек әліпбесінің бас әріптері

Φ — динамикалық коэффициент (ҚР ҚН EN 1991-2 сәйкес).

грек әліпбесінің кіші әріптері

α — бұрыш, қатынас, ұзақ мерзімді әрекет коэффициенті немесе негізгі кернеулер қатынасы;

α_h — θ_1 үшін төмендетуші коэффициент;

β — бұрыш, қатынас, коэффициент;

γ — жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_A — A апаттық әсерлер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_C — бетон үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_F — F әсері үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

$\gamma_{F,fat}$ — көп рет қайталанатын әсерлер кезіндегі жеке қауіпсіздік коэффициенті;

$\gamma_{C,fat}$ — көп рет қайталанатын әсерлер кезіндегі бетон үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_O — жалпы коэффициент;

γ_G — G тұрақты әсерлер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_M — материалдың өзінің анықталмаған қасиеттерін, есептік үлгіде қолданылатын геометриялық жетілмеушілікті ескеретін материалдың қасиеттеріне арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_P — P алдын ала кернеумен байланысты әсерлер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_Q — Q айнымалы әсерлер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_s — кернелмейтін немесе алдын ала кернелетін арматура үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

$\gamma_{s,fat}$ — көп рет қайталанатын әсерлер кезіндегі кернелмейтін немесе алдын ала кернелген арматураның жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_f — есептік үлгіде белгісіздікті есепке алмай қабылданатын әсерлер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_g — есептік үлгіде белгісіздікті есепке алусыз қабылданатын тұрақты әсерлер үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

γ_m — материалдың өзінің қасиеттерінің анықталмағандығын ғана ескеретін, материалдың қасиеттері үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті;

δ — үстеме, қайта бөлу коэффициенті;

ξ — сырғуды қайта тарату функциясы немесе ілінісу беріктігінің коэффициенті;

ξ — төмендеткіш коэффициент, бөлу коэффициенті;

ε_c — бетондағы сығымдалудың салыстырмалы деформациясы;

ε_{ca} — бетонның қатаюы кезіндегі шөкпенің салыстырмалы деформациясы;

ε_{cc} — бетонның жылжуының салыстырмалы деформациясы;

ε_{cd} — бетонның құрғауы кезіндегі шөкпенің салыстырмалы деформациясы;

ε_{c1} — f_c шындық кернеуі кезінде бетондағы сығымдалудың салыстырмалы деформациясы;

ε_{cu} — бетондағы сығымдалудың салыстырмалы шектік деформациясы;

ε_u — максималдық жүктеу барысындағы кернелмейтін немесе алдын ала кернеуленген арматураның салыстырмалы деформациясы;

ε_{uk} — максималдық жүктеу барысындағы кернелмейтін немесе алдын ала кернеуленген арматураның салыстырмалы сипаттамалық деформациясы;

θ — бұрыш;

θ_1 — геометриялық ақаулықтар үшін көлбеу бұрышы;

λ — тозу кезіндегі иілгіштік коэффициенті немесе балама коэффициент;

μ — Алдын ала кернеуленген арматуралық элементтер мен арналар арасындағы үйкеліс коэффициенті;

ν — Пуассон коэффициенті;

ν — көлбеу сызаттары бар бетон үшін сығымдалуға беріктік шегін төменлету коэффициенті;

ρ — құрғақ бетон тығыздығы, кг/м³;

ρ_{1000} — релаксациядан келген шығынның шамасы, %, 20°C орташа температурада арматураның керілуінен кейін 1000 с соң;

ρ_1 — бойлық арматура үшін арматурамен күшейту коэффициенті;

ρ_w — көлденең арматура үшін арматурамен күшейту коэффициенті;

σ_c — бетондағы сығымдағыш кернеу;

σ_{cr} — бойлық жүктеме немесе алдын ала кернеу кезіндегі бетондағы сығымдағыш кернеу;

σ_{cu} — ε_{cu} сығымдаудың салыстырмалы шектік деформациясы кезіндегі бетондағы сығымдаушы кернеу;

τ — жанама кернеу;

\varnothing — арматуралық өзектің немесе арматуралық шоғырға арналған арнаның диаметрі;

\varnothing_n — арматуралық шоғырдың балама диаметрі;

$\varphi(t, t_0)$ — t_0 -ден t дейінгі уақыт аралығы үшін бетонның жылжу коэффициенті;

φ_{fat} — тозуға (төзімділікке) есептегендегі динамикалық әсерден зақымдалуды ескеретін коэффициент;

$\varphi(\infty, t_0)$ — жылжу коэффициентінің шектік мәні;

ψ — айнымалы әсерлердің көрнекі шамаларын анықтайтын коэффициенттер:

ψ_0 — комбинациялық мәндер үшін;

ψ_1 — жеке мәндер үшін;

ψ_2 — квазитұрақты мәндер үшін.

χ — тозу (ескіру) коэффициенті.

4.2 Өлшем бірліктері

Осы Құралдың талаптарына сәйкес орындалатын есептерде келесі өлшем бірліктерін пайдалану керек:

- күштер және жүктемелер – кН, кН/м, кН/м²;
- тығыздық – кг/м³;
- кернеу және беріктік – Н/мм² (МПа);
- мезет (бүгуші, айналдырушы) - кН·м.

5 МАТЕРИАЛДАР

5.1 Бетон

5.1.1 Бетонға қойылатын талаптар

5.1.1.1 Осы нормативтік-техникалық Құралдың талаптарына сәйкес жобаланатын бетон және темірбетон конструкциялар үшін қалыпты (ауыр) бетонды қарастыру керек. Бетонның түрін және оның техникалық бақыланатын сапа көрсеткіштерін тиісті стандарттармен бетон және темірбетон конструкцияларға қойылатын талаптарға сәйкес белгілеу керек.

5.1.1.2 Жобалау кезінде белгіленетін бетон сапасының негізгі көрсеткіштері:

- сығымдалуға беріктік бойынша бетон класы С;
- аязға төзімділік бойынша марка F (кезекпен тоңазыту және еріту әрекетіне ұшырайтын конструкциялар үшін тағайындайды);
- су өткізгіштігі бойынша маркасы W (су өткізушілікті шектеу талаптары қойылатын конструкциялар үшін тағайындайды).

5.1.1.3 Қажет болған жағдайда жылу оқшауландырумен, термиялық төзімділікпен, отқа төзімділікпен, тоттануға төзімділікпен, биологиялық қорғаныспен және т.с.с. байланысты бетон сапасының қосымша техникалық көрсеткіштері орнатылуы мүмкін. Бетон сапасының қажетті көрсеткіштерін 6-Бөлімнің нұсқауларына сәйкес пайдалану шарттары бойынша класқа және есептеуге сәйкес бетон және темірбетон конструкцияларды жобалау кезінде орнату керек.

5.1.2 Беріктік

5.1.2.1 Бір осьті сығымдау шарттарында диаметрі 150 мм және биіктігі 300 мм цилиндрлі үлгілер конструкциялардың көптеген типтерінің сығымдалған аймағында бетонның жұмысын көрсетеді. Алайда өндірісте сапаны бақылау кезінде 150 мм жағынан текшелерді сынау негізгі болып табылады. Осыған байланысты, нормативтік құжаттарда, сығымдалуға беріктік бойынша бетон класын белгілеуде екі сан берілген – цилиндрлерді сынау кезінде алынған сипаттамалық кедергі (f_{ck}), және (сызықтың астында) – 28 тәулікке тең келетін уақытта текшеде белгіленген кепілді беріктік ($f_{ck,cube}$). Мысалы, C40/50 беріктік класы 40 Н/мм² цилиндрлі беріктікпен және 50 Н/мм² текшелік беріктікпен қалыпты бетонды білдіреді. ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 және ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 барлық формулаларында цилиндрлі беріктік пайдаланылған, ал бетоннан және темірбетоннан конструкцияларды жобалау кезінде текшелік беріктік қолданылмайды, өндірістік бақылау үшін ғана қызмет етеді.

5.1-Кестеде әдеттегі цилиндрлі беріктіктермен қалыпты бетондар үшін материалдың қасиеттері көрсетілген. Балама текшелік беріктік әдетте, $f_{ck} \approx 0,8 f_{ck,cube}$. Бұл жағдайда 0,8 – цилиндрлі беріктік коэффициенті, негізінен текшелерді сынау нәтижелерінің шашыраңқылығынан үлкен өзгергіштікпен (0,6-дан 1,0 дейін) ерекшеленеді (пішіндердің сапасы, эксцентриситет және жүктемені қосу жылдамдығы, анықталмаушылық, пресс және үлгі қатпарларының өзара әрекеттесуі текшелерді сынау нәтижелеріне үлкен әсер етеді).

5.1.2.2 Сығымдалуға бетонның беріктігі тәжірибелік үлгілердің сынақтары негізінде 28 тәулікке дейін немесе одан кейін анықталуы мүмкін.

Егер бетонның беріктігі $t > 28$ тәулік болып анықталатын болса, онда 5.1.6.1 және 5.1.6.2 анықталған α_{cc} және α_{ct} мәндерін сәйкесінше 0,85 және 1,0 тең етіп қабылдау ұсынылады.

Сығымдалуға бетонның сипаттамалық беріктігі $f_{ck}(t)$, МПа, жекелеген кезеңдер (мысалы, қалыпты алу, алдын ала кернеуді беру) үшін t мерзімінде анықталуы мүмкін:

$$\text{— } 3 < t < 28 \text{ тәулік: } f_{ck}(t) = f_{cm}(t) - 8;$$

$$\text{— } t \geq 28 \text{ тәулік: Осылайша } f_{ck}(t) = f_{ck}$$

$t \leq 3$ тәуліктік бетон үлгілері үшін мәндер түрлену коэффициентінің алынған мәнін ескере отырып сынақ нәтижелеріне негізделуі тиіс.

5.1.2.3 Сығымдалуға сипаттамалық беріктік, f_{ck} , одан төмен мән беріктікке сынақтардың барлық нәтижелерінің тек 5% ғана күтілетін мән ретінде анықталады (қамтамасыз етілуі 0,95).

Егер f_{cm} – орташа мән болса, онда $f_{ck} = f_{cm} - k\sigma$, мұнда σ – бас жиынтықтың стандартты ауытқуы. Гауссты бөлген және 0,95 қамтамасыз ету кезінде шама $k = 1,64$ тең болады. $\sigma \leq 5 \text{ Н/мм}^2$ (максималды жол берілетін шашыраңқы) болғанда $k \times \sigma = 1,64 \times 5 \approx 8 \text{ Н/мм}^2$. Осылайша $f_{ck} = f_{cm} - 8$.

5.1.2.4 [3.1.2(6)] t мерзімінде сығымдалуға бетонның беріктігі цементтің типіне, температураға және сақтау шарттарына байланысты. 20°C орташа температурада және ҚР СТ EN 12390 талаптарына сәйкес сақтаған кезде әртүрлі мерзімде сығымдалуға бетонның беріктігі $f_{cm}(t)$ (5.1) және (5.2) өрнектерінен анықталуы мүмкін:

$$f_{cm}(t) = \beta_{cc}(t) \times f_{cm}, \quad (5.1)$$

$$\beta_{cc}(t) = \exp \left\{ s \left[1 - \left(\frac{28}{t} \right)^{\frac{1}{2}} \right] \right\} \quad (5.2)$$

мұнда $f_{cm}(t)$ — мерзімі t тәулік болатын сығымдалуға болатын орташа беріктігі;

f_{cm} — 5.1-Кесте бойынша 28 тәулік мерзіміндегі орташа беріктік;

$\beta_{cc}(t)$ — бетонның жасына t байланысты коэффициент;

t — тәуліктегі бетонның жасы;

S — цементтің пайдаланылатын типіне байланысты коэффициент қабылданады:

0,20 — CEM 42,5 R, CEM 52,5 N және CEM 52,5 R (класс R) беріктік кластарының цементі үшін;

0,25 — CEM 32,5 R, CEM 42,5 N (класс N) беріктік кластарының цементі үшін;

0,38 — CEM 32,5 N (класс S) беріктік кластарының цементі үшін.

ЕСКЕРТПЕ $\exp\{ \}$ е (экспонент) секілді осындай мәнге ие.

R-rapid (жылдам қатаятын), N-normal (қалыпты қатаятын), S-slow (баяу қатаятын).

5.1.2.5 Бүгу кезінде созылуға бетонның орташа беріктігін анықтаған кезде темірбетон элементтер үшін келесі шарт пайдаланылуы мүмкін:

$$f_{cm,fl} = \max \left\{ \left(1,6 - \frac{h}{1000} \right) \times f_{cm}; f_{cm} \right\}, \quad (5.3)$$

мұнда h — конструктивті элементтің жалпы биіктігі, мм;

f_{cm} — 5.1-Кесте бойынша осьтік созылуға орташа беріктік.

(5.3) формулада келтірілген тәуелділік сонымен қатар осьтік созылуға беріктіктің сипаттамалық мәндері үшін қолданылуы мүмкін.

5.1.2.6 Тікелей өлшеумен созылуға беріктікті алу қиын (бетондық созылатын үлгідегі күштердің біркелкі бөлінуін қамтамасыз ету қиын). Инженерлік есептеулер үшін Фере гипотезасы бойынша созылуға және сығымдалуға орташа беріктік арасындағы байланыс жеткілікті дәлдікті береді— $f_{ctm} = 0,3 \times f_{cm}^{2/3}$. Созылуға беріктіктің мәні $f_{ct} = 0,5 \times f_{ctm,fl}$ эмпириялық формуласы бойынша бүгілу кезінде беріктіктің мәні арқылы алынуы мүмкін.

5.1[3.1]Кесте — Бетонның беріктік және деформативті сипаттамалары

f_{ck} , МПа	12	16	20	25	30	35	40	45	50	55	60	70	80	90	Талдамалық тәуелділік/түсіндірме
$f_{ck, cube}$, МПа	15	20	25	30	37	45	50	55	60	67	75	85	95	105	
f_{cm} , МПа	20	24	28	33	38	43	48	53	58	63	68	78	88	98	$f_{cm} = f_{ck} + 8$ (МПа)
f_{cm} , МПа	1,6	1,9	2,2	2,6	2,9	3,2	3,5	3,8	4,1	4,2	4,4	4,6	4,8	5,0	$f_{cm} = 0,30 \times f_{ck}^{\frac{2}{3}} \leq C50/60$ $f_{cm} = 2,12 \times \ln[1 + (f_{cm}/10)] > C50/60$
$f_{ctk,0,05}$, МПа	1,1	1,3	1,5	1,8	2,0	2,2	2,5	2,7	2,9	3,0	3,1	3,2	3,4	3,5	$f_{ctk,0,05} = 0,7 f_{cm}$ Квантиль 5 %
$f_{ctk,0,95}$, МПа	2,0	2,5	2,9	3,3	3,8	4,2	4,6	4,9	5,3	5,5	5,7	6,0	6,3	6,6	$f_{ctk,0,95} = 1,3 f_{cm}$ Квантиль 95%
E_{cm} , ГПа	27	29	30	31	33	34	35	36	37	38	39	41	42	44	$E_{cm} = 22[f_{cm}/10]^{0,3} f_{cm}$, МПа
ε_{cl} , ‰	1,8	1,9	2,0	2,1	2,2	2,25	2,3	2,4	2,45	2,5	2,6	2,7	2,8	2,8	5.3-суретті қара $\varepsilon_{cl} = 0,7 \cdot f_{cm}^{0,31} \leq 2,8$
ε_{cu1} , ‰	3,5										3,2	3,0	2,8	2,8	$f_{ck} \geq 50$ Мпа үшін 5.3-суретті қара $\varepsilon_{cu1} = 2,8 + 27[(98 - f_{cm})/100]^4$
ε_{c2} , ‰	2,0										2,2	2,3	2,5	2,6	$f_{ck} \geq 50$ Мпа үшін 5.4-суретті қара $\varepsilon_{c2} = 2,0 + 0,085 (f_{ck} - 50)^{0,53}$
ε_{cu2} , ‰	3,5										3,1	2,9	2,6	2,6	$f_{ck} \geq 50$ Мпа үшін 5.4-суретті қара $\varepsilon_{cu2} = 2,6 + 35[(90 - f_{ck})/100]^4$
n	2,0										1,75	1,6	1,4	1,4	$f_{ck} \geq 50$ Мпа үшін $n = 1,4 + 23,4[(90 - f_{ck})/100]^4$
ε_{c3} , ‰	1,75										1,8	1,9	2,2	2,3	$f_{ck} \geq 50$ Мпа үшін 5.5-суретті қара $\varepsilon_{c3} = 1,75 + 0,55 [(f_{ck} - 50)/40]$
ε_{cu3} , ‰	3,5										3,1	2,9	2,6	2,6	$f_{ck} \geq 50$ Мпа үшін 5.5-суретті қара $\varepsilon_{cu3} = 2,6 + 35[(90 - f_{ck})/100]^4$

Егер созылуға беріктік f_{ct} жарылу кезінде созылуға беріктік $f_{ct,sp}$ ретінде анықталатын болса, онда осьтік созылуға беріктіктің мәні f_{ct} келесілерге тәуелділігінен алынуы мүмкін

$$f_{ct} = 0,9 \times f_{ct,sp} \quad (5.4)$$

5.1.2.7 [3.1.2(9)] Уақытына қарай созылуға бетон беріктігінің жинағы сақтау шарттарына, сондай-ақ конструктивті элементтің өлшемдеріне ерекше қатты байланысты. Бірінші жуықтауда созылуға беріктікті келесідегідей қабылдауға болады

$$f_{ctm}(t) = [\beta_{cc}(t)]^\alpha \times f_{ctm}, \quad (5.5)$$

мұнда $\beta_{cc}(t)$ (5.2) өрнегінен шығады

$t < 28$ тәулік үшін $\alpha = 1$,

$t \geq 28$ тәулік үшін $\alpha = 2 / 3$. f_{ctm} үшін мәндер 5.1-кестеде келтірілген.

5.1.3 Серпінді деформациялар

5.1.3.1 Уақыты бойынша бетон серпінділігі модулінің өзгерісі келесі өрнектен анықтала алады

$$E_{cm}(t) = \left(\frac{f_{cm}(t)}{f_{cm}} \right)^{0.3} \times E_{cm} \quad (5.6)$$

мұнда $E_{cm}(t)$ және $f_{cm}(t)$ — сәйкесінше t тәулік мөлшеріндегі бетонның орташа беріктігі мен серпінділік модулінің мәндері;

E_{cm} және f_{cm} — 28 тәулік мерзіміндегі бетонның орташа беріктігі мен серпінділік модулінің мәндері. E_{cm} серпінділік модулі « $\sigma - \varepsilon$ » диаграммасының $0,4 f_{cm}$ тең болатын кернеу мәніне сәйкес келетін координаттың басы мен нүкте арқылы өтетін көлбеу қима бұрыштың тангенсіне сәйкес келеді. Эмпириялық тәуелділігі бойынша $E_{cm} = 9,5 \times (f_{ck} + 8)^{1/3} \times 10^3$ (МПа).

$f_{cm}(t)$ және f_{cm} арасындағы өзара байланыс (5.1) өрнегімен берілген.

Пуассон коэффициенті сызатсыз бетон үшін 0,2 және сызатты бетон үшін 0 шамасына тең болып қабылдана алады.

Егер әлдеқайда дәлірек ақпарат болмаса, температуралық кеңеюдің сызықтық коэффициенті $1 \times 10^{-5} K^{-1}$ тең болып қабылданады.

5.1-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Беріктік бойынша бетон класы C35/45, цементтің қолданылатын түрі СЕМ 42,5 N (қалыпты түрде қатаюшы, баламасы ПЦ 500-ДО). Тірекке кернелетін арматураның созылуы. Конструкцияның сығымдалуы оны пішіндегеннен кейін 7 күннен соң жүзеге асырылады.

Анықтау: 1 Уақыт бойынша бетонның серпінділігі модулінің өзгеруі.

2 7 күндік мерзімде сығымдалуға бетонның орташа беріктігі.

$t = 7$ күндік мерзімде бетонның сығымдалуға орташа беріктігін анықтаймыз

$$f_{cm}(t) = \beta_{cc}(t) \times f_{cm}$$

мұнда
$$\beta_{cc}(t) = \exp \left\{ s \left[1 - \left(\frac{28}{t} \right)^{\frac{1}{2}} \right] \right\} = \exp \left\{ 0,25 \left[1 - \left(\frac{28}{7} \right)^{\frac{1}{2}} \right] \right\} = 0,779$$

s — пайдаланылатын цементтің түріне байланысты қабылданатын коэффициент, 0,25 — СЕМ 42,5 N беріктік класындағы цемент үшін.

$f_{cm} = 43$ МПа — 5.1-Кестеге сәйкес.

7 күндік мерзімде конструкция бетонының орташа беріктігі құрайды:

$$f_{cm}(t) = 0,779 \times 43 = 33,5 \text{ МПа}$$

(5.6) сәйкес уақыт бойынша серпінділік модулінің өзгеруін анықтаймыз

$$E_{cm}(t) = \left(\frac{f_{cm}(t)}{f_{cm}} \right)^{0.3} \times E_{cm} = \left(\frac{33,5}{43} \right)^{0.3} \times 34 = 31,5 \text{ ГПа}$$

5.1.4 Жылжу және шөгу

5.1.4.1 Шөгуді екі құрамбөлікке бөлу қабылданған: химиялық (капиллярдағы беткі керілістің әсерінен аутогендік шөгінді және цементтің гидратациясы кезіндегі судың жоғалуы) және физикалық (буланған кезде атмосфераға бос ылғалдың жоғалуы).

Шөкпе деформацияның шамасы цементтің мөлшеріне, түріне және оның белсенділігіне, су-цемент қатынасына, қоршаған ортаның температуралық-ылғалдылық шарттарына, толтырғыштың ірілігіне және физикалық-механикалық қасиеттеріне, қоспалардың болуына байланысты.

5.1.4.2 Бетонның жылжығыштығы тұрақты кернеудің ұзақ уақыт әсер етуінен деформациялардың өсе беруіне, ал серпінділіктің бастапқы мәндерінің азаятындығына әкеледі. Жылжуды есепке алу алдын ала кернеуленген бетонда ерекше маңызды, өйткені жалғасып отырған ұзаққа созылған қысқарту сығымдалған кезде алдын ала кернеу күшінің азаюына әкеледі. Жылжығыштық сондай-ақ бірнеше кезеңде салынған көпірлер үшін елеулі, өйткені жылжудан болған ұзақ мерзімді деформациялар құрылыс жұмыстарының орындалу бірізділігін моделдеуден ғана келіп шығатын ішкі күштердің қайта бөлінісін туындатады (қолданыстағы конструкциялармен бірлесе жұмыс істеу үшін біріктірілген жалғамалы элементтерді немесе қосымша тақталарды пайдаланумен реконструкцияларды жобалау уақыт бойынша алыс кезең ретінде қарастырылуы мүмкін).

5.1.4.3 Жылжу, бетонның шөгуі секілді қоршаған ортаның салыстырмалы ылғалдылығына, конструктивті элементтің геометриялық өлшемдеріне және бетонның құрамына байланысты. Осы бөлімде қарастырылатын жылжу сипаттамалары қалыпты бетонға ғана қолданылады. Бетонның жылжуына сонымен қатар бастапқы жүктеме кезіндегі бастапқы беріктік, сонымен қатар жүктеу ұзақтығы мен жүктеме шамасы елеулі әсер көрсетеді. Кернеудің тұрақты деңгейінде жылжу деформациясы кейбір шекке ұмтылады. Жылжу деформациясы $t-t_0$ аралығында жылжудың дамуын ескеретін, бір

қалыпты өсетін функцияға және t_0 сәтіндегі бетонның жасына байланысты бірқалыпты азаятын функцияның туындысына сәйкес келетін қалыпқа есептеу моделі негізделеді. Жүктеменің әрбір қосымшасы үшін материал бірінші рет жүктелетін ретінде қарастырылатындығы шамаланады. Есептеулерде жылжу коэффициенті пайдаланылады $\varphi(t, t_0)$ – t уақыт сәтіндегі деформацияның t_0 уақыт мезетіндегі жүктемеден болған серпінді деформацияға қатынасы (әдетте құбылыстың физикалық мәнінен шығара келе, салыстырмалы деформациялар қолданылады, бұл деформациялардың абсолютты мәндері болуы мүмкін).

5.1.4.4 [3.1.4(2)] $\varphi(t, t_0)$ жылжу коэффициенті $1, 0 \mathbb{E}_{cm}$ тең болып қабылдануы мүмкін серпінділіктің жанасқан модулімен E_c байланысты, ол тең қабылдануы мүмкін. Егер ерекше дәлдік талап етілмесе, онда жылжудың шектік сипаттамасы ретінде $\varphi(\infty, t_0)$ бетон $t=t_0$ жүктемесінің түсуіне сәйкес келетін уақыт сәтінде $0,45f_{ck}(t_0)$ асатын сығымдаушы кернеуге ұшырамайтындығы шартында 5.1-Суретте келтірілген мән қабылдануы мүмкін.

5.1.4.5 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 3.1.4(3) және 3.1.4(4) сәйкес, $t=t_0$ кезінде түскен σ_c сығымдалудың тұрақты кернеуінде $t=\infty$ мерзімінде бетонның жылжу деформациясы $\varepsilon_{cc}(\infty, t_0)$ келесі өрнектен анықталады:

$$\varepsilon_{cc}(\infty, t_0) = \varphi(\infty, t_0) \times \frac{\sigma_c}{E_c} \quad (5.7)$$

t_0 мөлшерінде бетонның сығымдалу кернеуі $0,45f_{ck}(t_0)$ мәнінен асқанда, әдетте сызықтық емес жылжуды ескеру керек. Жылжудың сызықтық емес шартты коэффициенті келесі өрнектен анықталады

$$\varphi_{nl}(\infty, t_0) = \varphi(\infty, t_0) \times e^{(1,5 \times (k_\sigma - 0,45))} \quad (5.8)$$

$\varphi_{nl}(\infty, t_0)$ — $\varphi(\infty, t_0)$ орнына енгізілетін, жылжудың сызықтық емес шартты коэффициенті;

k_σ — «кернеу — беріктік» қатынасы, $k_\sigma = \sigma_c / f_{ck}(t_0)$, мұнда σ_c - сығымдалу кернеуі, ал $f_{ck}(t_0)$ - жүктеуге сәйкес келетін t_0 уақыт мезетіндегі бетонның сипаттамалық беріктігі.

[1]-ден алынған 5.2-кестеде k_σ шамасына байланысты (5.8) өрнекте $e^{(1,5 \times (k_\sigma - 0,45))}$ көбейткіштің мәндері келтірілген.

5.1.4.6 [3.1.4(5)] 5.1-суретте келтірілген мәндер қоршаған ортаның минус 40°C-тан плюс 40°C дейінгі температурасында және ауа ылғалдылығының RH=40% -дан RH=100% дейінгі орташа салыстырмалы ылғалдылығында жарамды.


5.1-суретте келесі таңбалар пайдаланылған:

$\varphi(\infty, t_0)$ — жылжу коэффициентінің шектік мәні;

t_0 , тәул


а) Ішкі шарттар -RH=50%

а) Внутренние условия - RH=50 %




б) Сыртқы шарттар -RH=80%

б) Наружные условия - RH=80 %



Номограммалар бойынша жылжу коэффициентінің шектік мәндерін анықтау кезіндегі әрекеттердің тәртібі

предельных значений коэффициента ползучести по номограммам



Ескертпе

- 1 4 және 5 сызықтарының қиылысу нүктесі сонымен қатар 1-нүктеден жоғары болуы мүмкін.
- 2 $t_0 > 100$ кезінде жарамды дәлдікпен $t_0 > 100$ қабылдауға болады (жанама сызықты пайдалануға болады).

5.1-сурет — Қоршаған ортаның қалыпты шарттарында бетон үшін жылжу коэффициентін анықтауға арналған номограммалар $\varphi(\infty, t_0)$

t_0 — жүктеу мезетіндегі бетонның жасы, тәуліктерде;

h_0 — $2A_c/u$ тең болатын келтірілген өлшем, онда A_c — бетонның көлденең қимасының ауданы;

u — құрғауға ұшырайтын көлденең қима ауданының осы бөлігінің периметрі;

S — 5.1.2.4 тармағы бойынша S класы

N — 5.1.2.4 тармағы бойынша N класы

R — 5.1.2.4 тармағы бойынша R класы

5.2-кесте – $e^{(1,5 \times (k_\sigma - 0,45))}$ көбейткіш мәні

k_σ	$e^{(1,5 \times (k_\sigma - 0,45))}$
0,5	1,078
0,6	1,252
0,7	1,455
0,8	1,690
0,9	1,964
1,0	2,282

ЕСКЕРТПЕ 5.1-Суретте номограммалар бойынша алынған $\phi(\infty, t_0)$ жылжу коэффициентінің шектік мәнін аз қозғалатын қатиы қоспаларда 0,7 және қозғалмалы қоспаларда 1,2 коэффициентіне көбейту керек (оңай төселу бойынша маркасын суперпластификаторды енгізгенге дейін анықтайды).

5.1.4.7 Шөгудің толық салыстырмалы деформациясы ε_{cs} екі құрамдас бөліктен тұрады: құрғау кезінде (ылғалдың булануы) шөгудің салыстырмалы деформациясы ε_{cd} және қатаю кезіндегі бетонның шөгуінен болатын салыстырмалы деформация ε_{ca} .

$$\varepsilon_{cs} = \varepsilon_{cd} + \varepsilon_{ca} \quad (5.9)$$

5.1.4.8 Ылғалдың булануымен шартталған шөгудің салыстырмалы деформациясының шектік мәні $\varepsilon_{cd,\infty} = k_h \times \varepsilon_{cd,0}$ тең. Салыстырмалы деформация мәні $\varepsilon_{cd,0}$

5.3-Кестеден қабылдануы мүмкін (түрлену коэффициентімен күтілетін орташа мәндер шамамен 30 %).

ЕСКЕРТПЕ $\varepsilon_{cd,0}$ анықтауға арналған формула А [В] Қосымшада келтірілген.

5.3 [3.2] Кесте— N класты СЕМ цементінде дайындалған бетон үшін құрғаумен (ылғалдың булануымен) шартталған $\varepsilon_{cd,0}$, ‰ шөгудің еркін салыстырмалы деформациясына арналған номиналды мәндер

$f_{ck} / f_{ck,cube}$ МПа	Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, %					
	20	40	60	80	90	100
20/25	0,62	0,58	0,49	0,30	0,17	0
40/50	0,48	0,46	0,38	0,24	0,13	0
60/75	0,38	0,36	0,30	0,19	0,10	0
80/95	0,30	0,28	0,24	0,15	0,08	0
90/105	0,27	0,25	0,21	0,13	0,07	0

Ылғалдың булануымен байланысты шөгудің салыстырмалы деформациясының шамасы келесі өрнектен анықталады

$$\varepsilon_{cd}(t) = \beta_{ds}(t, t_s) \times k_h \times \varepsilon_{cd,0}, \quad (5.10)$$

Мұнда k_h — h_0 қимасының келтірілген өлшеміне байланысты 5.4-Кесте бойынша қабылданған коэффициент.

5.4 [3.3] кесте — (5.10) өрнегіндегі k_h мәндері

h_0	k_h
100	1,0
200	0,85
300	0,75
≥ 500	0,70

$\beta_{ds}(t, t_s)$ Уақыт бойынша ылғалдың булануымен байланысты бетонның шөгуінің даму функциясы келесі өрнектен анықталады

$$\beta_{ds}(t, t_s) = \frac{(t - t_s)}{(t - t_s) + 0,04 \times \sqrt{h_0^3}}, \quad (5.11)$$

мұнда t — қарастырылып отырған кезеңдегі бетонның жасы, тәулік;

t_s — құрғап шөгудің (немесе ісінудің) басындағы бетонның жасы. Әдетте бұл бетонға күтім көрсету мерзімінің, тәулік, аяқталғанын көрсетеді;

h_0 — көлденең қиманың келтірілген өлшемі, мм, $h_0 = 2A_c / u$,

мұнда A_c — бетонның көлденең қимасының ауданы

u — құрғауға (ылғалдың булануына) ұшырайтын көлденең қима ауданы бөлігінің периметрі.

5.5-Кестеде келтірілген h_0 және $t-t_s$ байланысты $\beta_{ds}(t, t_s)$ функциясының мәндері [1]-ден алынған.

5.5-кесте – $t-t_s$ байланысты $\beta_{ds}(t, t_s)$ функция мәндері

h_0 , мм	$\beta_{ds}(t - t_s)$		
	30 күн	100 күн	1000 күн
100	0,428	0,714	0,962
200	0,209	0,469	0,898
300	0,126	0,325	0,828
400	0,086	0,238	0,757
≥ 500	0,063	0,183	0,691

5.1.4.9 Бетонның қатаюымен байланысты шөгудің салыстырмалы деформациясы келесі формула бойынша анықталады

$$\varepsilon_{ca}(t) = \beta_{as}(t) \times \varepsilon_{ca}(\infty), \quad (5.12)$$

$$\text{мұнда } \varepsilon_{ca}(\infty) = 2,5 \times (f_{ck} - 10) \times 10^{-6}, \quad (5.13)$$

$$\beta_{as}(t) = 1 - \exp(-0,2 \times t^{0.5}), \quad (5.14)$$

мұнда t тәуліктерде келтірілген.

[1]-ден алынған бетонның жасына t және f_{ck} сығымдалуға бетонның сипаттамалы цилиндрлік беріктігіне байланысты $\varepsilon_{ca}(t)$ шөгудің салыстырмалы деформациясының мәндері

5.6 –кесте - f_{ck} және t байланысты %-да $\varepsilon_{ca}(t) = \beta_{as}(t) \times \varepsilon_{ca}(\infty)$ қатаю кезіндегі шөгуден болған деформация мәндері


Шөгу	f_{ck} (МПа)										
	20	25	30	35	40	45	50	60	70	80	90
$\varepsilon_{ca}(t)$ (1000 күн)	0,025	0,038	0,050	0,063	0,075	0,088	0,100	0,125	0,150	0,175	0,200
$\varepsilon_{ca}(t)$ (100 күн)	0,022	0,033	0,043	0,054	0,065	0,075	0,086	0,108	0,129	0,151	0,172
$\varepsilon_{ca}(t)$ (30 күн)	0,017	0,025	0,033	0,042	0,050	0,056	0,067	0,083	0,100	0,116	0,133

5.2-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Алдын ала кернеуленген көпірлік арқалықтың көлденең қимасы 5.2-Суретте көрсетілген. N класты СЕМ цементіндегі C35/45 класты бетон. Арқалықтың көлденең қимасының ауданы $A_c = 4,2 \times 10^5 \text{ мм}^2$, көлденең қимасының периметрі $u = 4491 \text{ мм}$. Қоршаған ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% (RH=80%). Бетонның ылғалды сақталуының аяқталу сәтіндегі бетонның жасы (шөгудің басталуы) t_s және t_0 кернелетін арматурамен бетонды сығымдау күші $t_s = t_0 = 3$ күн болып қабылданған.

Анықтау: 1 $t = 30$ күн мерзімінде бетонның шөгуінің толық салыстырмалы деформациясы;

2 $t = 30$ күндік бетон жасында жылжу коэффициенті.



5.2-сурет – Арқалықтың көлденең қимасы

1 Бетонның толық салыстырмалы шөгу деформациясын анықтау

Бетонның толық салыстырмалы шөгу деформациясының параметрлері А Қосымшасына сәйкес анықталады.

Бетонның $t = 30$ күнді құрайтын жасында $\varepsilon_{cs}(t)$ толық салыстырмалы шөгу деформациясының шамасы келесі формула бойынша анықталады:

$$\varepsilon_{cs}(t) = \varepsilon_{cd}(t) + \varepsilon_{ca}(t).$$

$t = 30$ күнді құрайтын уақыт мезетінде құрғағанда бетонның салыстырмалы шөгу деформациясы келесілерге байланысты анықталады:

$$\varepsilon_{cd}(t) = \beta_{ds}(t, t_s) \times k_h \times \varepsilon_{cd,0},$$

мұнда $\beta_{ds}(t, t_s)$ - $t - t_s$ уақыт бойынша бетонның шөгудің даму функциясы.

Арқалықтың көлденең қимасының келтірілген өлшемінің шамасы h_0 келесі формула бойынша анықталады

$$h_0 = \frac{2 \times A_c}{u} = \frac{2 \times 4,2 \times 10^5}{4491} = 187,04 \text{ мм}$$

$$\beta_{ds}(t, t_s) = \frac{(t - t_s)}{(t - t_s) + 0,04 \times \sqrt{h_0^3}} = \frac{(30 - 3)}{(30 - 3) + 0,04 \times \sqrt{187,04^3}} = 0,21$$

Коэффициент k_h көлденең қиманың келтірілген өлшеміне h_0 байланысты 5.4-Кестесі бойынша қабылданады. $h_0 = 187,04$ болғанда коэффициент $k_h = 0,87$.

N класты СЕМ цементі бойынша дайындалған $\varepsilon_{cd,0}$ бетонның құрғауынан шөгудің салыстырмалы деформациясының негізгі (номиналды) мәні келесі формула бойынша анықталады

$$\varepsilon_{cd,0} = 0,85 \times \left[(220 + 110 \times \alpha_{ds1}) \times \exp\left(-\alpha_{ds2} \times \frac{f_{cm}}{f_{cm0}}\right) \right] \times 10^{-6} \times \beta_{RH},$$

$$\text{мұнда } \beta_{RH} = 1,55 \times \left[1 - \left(\frac{RH}{RH_0} \right)^3 \right];$$

мұнда $f_{cm} = 43$ МПа;

$f_{cm,0} = 10$ МПа;

$\alpha_{ds1} = 4$ - N класты цемент үшін;

$\alpha_{ds2} = 0,12$ - N класты цемент үшін;

$RH_0 = 100$ %.

$$\beta_{RH} = 1,55 \times \left[1 - \left(\frac{80}{100} \right)^3 \right] = 1,55 \times [1 - 0,8^3] = 0,756$$

$$\varepsilon_{cd,0} = 0,85 \times \left[(220 + 110 \times 4) \times \exp\left(-0,12 \times \frac{43}{10}\right) \right] \times 10^{-6} \times 0,756 = 243 \times 10^{-6}$$

$t = 30$ құрайтын уақыт мезетінде $\varepsilon_{cd}(t)$ құрғаған кездегі бетонның салыстырмалы шөгу деформациясы келесі мәнге ие

$$\varepsilon_{cd}(t) = 0,21 \times 0,87 \times 243 \times 10^{-6} = 44,4 \times 10^{-6}$$

N класты СЕМ цементінде әзірленген $\varepsilon_{cd,0}$ бетонның құрғауынан салыстырмалы шөгу деформациясының негізгі (номиналды) мәнін 5.3-Кесте бойынша қабылдауға болады. C35/45 бетонның класында және қоршаған ортаның 80% ылғалдылығында $\varepsilon_{cd,0} = 0,255 \times 10^{-3} = 255 \times 10^{-6}$. Есептік және кестелік мәндер арасындағы айырмашылық

$$\text{құрайды: } \frac{(255 - 243) \times 10^{-6}}{255 \times 10^{-6}} \times 100\% = 4,7\%.$$

$t = 30$ күн мерзімінде $\varepsilon_{ca}(t)$ қатаю кезінде бетонның салыстырмалы шөгу деформациясы келесілерге байланысты анықталады

$$\varepsilon_{ca}(t) = \beta_{as}(t) \times \varepsilon_{ca}(\infty),$$

мұнда $\varepsilon_{ca}(\infty) = 2,5 \times (f_{ck} - 10) \times 10^{-6}$ және

$$\beta_{as}(t) = 1 - \exp(-0,2 \times t^{0,5}),$$

мұнда t күн өлшемінде келтірілген.

$t = \infty$ кезіндегі уақыт үшін қатаю кезіндегі салыстырмалы шөгу деформациясының шектік шамасы құрайды:

$$\varepsilon_{ca}(\infty) = 2,5 \times (35 - 10) \times 10^{-6} = 62,5 \times 10^{-6}$$

$t = 30$ болғанда уақыт үшін $\beta_{as}(t)$ бетонның шөгуінің даму функциясын анықтаймыз

$$\beta_{as}(t) = 1 - \exp(-0,2 \times 30^{0,5}) = 1 - 0,333 = 0,666$$

$\varepsilon_{ca}(t)$ қатаю кезінде бетонның салыстырмалы шөгу деформациясы $t = 30$ күн болғанда құрайды:

$$\varepsilon_{ca}(t) = 0,666 \times 62,5 \times 10^{-6} = 41,6 \times 10^{-6}$$

$t = 30$ күн мерзімінде $\varepsilon_s(t)$ бетонның толық салыстырмалы шөгу деформациясының шамасы құрайды:

$$\varepsilon_{cs}(t) = \varepsilon_{cd}(t) + \varepsilon_{ca}(t) = 44,4 \times 10^{-6} + 41,6 \times 10^{-6} = 86,0 \times 10^{-6}$$

2 Жылжу коэффициентінің анықталуы

Бетонның жылжуының салыстырмалы деформацияларының параметрлері А Қосымшасына сәйкес анықталады.

$\varphi(t, t_0)$ жылжу коэффициенті келесі формула бойынша анықталады

$$\varphi(t, t_0) = \varphi_0 \times \beta_c(t, t_0),$$

мұнда φ_0 - жылжудың шартты коэффициенті.

$$\varphi_0 = \varphi_{RH} \times \beta(f_{cm}) \times \beta(t_0),$$

мұнда φ_{RH} - жылжудың шартты коэффициентіне ауаның салыстырмалы ылғалдылығының әсерін ескеретін коэффициент

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1 - \frac{RH}{100}}{0,1 \times \sqrt[3]{h_0}} \times \alpha_1 \right] \times \alpha_2 \quad f_{cm} > 35 \text{ МПа},$$

мұнда α_1, α_2 - бетон беріктігінің әсер ету коэффициенттері

$$\alpha_1 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{0,7} = \left[\frac{35}{43} \right]^{0,7} = 0,866$$

$$\alpha_2 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{0,2} = \left[\frac{35}{43} \right]^{0,2} = 0,960$$

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1 - \frac{80}{100}}{0,1 \times \sqrt[3]{187}} \times 0,866 \right] \times 0,960 = 1,25$$

Бетон беріктігінің жылжығыштықтың шартты коэффициентіне әсерін ескеретін $\beta(f_{cm})$ параметрін анықтаймыз

$$\beta(f_{cm}) = \frac{16,8}{\sqrt{f_{cm}}} = \frac{16,8}{\sqrt{43}} = 2,56$$

Бетон жасының оны кернелетін арматурамен қысқан кездегі шартты жылжу коэффициентіне φ_0 әсерін ескеретін $\beta(t_o)$ параметрін анықтаймыз

$$\beta(t_o) = \frac{1}{0,1 + t_o^{0,2}} = \frac{1}{0,1 + 3^{0,2}} = 0,743$$

Жылжудың шартты коэффициентінің шамасы келесі мәнге ие
 $\varphi_0 = 1,25 \times 2,56 \times 0,743 = 2,38$

Сығымдауды жүктегеннен кейін жылжудың дамуын сипаттайтын $\beta_c(t, t_0)$ параметрін анықтаймыз

$$\beta_c(t, t_0) = \left[\frac{(t - t_0)}{(\beta_u + t - t_0)} \right]^{0,3},$$

мұнда β_u - ауаның салыстырмалы ылғалдылығын (RH, %) және арқалықтың көлденең қимасының келтірілген өлшемін h_0 ескеретін коэффициент

$$\beta_u = 1,5 \times \left[1 + (0,012 \times RH)^{18} \right] \times h_0 + 250 \times \alpha_3 \leq 1500 \times \alpha_3, \quad f_{cm} > 35 \text{ МПа}$$

мұнда α_3 - бетон беріктігінің әсерін есепке алу коэффициенті

$$\alpha_3 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{0,5} = \left[\frac{35}{43} \right]^{0,5} = 0,902$$

$$f_{cm} > 35 \text{ МПа болғанда } \beta_u = 1,5 \times \left[1 + (0,012 \times 80)^{18} \right] \times 187,04 + 250 \times 0,902 = 640,7$$

$$\beta_u = 640,7 \leq 1500 \times \alpha_3 = 1500 \times 0,902 = 1380 \text{ Шарт қадағаланады}$$

$$\beta_c(t, t_0) = \left[\frac{(30 - 3)}{(640,7 + 30 - 3)} \right]^{0,3} = 0,392$$

Бетонның $t = 30$ күнді құрайтын жасында жылжу коэффициентінің мәні құрайды:
 $\varphi(t, t_0) = 2,38 \times 0,392 = 0,933$

5.1.5 Конструкциялардың сызықтық емес статикалық есебі үшін «кернеу – салыстырмалы деформация» тәуелділігі


5.1.5.1 Қысқа мерзімді осьтік жүктеу кезінде бетонның қасиеттерін сәйкес көрсететін жиынтықталған сипаттама ретінде 5.3-Суретте берілген күй (деформация) диаграммасы қабылданады. Сығымдалған бетонның кернеулері σ_c және салыстырмалы деформациялары ε_c арасындағы байланыс теңестірумен сипатталады

$$\frac{\sigma_c}{f_{cm}} = \frac{k \times \eta - \eta^2}{1 + (k - 2) \times \eta}, \quad (5.15)$$

мұнда $\eta = \frac{\varepsilon_c}{\varepsilon_{c1}}$ және ε_{c1} — 5.1-Кесте бойынша қабылданады;

$$k = 1,05 \times E_{cm} \times \frac{|\varepsilon_{c1}|}{f_{cm}} \quad (f_{cm} \text{ — 1-Кесте бойынша қабылданады}).$$

(5.15) формула бетонның салыстырмалы деформацияларының аралығында жарамды $0 < |\varepsilon_c| < |\varepsilon_{cu1}|$, мұнда ε_{cu1} — номиналды шектік салыстырмалы деформация.



5.3-сурет — Сығымдалудың осьтік қысқа мерзімді жүктелуі кезіндегі бетон күйінің диаграммасы

5.1.6 Сығымдалуға және созылуға бетон беріктігінің есептік мәндері

5.1.6.1 Сығымдалуға бетонның есептік беріктігі келесі өрнектен анықталады

$$f_{cd} = \alpha_{cc} \times f_{ck} / \gamma_c, \quad (5.16)$$

мұнда

γ_c — бетон үшін жеке қауіпсіздік коэффициенті қабылданады:

мұнда $\gamma_c = 1,5$ - тұрақты және өтпелі есептік жағдай үшін;

$\gamma_c = 1,2$ - апаттық есептік жағдай үшін.

α_{cc} – сығымдау кезінде бетонның беріктігіне ұзақ процестердің әсерін ескеретін коэффициент, сонымен қатар жүктеме түсіру тәсілімен байланысты жағымсыз әсерлер.

Көпірлер үшін α_{cc} ұсынылатын мән 0,85 құрайды және ол бүгілуге және осьтік сығымдалуға есептеулерде қолдану үшін арналған. α_{cc} коэффициенті f_{ck} шындық кернеуден кейін төмен түсетін тармақпен деформация-кернеу қисық сызығын шынайы әрекеті және қираған кезде деформацияға дейін шындық кернеуді сақтайтын мінсіз параболалық-тікбұрышты диаграмма арасындағы ішінара түзетуші коэффициент болуы мүмкін.

5.1.6.2 Көптеген зерттеулерге карамастан, осьтік созылуға арналған кернеу – деформация диаграммалары бірде-бір нормаға енгізілмеген. f_{ctd} созылуға есептік беріктік келесі формула бойынша анықталады

$$f_{ctd} = \alpha_{ct} \times f_{ctk,0,05} / \gamma_c, \quad (5.17)$$

мұнда γ_c – 5.1.6.1 тармақшаға сәйкес қабылданатын, бетонға арналған жеке қауіпсіздік коэффициенті;

α_{ct} – созылу кезінде бетонның беріктігіне ұзақ процестердің әсерін, сонымен қатар жүктеу тәсілімен байланысты қолайсыз әсерлерді ескеретін коэффициент.

Көпірлер үшін α_{ct} коэффициентінің мәнін 1,0 тең қабылдау ұсынылады. Бұл мән жылжуға есептеулерді жүргізу үшін және бетонның арматурамен ілінісуін анықтаған кезде (анкерлеу аймақтарының ұзындығын және айқастыру ұзындығын есептеу) сәйкес келеді.

5.1.7 Қималардың есебі үшін «кернеу – салыстырмалы деформация» тәуелділігі

5.1.7.1 Қималардың беріктігін есептеген кезде кернеу мен салыстырмалы деформация арасындағы тәуелділік пайдаланылуы мүмкін, бұл 5.4-суретте графикалық түрде көрсетілген (сығымдаудың салыстырмалы деформациялары оң болып қабылданды):


$$0 \leq \varepsilon_c \leq \varepsilon_{c2} \text{ үшін } \sigma_c = f_{cd} \times \left[1 - \left(1 - \frac{\varepsilon_c}{\varepsilon_{c2}} \right)^n \right] \quad (5.18)$$

$$\varepsilon_{c2} \leq \varepsilon_c \leq \varepsilon_{cu2} \text{ үшін } \sigma_c = f_{cd} \quad (5.19)$$

мұнда n — деңгей көрсеткіш (5.1-Кестені қараңыз);


ε_{c2} — 5.1-Кесте бойынша қабылданатын, бетонның максималды беріктігіндегі салыстырмалы деформация;

ε_{cu2} — 5.1-кесте бойынша қабылданатын шектік салыстырмады деформация.



5.4-сурет — Сығымдау кезінде бетон үшін күйдің параболалық – тікбұрышты диаграммасы

5.1.7.2 Қималардың беріктігін есептеген кезде 5-5-Суретте графикалық түрде көрсеткендей 5.1-Кесте бойынша қабылданатын ε_{c3} және ε_{cu3} салыстырмалы деформацияларының мәндерімен «кернеу – салыстырмалы деформация» билиниялық тәуелділігі қолданылуы мүмкін (сығымдау кернеулері және қысқартудың салыстырмалы деформациялары абсолюттық мәндер ретінде көрсетілген).



5.5-сурет — Сығымдау кезінде бетон үшін күйдің билиниялық диаграммасы

5.1.7.3 Қиманың тиімді сығымдалған аймағының биіктігі бойынша кернеулердің бөлінуі 5.6-Суретте көрсетілгендей біркелкі қабылдануы мүмкін. Қиманың сығымдалған аймағының тиімді биіктігін анықтаған кездегі λ коэффициентінің және тиімді беріктікті анықтаған кездегі η коэффициентінің мәндері келесідей қабылданады:


$$\lambda = 0,8 \quad f_{ck} \leq 50 \text{ МПа үшін,} \quad (5.20)$$

$$\lambda = 0,8 - \frac{f_{ck} - 50}{400} \quad 50 < f_{ck} \leq 90 \text{ МПа үшін} \quad (5.21)$$

және

$$\eta = 1,0 \quad f_{ck} \leq 50 \text{ МПа үшін,} \quad (5.22)$$

$$\eta = 1,0 - \frac{f_{ck} - 50}{200} \quad 50 < f_{ck} \leq 90 \text{ МПа үшін} \quad (5.23)$$



5.6-сурет — Қиманың тиімді сығымдалған аймағының биіктігі бойынша кернеулердің біркелкі бөлінуі

ЕСКЕРТПЕ Егер қиманың сығымдалған аймағының ені қиманың әлдеқайда сығымдалған шетіне қарай бағытпен азаятын болса, онда $\eta \times f_{cd}$ мәнін 10 %-ға азайту керек.

ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011 жалпы, сызықтық емес талдау үшін және көлденең қималарды тексеруде пайдалану үшін кернеу мен деформация арасындағы арақатынастар үшін талаптар арасында ажыратуды жүргізеді. Біріншілері 5.1.5 –те қарастырылады.

Көлденең қималарды тексеру үшін 5.1.7.1, 5.1.7.2 және 5.1.7.3 келтірілген диаграммалар пайдаланылуы мүмкін. Олар критикалық шектік күйлерді тексеру үшін сәйкес келеді (ULS).

[2] –ден алынған 5.7-кестеде қиманың сығымдалған аймағында кернеулер эпюраларының әртүрлі пішіндері және олардың ауырлық орталығының қалпы β үшін $\alpha_{cc} = 0,85$ және $\gamma_c = 1,5$ кезіндегі орташа кернеулердің мәндері f_{av} келтірілген.

5,7-Кестеде келтірілген f_{av} және β параметрлері келесі өрнектерден анықталған:

Кернеулердің параболалық-тікбұрышты диаграммасы:

$$f_{av} = f_{cd} \times \left(1 - \frac{1}{n+1} \times \frac{\varepsilon_{c2}}{\varepsilon_{cu2}} \right) \quad (5.24)$$

$$\beta = 1 - \frac{\frac{\varepsilon_{cu2}^2}{2} - \frac{\varepsilon_{c2}^2}{(n+1)(n+2)}}{\varepsilon_{cu2}^2 - \frac{\varepsilon_{cu2} \times \varepsilon_{c2}}{n+1}} \quad (5.25)$$

5.7-кесте – $\alpha_{cc} = 0,85$ үшін орташа кернеулерді салыстыру

Бетон класы	Параболалық - тікбұрышты		Билиниялық		Жеңілдетілген тікбұрышты	
	$f_{av}, \text{МПа}$	β	$f_{av}, \text{МПа}$	β	$f_{av}, \text{МПа}$	β
C30/37	13,762	0,416	12,750	0,389	13,600	0,400
C35/45	16,056	0,416	14,875	0,389	15,867	0,400
C40/50	18,349	0,416	17,000	0,389	18,133	0,400
C45/55	20,643	0,416	19,125	0,389	20,400	0,400
C50/60	22,937	0,416	21,250	0,389	22,667	0,400
C55/67	23,194	0,393	22,098	0,374	23,930	0,390
C60/75	23,582	0,377	22,872	0,363	25,033	0,390

Кернеулердің билиниялық эпюрасы:

$$f_{av} = f_{cd} \times \left(1 - 0,5 \times \frac{\varepsilon_{c3}}{\varepsilon_{cu3}} \right) \quad (5.26)$$

$$\beta = 1 - \frac{\frac{\varepsilon_{cu3}^2}{2} - \frac{\varepsilon_{c3}^2}{6}}{\varepsilon_{cu3}^2 - \frac{\varepsilon_{cu3} \times \varepsilon_{c3}}{2}} \quad (5.27)$$

Кернеулердің жеңілдетілген тікбұрышты эпюрасы:

$$f_{av} = \lambda \times \eta \times f_{cd} \quad (5.28)$$

$$\beta = \lambda/2 \quad (5.29)$$

5.1.8 Көп осьті сығымдау кезіндегі бетон

5.1.8.1 Бетонның көп осьті сығымдалуы кезінде әлдеқайда жоғары беріктікке және салыстырмалы деформациялардың әлдеқайда жоғары шектік мәндеріне қол жеткізіледі. Жобалау кезінде материалдың басқа негізгі сипаттамалары өзгеріссіз ретінде қарастырылуы мүмкін.

5.1.8.2 [3.1.9.(2)] Егер әлдеқайда дәл деректер болмаса, онда кернеу мен салыстырмалы деформация арасындағы тәуелділік пайдаланылуы мүмкін, бұл графикалық тұрғыда беріктіктің және салыстырмалы деформациялардың жоғары мәндерімен 5.7-Суретте көрсетілген (салыстырмалы деформациялар оң ретінде келтірілген):


$$\sigma_2 \leq 0,05 f_{ck} \text{ үшін } f_{ck,c} = f_{ck} \times \left(1,000 + 5,0 \times \frac{\sigma_2}{f_{ck}} \right), \quad (5.30)$$

$$\sigma_2 > 0,05 f_{ck} \text{ үшін } f_{ck,c} = f_{ck} \times \left(1,125 + 2,5 \times \frac{\sigma_2}{f_{ck}} \right), \quad (5.31)$$

$$\varepsilon_{c2,c} = \varepsilon_{c2} \times \left(\frac{f_{ck,c}}{f_{ck}} \right)^2, \quad (5.32)$$

$$\varepsilon_{cu2,c} = \varepsilon_{cu2} + 0,2 \times \frac{\sigma_2}{f_{ck}}, \quad (5.33)$$

мұнда $\sigma_2 (= \sigma_3)$ көлденең деформацияларды шектеу (мысалы, арматурамен жанама күшейтумен) нәтижесінде көтергіш қабілет бойынша шектік күйде сығымдаудың тиімді көлденең кернеулері болып табылады, ал салыстырмалы деформациялардың ε_{c2} және ε_{cu2} мәндерін 5.1-Кесте бойынша қабылдау керек. Көп осьті сығымдау тұйық қамыттарды немесе көлденең байланыстарды орнату арқылы құрылуы мүмкін, олар бетонның көлденең кеңеюі нәтижесінде иілімділікке қол жеткізеді.



A — сығымдау кезінде көп осьті кернеу болмайды

5.7-сурет — Көп осьті сығымдау кезінде кернеу мен салыстырмалы деформация арасындағы тәуелділік (көлденең деформацияларды шектеумен бетон)

5.1.8.3 Темірбетон элемент үш осьті кернеу күйінде болған жағдайларда сығымдау кезінде беріктіктің және ең үлкен жол берілетін деформацияның шектік шамаларының ұлғаюына рұқсат етіледі. Осындай сығымдау қамыттармен алдын ала кернеудің көмегімен қол жеткізілуі мүмкін. Бұл қамыттарды ұсынылатын орнату бетонның мерзімінен бұрын бұзылуынсыз сығымдауға әкелетіндігінің сынақ нәтижелерімен растау кезінде мүмкін болады. Жалпы жағдайда, бұл ереже бүгілуге және бойлық күшке есептеулер үшін пайдаланылмайды.

5.2 Арматуралық болат

5.2.1 Арматураға қойылатын талаптар

5.2.1.1 Арматураның негізгі беріктік көрсеткіші созылуға беріктігі бойынша арматураның класы болып табылады. Арматураның класы мемлекеттік стандарттардың талаптарына немесе арматураға техникалық шарттарға сәйкес орнатылатын аққыштықтың физикалық немесе шартты шегінің кепілденген (жарамсыздыққа шығарылатын) мәніне жауап береді.

5.2.1.2 Аққыштық шегі бойынша сипаттамалардан басқа, арматураның әрбір класына сонымен қатар ажырауға уақытша кедергі және ажыраудан кейін салыстырмалы біркелкі ұзарту мәндері сәйкес келеді.

5.2.1.3 Одан басқа, арматураға тиісті стандарттар бойынша анықталатын, қосымша сапа көрсеткіштері бойынша талаптар қойылады:


- дәнекерленуі;
- тоттануға төзімділік;
- иілімділік;
- релаксациялық тұрақтылық;
- тозуға беріктігі;
- суыққа төзімділігі.

5.2.1.4 Көпірлердің темірбетон конструкцияларын жобалау кезінде арматура сапасының қосымша көрсеткіштерін есептеулердің талаптарына, пайдалану шарттарына және қоршаған ортаның әртүрлі әсерлеріне сәйкес орнатады .

5.2.2 Икемділік (өзгергіштік) сипаттамалары

5.2.2.1 Арматура аққыштық шегіне созылуға беріктіктің қатынасымен $(f_t / f_y)_k$ және максималды жүктеме ε_{uk} кезінде салыстырмалы ұзарумен анықталатын жеткілікті түрдегі өзгергіштікке ие болуы тиіс.

5.8-Суретте ыстықтай тапталған және суықтай тартылған болаттар үшін «кернеу – салыстырмалы деформация» деформациялау диаграммалары келтірілген.



5.8-Сурет — Арматуралық болаттарға арналған күйдің диаграммалары:
а — ыстықтай тапталған болат үшін; б — суық тартылған болат үшін

ЕСКЕРТПЕ Арматуралық болат үшін үш беріктік класы (А, В және С) ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 С Қосымшасында келтірілген. Сонда $k = (f_t / f_y)_k$ қатынасының және ε_{uk} шектік салыстырмалы деформацияларының мәндері келтірілген. Ұсынылатын кластар – В және С.

С Қосымшасында мазмұндалған арматуралық болаттардың икемділігіне қойылатын талаптар 5.8-Кестеде келтірілген.

5.8-кесте – Арматуралық өзектер және сымдар үшін икемділік кластары

Арматуралық болат класы	Күштің максималды мәніндегі сипаттамалық салыстырмалы деформация, ε_{uk}	Минималды мән $k = (f_t / f_y)_k$
A	$\geq 2,5\%$	$\geq 1,05$
B	$\geq 5\%$	$\geq 1,08$
C	$\geq 7,5\%$	$\geq 1,15 < 1,35$


5.2.3 Есептік алғышарттар

5.2.3.1 Конструкцияда арматураның қажетті мөлшері тән қималарды есептеумен немесе конструктивті түрде орнатылады.

5.2.3.2 [3.2.7(2)] Есептеу сипаттамалық мәндер бойынша анықталған есептік кедергілердің және арматураның көлденең қимасының номиналды ауданы мәндерінің негізінде орындалуы тиіс. Әдеттегі жобалау кезінде келесі жорамалдардың бірі қабылдануы мүмкін (5.9-сурет):

а) деформация диаграммасы ε_{ud} шектік салыстырмалы деформациямен және ε_{uk} кезінде $k \times f_{yk} / \gamma_s$ максималды кернеумен жоғарғы көлбеу тармаққа ие, мұнда $k = (f_t / f_y)_k$;

б) деформация диаграммасы шектік салыстырмалы деформацияны шектеусіз көлденең жоғарғы тармаққа ие.



5.9-сурет — Арматура күйінің мінсіз (А) және есептік (В) диаграммалары (созуға және сығымдауға арналған)

Жорамалы кезінде шектік салыстырмалы деформацияның ұсынылатын мәні $0,9\varepsilon_{uk}$ тең болып қабылдануы мүмкін.

$k = (f_t / f_y)_k$ мәні 5.8-Кестеге сәйкес қабылдануы мүмкін.

Арматуралық болат тығыздығының орташа мәні 7850 кг/м^3 шамасына тең қабылдануы мүмкін. E_s серпінділік модулінің есептік мәні 200 ГПа тең қабылдануы мүмкін.

5.3 Алдын ала кернеуленген болат

5.3.1 Қасиеттері

5.3.1.1 Кернелетін арматураның әрбір жеткізілетін партиясы 5.3.1.2 тармақшаның (а)÷(г) келтірілген белгілерді бірімдес анықтау үшін қажетті барлық ақпараттан тұратын сәйкестік сертификатымен ілестірілуі тиіс. Кернелетін арматураға сәйкестік сертификатына қосымша ретінде өндірушімен өндірістік деректерге негізделген «кернеу – салыстырмалы деформация» диаграммалары берілуі тиіс.

5.3.1.2 [3.3.2(2)P] Кернеуші элементтер (сымдар, арқандар және өзектер) келесі түрде жіктелуі тиіс:

а) $0,1\%$ ($f_{p0,1k}$) қалдық ұзартылуында аққыштықтың шартты шегінің мәнімен және ($f_{pk} / f_{p0,1k}$) созылуға беріктіктің аққыштықтың шартты шегіне қатынасының мәнімен, сонымен қатар (ε_{uk}) максималды жүктеу кезіндегі ұзартумен анықталатын беріктік;

б) релаксациялық әрекет бойынша класс;

в) өлшемі;

г) үстіңгі бет қасиеттері.

5.3.1.3 Көпірлердің темірбетон конструкцияларында кернелетін арматура үшін релаксацияның үш түрі анықталған:

а) Класс 1: сым немесе арқан — қалыпты (әдеттегі) релаксация;

б) Класс 2: сым немесе арқан — төмен релаксация;

в) Класс 3: ыстықтай тапталған немесе жетілдірілген өзектер.

ЕСКЕРТПЕ СТ ҚР EN 10138 —да Класс 1 қарастырылмайды.

5.3.1.4 [3.3.2(5)] Кернелетін болаттағы релаксациядан келетін шығынды есептеу әдетте 20°C орташа температурасында созылған сәтінен 1000 сағаттан соң ρ_{1000} — релаксациядан келген шығын, (%), мәнінің негізінде жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТПЕ ρ_{1000} мәні бастапқы кернеудің пайыздық үлесі ретінде келтіріледі және $0,7f_p$ тең болатын бастапқы кернеу үшін анықталған, мұнда f_p кернелетін болат үлгілерінің созылуына беріктіктің іс жүзіндегі шегі болып табылады. Жобалау кезінде f_{pk} созылуға беріктіктің

сипаттамалық шегі қолданылады және бұл мән кейінгі формулаларда ескерілген. ρ_{1000} үшін мәндер 5.9-Кестеде келтірілген деректерге тең болып қабылдануы мүмкін.

5.9-кесте – Кернелетін арматура үшін релаксация кластары

Класс	Кернелетін арматураның түрі	ρ_{1000} , 20 ⁰ С кезінде 1000 сағат ішінде релаксациядан келген шығындар
1	Сым немесе арқан — қалыпты (әдеттегі) релаксация	8,0 %
2	Сым немесе арқан — төмен релаксация	2,5 %
3	Ыстықтай тапталған немесе жетілдірілген өзектер	4 %

5.3.1.5 Релаксациядан болған шығындар (5.34÷5.36) Формулалары бойынша анықталатын бастапқы алдын ала кернеумен салыстыру бойынша кернеулер өзгерісінің пайыздық үлесі ретінде немесе арматура өндірушісінің сертификаттарынан қабылдануы мүмкін. (5.34) және (5.35) формулалары сәйкесінше қалыпты және төмен релаксациямен сымдар және арқандар үшін қолданылуы мүмкін, ал (5.36) формуласы ыстықтай тапталған және жетілдірілген өзектер үшін қолданылуы мүмкін

$$\text{Класс 1} \quad \frac{\Delta\sigma_{pr}}{\sigma_{pi}} = 5,39 \times \rho_{1000} \times e^{6,7\mu} \times \left(\frac{t}{1000}\right)^{0,75(1-\mu)} \times 10^{-5}, \quad (5.34)$$

$$\text{Класс 2} \quad \frac{\Delta\sigma_{pr}}{\sigma_{pi}} = 0,66 \times \rho_{1000} \times e^{9,1\mu} \times \left(\frac{t}{1000}\right)^{0,75(1-\mu)} \times 10^{-5}, \quad (5.35)$$

$$\text{Класс 3} \quad \frac{\Delta\sigma_{pr}}{\sigma_{pi}} = 1,98 \times \rho_{1000} \times e^{8,0\mu} \times \left(\frac{t}{1000}\right)^{0,75(1-\mu)} \times 10^{-5}, \quad (5.36)$$

мұнда $\Delta\sigma_{pr}$ — релаксация нәтижесінде алдын ала кернеу шығындарының абсолютты мәні;

σ_{pi} — қатқан бетонға арматураны керген кезде бастапқы кернеудің абсолютты мәні $\sigma_{pi} = \sigma_{pm0}$ (7.4.1.4 қараңыз); σ_{pi} — стендтің тірегіне арматураны керген кезде керу барысында туындайтын тікелей шығындарды шегерумен арматурадағы созылудың максималды кернеуіне тең, (7.4.2.1 (а) қараңыз);

t — создан кейінгі уақыт, сағат;

$$\mu = \sigma_{pi} / f_{pk},$$

мұнда f_{pk} — кернелетін болаттың керілуі кезінде беріктік шегінің сипаттамалық мәні;

ρ_{1000} — релаксациялық шығын мәні, %, 20 °С орташа температурада керілу сәтінен кейін 1000 сағат ішінде.

Релаксациядан болған шығындар уақыттың өтуімен кернеу деңгейлерінің ауытқуына сезімтал және сондықтан бір уақытта конструкцияда орын алатын (жылжу секілді), уақытқа тәуелді шығын басқа шығындарды назарға алу арқылы азайтылуы мүмкін. Осындай шарттарда релаксацияға шығындардың азаюын анықтау әдісі СН ҚР EN 1992-1-1:2004/2011 D Қосымшасында келтірілген.

5.3-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Арқалықтарды стенділік дайындау. Қолданылатын кернелетін элементтер - 12 арқан Ø15,2мм, 1 арқанның ауданы - 139 мм². Арқандардың жалпы ауданы $A_p = 12 \times 139 = 1668 \text{ мм}^2$. Арқандардың класы 2.

$\rho_{1000} = 2,5\%$ – баяу релаксацияланатын арқандар үшін.

$\sigma_{pi} = 1365,55 \text{ МПа}$ – бірінші шығындарды ескерумен арқандағы орташа кернеу .

$t = 500000$ сағат (шамамен 57 жыл).

$f_{pk} = 1860 \text{ МПа}$ – кернелетін болаттың керілуі кезінде беріктік шегінің сипаттамалық мәні.

Анықтау: кернеулердің релаксациясынан келген шығын.

Шешім: (5.35) өрнегінен 2 класқа сәйкес келетін, баяу релаксиялаушы арқандар үшін кернеулердің релаксациясынан келетін шығындарды анықтаймыз:

$$\frac{\Delta \sigma_{pr}}{\sigma_{pi}} = 0,66 \times \rho_{1000} \times e^{9,1\mu} \times \left(\frac{t}{1000} \right)^{0,75(1-\mu)} \times 10^{-5}.$$

$$\mu = \frac{\sigma_{pi}}{f_{pk}} = \frac{1365,55}{1860} = 0,73$$


$$\frac{\Delta \sigma_{pr}}{\sigma_{pi}} = 0,66 \times 2,5 \times e^{9,1 \times 0,73} \times \left(\frac{500000}{1000} \right)^{0,75(1-0,73)} \times 10^{-5} = 0,045 = 4,5\%$$

Жиынтық релаксация 4,5% құрайды.

5.3.2 Беріктік

5.3.2.1 Алдын ала кернеу үшін пайдаланылатын беріктігі жоғары болаттар аққыштықтың айқын көрінетін алаңқайына ие емес және сондықтан аққыштықтың шартты шегімен сипатталады. Аққыштықтың шартты шегі – бұл жүктеме алынғанда %-да қалдық деформация әрекет ететін кернеу. 0,1%, $f_{p0.1k}$ -дағы қалдық деформация кезіндегі аққыштықтың шартты шегі көлденең қиманың номиналды ауданына бөлінген жүктеменің сипаттамалық мәні ретінде анықталады (5.10-сурет).

5.3.2.2 f_{pk} ажырауға беріктік мәні осьтік керілу кезінде сипаттамалық шектік жүктемені көлденең қиманың номиналды ауданына бөлу арқылы алынады. ҚР СТ EN 10138-3 –да арматуралық арқандар үшін $f_{p0.1k}$ әдетте 86% f_{pk} құрайды. Көп деңгейде арақатынас сымдар және өзекті арматура үшін ерекшеленеді.



5.10-сурет — Кернелетін арматура үшін күй диаграммасы

5.3.3 Есептік алғышарттар

5.3.3.1 [3.3.6(1)P-3.3.6(3)] Статикалық есепті кернеуші элементтер және $f_{p0,1k}$, f_{pk} және ε_{uk} кедергілерінің сипаттамалық мәндері үшін көлденең қиманың номиналды ауданының негізінде жүргізу керек.

E_p серпінділік модулінің есептік мәні сымдар мен өзектер үшін 205 ГПа тең болып қабылдануы мүмкін. Өндіру тәсіліне байланысты іс жүзіндегі мән 195-тен 210 ГПа дейінгі шектерде болуы мүмкін. Жеткізілетін партияға ілестірме құжаттарға серпінділік модулінің іс жүзіндегі мәнін көрсететін сертификат қосылуы тиіс.

E_p серпінділік модулінің есептік мәні арқандар үшін 195 ГПа тең болып қабылдануы мүмкін. Өндірістің тәсіліне байланысты серпінділік модулінің іс жүзіндегі мәні 185-тен 205 ГПа дейінгі аралықта болуы мүмкін. Жеткізілетін партияға ілестірме құжаттарға серпінділік модулінің іс жүзіндегі мәнін көрсететін сертификат қосылуы тиіс.


5.3.3.2 Жобалау кезінде кернелетін арматураның орташа тығыздығын 7850 кг/м³ тең етіп қабылдауға болады. Кернелетін арматура үшін температуралардың аралығы минус 40 °С-тан плюс 100 °С дейінгі аралықта қабылданады.

f_{pd} болаттың есептік кедергісін $f_{p0,1k} / \gamma_s$ қатынасы ретінде қабылдау керек. (5.11-суретті қараңыз).

Элементтердің көлденең қималарының беріктігін есептеген кезде келесі болжамдардың бірі қабылдануы мүмкін (5.11-суретті қараңыз):

- күйдің диаграммасы ε_{ud} шектік салыстырмалы деформациямен көлбеу тармаққа ие;
- диаграмма салыстырмалы деформацияларды шектеусіз көлденең жоғарғы тармаққа ие.

Ұлттық қосымшаға сәйкес келесі мәндер ұсынылады: $\varepsilon_{ud} = 0,02$ және $f_{p0,1k} / f_{pk} = 0,9$.



5.11-сурет — Кернелетін болат үшін күйдің мінсіз (А) және есептік (В) диаграммалары

6 ТӨЗІМДІЛІГІ ЖӘНЕ АРМАТУРАҒА АРНАЛҒАН ҚОРҒАНЫС ҚАБАТЫ

6.1 Қоршаған ортаның шарттары

6.1.1. Бетон және темірбетон конструкциялар тұратын қоршаған ортаның шарттары — бұл конструкциялар болатын химиялық және физикалық шарттар, олар механикалық әсерлерге қосымша жүреді.

6.1.2 Қоршаған орта әсерлерінің шарттары және олардың жіктемесі ҚР СТ EN 206-1-2011 негізделген 6.1-кестеде келтірілген.

6.1.3 6.1-Кестеде келтірілген қоршаған орта шарттарына қосымша келесілерді қосқанда, агрессивті немесе жанама әсерлердің белгілі бір түрлері ескерілуі тиіс:

а) келесілерден туындаған химиялық тоттану:

- қышқылдардың немесе сульфатты тұздардың ерітінділерімен (ҚР СТ EN 206-1-2011 қар.);
- бетондағы хлоридтермен (ҚР СТ EN 206-1-2011 қар.);
- күйдіргіш сілтінің және толтырғыштың реакцияларымен (ҚР СТ EN 206-1-2011 қар.).

б) келесілерден туындаған физикалық әсер:

- температуралық ауытқу;
- тозу (қажалу) (6.2.2.11 тармақшаны қар.);
- судың енуі (ҚР СТ EN 206-1-2011 қар.).

6.1.4 Темірбетон конструкциялардың қирау себептерінің ішінде кеңінен тарағаны арматураның тоттануы болып табылады. Хлоридтердің енуі жағымсыз фактор болып қызмет етеді. Қалыпты шарттарда бетонның сілтілігі жоғары ортасы метал бұйымдарды тоттанудан сақтайды. Қоршаған бетонның сілтілігі жеткілікті түрде жоғары болса да, хлоридтер бұл құбылысты жоққа шығаруы мүмкін. Бұл нашарлау әдетте, жергілікті орын алады, болат элементтердің жергілікті тоттануына әкеледі.

6.1 [4.1] кесте — Қоршаған ортаның әсер ету кластары

Класс	Қоршаған ортаның сипаттамасы	Мысалдар, болуы
1 Тоттану немесе жағымсыз әсер тәуекелінің болмауы		
X0	Арматурасыз немесе бітелген металсыз бетон үшін; мұздату-еріту, тозу (қажалу) немесе химиялық әсер ету қоспағанда, барлық шарттар. Арматурамен немесе бітелген металмен бетон үшін: өте құрғақ	Ауаның өте төмен ылғалдылығымен ғимараттардың ішіндегі бетон (ылғалдылығы реттелетін эстакада асты кеңістіктегі жылытылатын орын-жай, мысалы, мұрағаттық)
2 Карбондаумен туындайтын тоттану		
XC1	Құрғақ немесе тұрақты түрде ылғалды	Ауаның төмен ылғалдылығымен ғимараттардың ішіндегі бетон (эстакада асты кеңістіктегі жылытылатын орын-жайлар) Суға ұдайы батып тұратын бетон
XC2	Ылғалды, құрғақ болатын кездер сирек	Ұзақ уақыт су тиетін бетон беттері Іргетастардың көпшілігі
XC3	Орташа ылғалдылық	Ауаның орташа немесе жоғары ылғалдылығымен орын-жайлардағы бетон (қорап түріндегі тіреулердің ішкі қабырғалары) Жаңбырдан қорғалған, ашық ауадағы бетон Көпірлердің аралық құрылымын қосқанда, гидроокшаулаумен қорғалған бетон беттері
XC4	Ылғалдың және құрғақтың алмасып отыруы	XC2 әсерлерінің класымен қарастырылмаған, сумен түйісетін бетон беттері
3 Хлоридтерден туындаған тоттану		
XD1	Орташа ылғалдылық	Хлоридтерден тұратын, ауадағы, бетон беттері
XD2	Ылғалды, құрғақ болуы сирек	Жүзу бассейндері. Хлоридтерден тұратын техникалық сулардың әсеріне ұшырайтын бетоннан жасалған бұйымдар
XD3	Ылғалдың және құрғақтың алмасып отыруы	Хлоридтерден тұратын судың әсеріне ұшырайтын көпірлердің бөліктері. Тротуарлар Паркингтердің тақталары
XS1	Жел әкелген тұздың әсері, бірақ теңіз суымен тікелей түйіспеу	Жағалауда немесе соған жақын орналасқан құрылыстар

6.1 [4.1] –кесте — Қоршаған ортаның әсер ету кластары (жалғасы)

Класс	Қоршаған ортаның сипаттамасы	Мысалдар, болуы
4 Теңіз суының хлоридтерінен туындаған тоттану		
XS2	Теңіз суының астында тұрақты әсер	Теңіздік құрылыстардың бөліктері
XS3	Судың көтерілу және қайту аймақтарының, шашырандылардың және суарудың әсері	Теңіздік құрылыстардың бөліктері
5 Алмакезек мұздау және еру әсері		
XF1	Мұздануға қарсы құрамдар жоқ сумен орташа қанығу	Жаңбырдың және мұздаудың әсеріне ұшырайтын бетонның тік беттері
XF2	Мұздануға қарсы құрамдар бар сумен орташа қанығу	Мұздануға қарсы құрамдардың әсеріне және мұздауға ұшыраған жол конструкциялары бетонының тік беттері
XF3	Мұздануға қарсы құрамдар жоқ сумен жоғары қанығу	Жаңбырдың және мұздаудың әсеріне ұшыраған бетонның көлденең беттері
XF4	Мұздануға қарсы құрамдар бар сумен немесе теңіз суымен жоғары қанығушылық	Мұздануға қарсы құрамдармен өңдеуге ұшыратылған жол және көпір тақашалары. Мұздануға қарсы құрамдардан тұратын судың тікелей әсеріне және мұздауға ұшыратылған бетон беттер. Мұздауға ұшыратылатын шашыранды аймағындағы теңіздік құрылыстар
6 Химиялық әсер		
XA1	ҚР СТ EN 206-1-2011, 2-кестеге сәйкес әлсіз агрессивті химиялық орта	Табиғи топырақ және жерасты сулары
XA2	ҚР СТ EN 206-1-2011, 2-кестеге сәйкес орташа агрессивті химиялық орта	Табиғи топырақ және жерасты сулары
XA3	ҚР СТ EN 206-1-2011, 2-Кестеге сәйкес күшті агрессивті химиялық орта	Табиғи топырақ және жерасты сулары

Хлоридтердің көздері ретінде әртүрлі заттар, соның ішінде жолдарға себілетін мұздануға қарсы құрамдар және теңіз суы (қоршаған теңіз ортасында) қызмет етуі мүмкін. Хлоридтердің бетонға ену жылдамдығы негізінен бетонның құрылымына және сапасына байланысты және диффузиялық үдерістердің тәуелділіктерімен сипаттала алады.

6.1.5 Бетонның сілтілігі көмірқышқыл газдың әсерінен төмендетілуі мүмкін. Үдеріс бетонның бетінде басталады және уақыт өте келе біртіндеп бетонға еніп, бетондағы сілтілі ортаны төмендетуге әкеледі. Егер карбондау үдерісі арматураның деңгейіне жететін болса, арматураның табиғи қорғалуы жоғалуы мүмкін.

6.1.6 Жобалау кезінде судың көпірлік полотнодан қуыс конструкциялардың ішіне ену мүмкіндігін ескеру қажет.

Гидроокшаулаумен қорғалатын бетон беттер үшін сыртқы әсердің ұсынылатын класы ХС3 болып қабылданады.

ЕСКЕРТПЕ Бетонның құрамы арматураның қорғалуын, сонымен қатар бетонның әсерлерге кедергісін анықтайды. ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011 Е Қосымшасында қоршаған ортаның белгілі бір шарттары үшін сығымдалуға бетонның беріктігінің индикативті кластары көрсетілген. Егер бұл күшпен әсер етуге есептеулер бойынша қажеттен сығымдалуға әлдеқайда жоғары беріктік класына әкелетін болса, онда осындай жағдайларда арматураның минималды мөлшерін есептеу және сызаттардың ашылу енін тексеру үшін сығымдалуға әлдеқайда жоғары беріктік класының f_{ctm} мәнін қабылдау қажет.

6.1.7 Егер мұздануға қарсы реагенттер пайдаланылса, онда жүргінші бөліктен көлденеңінен 6 м шегіндегі немесе жүргінші бөліктің астында 6 м шегіндегі барлық ашық бетон беттері осы реагенттердің тікелей әсер етуіне ұшырайтын ретінде қарастырылуы тиіс.

Одан басқа, тіректердің жоғарғы беттері температуралық жіктердің (деформациялық жіктердің) астында сонымен қатар реагенттердің тікелей әсеріне ұшырайтын ретінде қарастырылуы тиіс.

ЕСКЕРТПЕ Мұздануға қарсы реагенттердің тікелей әсеріне ұшырайтын беттер үшін XD кластары үшін 6.4 және 6.5 Кестелерінде келтірілген бетон қабатының сипаттамаларына байланысты сыртқы әсер етудің ұсынылатын кластары XD3 және XF2 немесе XF4.

6.2. Бетонның қорғаныстық қабаты

6.2.1 Жалпы ережелер

6.2.1.1 Бетонның қорғаныстық қабаты дегенде арматураның бетінен (қамыттарды, байланысты және жұмыс арматурасын қосқанда) бетонның жақын бетіне дейінгі арақашықтық түсініледі.

6.2.1.2 Бетонның қорғаныс қабатының номиналды қалыңдығы c_{nom} жұмыс сызбаларында көрсетіледі және c_{min} минималды қалыңдық пен Δc_{dev} жобалау кезінде жол берілетін қабылданған ауытқудың жиынтығы ретінде анықталады

$$c_{nom} = c_{min} + \Delta c_{dev} \quad (6.1)$$

6.2.2 Қорғаныстық қабаттың c_{min} минималды қалыңдығы

6.2.2.1 c_{min} қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығы қамтамасыз етуі тиіс:

- а) арматураның және қоршаған бетонның сенімді ілінісуі;
- б) болаттың тоттанудан қорғалуы (төзімділігі);
- в) қажет болғанда тиісті отқа төзімділік.

6.2.2.2 [4.4.1.2(2)P] c_{min} бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығы ілінісуді қамтамасыз ету және қоршаған орта әсерінің ықпалынан қорғау шартынан үлкен мән ретінде тағайындалуы тиіс

$$c_{min} = \max \{ c_{min,b}; c_{min,dur} + \Delta c_{dur,\gamma} - \Delta c_{dur,st} - \Delta c_{dur,add}; 10 \text{ мм} \}, \quad (6.2)$$

мұнда

$c_{min,b}$ – ілінісу шарттарынан минималды қалыңдық,

$c_{min,dur}$ – қоршаған орта әсерінен қорғау шарттарынан минималды қалыңдық,

$\Delta c_{dur,\gamma}$ – сенімділіктің қосымша элементі,

$\Delta c_{dur,st}$ – тот баспайтын болатты пайдаланған кезде минималды қалыңдықтың азаюы,

$\Delta c_{dur,add}$ – қосымша қорғанысты пайдаланған кезде минималды қалыңдықтың азаюы.

6.2.2.3 [4.4.1.2(3)] Бетон қоспасының ілінісуі және сапалық тығыздалуы күштерін сенімді берілуін қамтамасыз ету үшін қорғаныс қабатының минималды қалыңдығы 6.2 Кестеде көрсетілген $c_{min,b}$ кем болмауы тиіс.

6.2 [4.2]-Кесте — Бетонның арматурамен ілінісуін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, қорғаныс қабатының минималды қалыңдығы $c_{min,b}$,

Ілінісу шарттары	
Таратылған өзектер	Қорғаныс қабатының минималды қабаты $c_{min,b}$ ¹⁾
Жеке өзек	Өзектің диаметрі
Бірге қосылған өзектер	Балама диаметр \varnothing_n (ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011 8.9.1-тармақты қар.)
¹⁾ Егер ірі толтырғыштың номиналды максималды диаметрі 32 мм асатын болса, $c_{min,b}$ 5 мм-ге ұлғайту қажет.	

ЕСКЕРТПЕ $c_{min,b}$ мәнін бетонға керу кезінде қабылдау керек:

а) дөңгелек арналар: диаметр;

б) тікбұрышты арналар: мәндердің үлкені — аз өлшемді және үлкен өлшемнің жартысы;

80 мм асатын қорғаныстық қабат дөңгелек немесе тікбұрышты арналар үшін пайдаланылмайды.

Стендідегі керілу кезінде ұсынылатын мәндер:

а) арқанның немесе тегіс сымның 1,5-еселік диаметрі;

б) бұдырлы сымның 2,5-еселік диаметрі.

6.2.2.4 Қалыпты бетондағы кернелетін арматура және болат арматура үшін минималды қорғаныстық қабат $c_{min,dur}$ қоршаған ортаның және құрылымдық кластардың әсер ету кластарына байланысты.

ЕСКЕРТПЕ Жобалық төзімділігі 50 жылды құрайтын конструкциялар үшін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Е Қосымшасында келтірілген бетон беріктігінің индикативті кластарын және 6.3-

Кестедегі құрылымдық кластардың қабылданған түрленуін ескере отырып, S4 құрылымдық класы ұсынылады. Ұсынылатын минималды құрылымдық класс S1 болып табылады.

6.3 [4.3N] кесте— Ұсынылатын құрылымдық жіктеме

Құрылымдық класс							
Өлшемдер	6.1-Кесте бойынша қоршаған орта әсерінің класы						
	X0	XC1	XC2 /XC3	XC4	XD1	XD2 /XS1	XD3/XS2 /XS3
Қызмет мерзімі 100 жыл	Класты 2-ге жоғары- лату	Класты 2-ге жоғары- лату	Класты 2-ге жоғары- лату	Класты 2-ге жоғары- лату	Класты 2-ге жоғары- лату	Класты 2-ге жоғары- лату	Класты 2-ге жоғары- лату
Сығымдалуға беріктік класы 1), 2)	≥C30/37 Класты 1-ге төмендету	≥C30/37 Класты 1-ге төмендету	≥C35/45 Класты 1-ге төмендету	≥C40/50 Класты 1-ге төмендету	≥C40/50 Класты 1-ге төмендету	≥C40/50 Класты 1-ге төмендету	≥C45/55 Класты 1-ге төмендету
Тақталық геометриямен элемент (арматураның қалпы құрылыс үдерісіне әсер етпейді)	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету
Бетонды өндіру сапасын ерекше бақылау расталды	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету	Класты 1-ге төмендету

¹⁾ беріктік класы және су-цемент қатынасының мәні тәуелді шамалар ретінде қарастырылуы тиіс. Бетонның ерекше құрамы (цементтің типі, су-цемент қатынасы, толтырғыштар) төмен өткізгіштікті алу үшін қолданылуы тиіс.

²⁾ егер ауаның тартылуы 4 %-дан асатын болса, беріктіктің талап етілетін кластары бір класқа төмендетілуі мүмкін.

6.2.2.5 $c_{min,dur}$ үшін ұсынылатын мәндер арматуралық болат үшін 6.4-Кесте және кернелетін арматура үшін 6.5-Кесте бойынша қабылданады.

6.2.2.6 Қорғаныстық қабат $\Delta c_{dur,\gamma}$ сенімділіктің қосымша элементін ескере отырып ұлғайтылуы мүмкін. Ұлттық қосымшаға сәйкес $\Delta c_{dur,\gamma}$ нөлге тең болып қабылданады.

6.2.2.7 Тот баспайтын болатты пайдаланғанда немесе басқа ерекше шаралардың нәтижесінде минималды қорғаныстық қабат $\Delta c_{dur,st}$ мәніне азайтылуы мүмкін. Ұлттық қосымшаға сәйкес $\Delta c_{dur,st}$ нөлге тең болып қабылданады.

6.4 [4.4N] кесте – Арматуралық болаттың төзімділігін қамтамасыз ету шарттарынан минималды қорғаныстық қабат $C_{min,dur}$

миллиметрде

$C_{min,dur}$ үшін қоршаған орта талаптары							
Құрылымдық класс	6.1-кесте бойынша қоршаған орта әсерінің класы						
	X0	XC1	XC2/XC3	XC4	XD1/XS1	XD2/XS2	XD3/XS3
S1	10	10	10	15	20	25	30
S2	10	10	15	20	25	30	35
S3	10	10	20	25	30	35	40
S4	10	15	25	30	35	40	45
S5	15	20	30	35	40	45	50
S6	20	25	35	40	45	50	55

6.5 [4.5N] –кесте — Кернелетін болаттың төзімділігін қамтамасыз ету шарттарынан минималды қорғаныстық қабат $C_{min,dur}$

миллиметрде

$C_{min,dur}$ үшін қоршаған орта талаптары							
Құрылымдық класс	6.1-кесте бойынша қоршаған орта әсерінің класы						
	X0	XC1	XC2 /XC3	XC4	XD1 /XS1	XD2/ XS2	XD3/ XS3
S1	10	15	20	25	30	35	40
S2	10	15	25	30	35	40	45
S3	10	20	30	35	40	45	50
S4	10	25	35	40	45	50	55
S5	15	30	40	45	50	55	60
S6	20	35	45	50	55	60	65

6.2.2.8 Қосымша қорғаныспен (мысалы, жабынмен) бетон үшін қорғаныстық қабаттың минималды қалыңдығы $\Delta C_{dur,add}$ мәніне азайтылуы мүмкін. Ұлттық қосымшаға сәйкес $\Delta C_{dur,add}$ нөлге тең болып қабылданады.

6.2.2.9 Егер тұтас құймалы бетон әрекет етуші бетон элементіне (құрылыс алаңқайына қойылған құрастырмалы немесе тұтасқұймалы) салынатын болса, онда арматурадан түйіспелі бетке дейінгі бетонның қорғаныс қабатының минималды қалыңдығы азайтылуы мүмкін.

Ұсынылған азаю келесі шарттарды қадағалаған кезде ілінісуді қамтамасыз ету үшін талап етілетін мән болып табылады:

- бетон бетінің беріктік класы C25/30 төмен болмауы тиіс;
- бетон беті қоршаған ортаның әсеріне 25 күннен аса ұшыратылмауы тиіс;
- бетон беті бұдырлы болуы тиіс.

6.2.2.10 Бетонның мысалы, жалаңаш толтырғышпен тегіс емес беттері үшін минималды қорғаныстық қабат 5 мм –ге ұлғайтылуы тиіс. Егер бетонның беті мұзбен немесе су әкелетін қатты бөлшектермен абразивті тозуға ұшыратылса, онда бетонның қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығы 10 мм кем емес ұлғайтылуы тиіс.

6.2.2.11 [4.4.1.2(13)] Егер бетон тозуға (қажалуға) ұшырайтын болса, әдетте, ҚР СТ EN 206-1-2011 сәйкес толтырғышты таңдауға ерекше назар аудару керек. Балама ретінде тозуға төзімділік қорғаныс қабатын («құрбандық қабат» деп аталатын) ұлғайтқан кезде қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл жағдайда, әдетте, c_{min} қорғаныс қабатының минималды қалыңдығы ХМ1 тозу класы үшін k_1 -ге, ХМ2 үшін k_2 -ге және ХМ3 үшін k_3 -ке ұлғайтылуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ ХМ1 тозу класы тозудың орташа режимін білдіреді, мысалы, өнеркәсіптік алаңқайлардың элементтері үшін – автокөліктің пневматикалық шиналарға жиі әсерінен. ХМ2 тозу класы тозудың ауыр режимін білдіреді, мысалы, өнеркәсіптік алаңқайлардың элементтері үшін – пневматикалық немесе жаппай резеңке шиналарға жүктеушілердің жиі әсерінен. ХМ3 тозу класы тозудың шұғыл түрін білдіреді, мысалы, өнеркәсіптік алаңқайлардың конструктивті элементтері – шынжыр табанды көліктің эластомерлік немесе болат шиналарына жүк тиеушілердің жиі әсер етуі.

k_1 , k_2 және k_3 мәндері 5, 10 және 15 мм тең қабылданады.

6.2.2.12 Гидрофобтық қасиеттерге немесе жол киіміне ие емес автожол көпірлерінің жүру полотносының ашық бетон беттері ХМ2 үйкелу класына қатысты ретінде жіктеледі.

6.2.3 Жобалау кезіндегі жол берілетін ауытқулар

6.2.3.1 c_{min} қорғаныстық қабаттың минималды қалыңдығынан басқа, c_{nom} бетонның қорғаныстық қабатының талап етілетін номиналды қалыңдығы Δc_{dev} жол берілетін теріс ауытқудың абсолютты мәніне ұлғайтылуы тиіс Ұлттық қосымшаға сәйкес Δc_{dev} шамасы 10 мм тең қабылданады.

Δc_{dev} жол берілетін ауытқу шамасы келесі жағдайларда азайтылуы мүмкін:

- егер дайындау үдерісінде сапаны бақылау орындалатын болса, оның аясында бетонның қорғаныстық қабатының қалыңдығын өлшеу жүргізіледі, Δc_{dev} жол берілетін ауытқу шамасы азайтылуы мүмкін

$$10 \text{ мм} \geq \Delta c_{dev} \geq 5 \text{ мм} \quad (6.3)$$

- егер бақылау кезінде ерекше дәл өлшегіш аспаптар және сәйкес келмейтін элементтер (мысалы, құрама конструкциялар) жарамсыздыққа шығарылатын болса, онда Δc_{dev} жол берілетін ауытқудың шамасы азайтылуы мүмкін

$$10 \text{ мм} \geq \Delta c_{dev} \geq 0 \text{ мм} \quad (6.4)$$

6.2.3.2 [4.4.1.3(4)] Тегіс емес бетке, әдетте, қорғаныс қабатының номиналды қалыңдығына төселетін бетон үшін жалпы жағдайда жол берілетін ауытқудың жоғары

мәніне ұлғайту қажет. Жоғарылату тегіссіздікпен шартталған шамаға жүргізіледі, бірақ қорғаныс қабатының номиналды қалыңдығы дайындалған топырақ бойынша (тұтастырғышты қосқанда) бетонды төсеген кезде $k_1 = 40$ мм, , және топыраққа бетонды тікелей төсеген кезде $k_2 = 75$ мм . кем еместі құрауы тиіс. Үстіңгі беттің басқа түрлерінде, мысалы, абразивті өңдеуде немесе жалаңаштанған дөңес толтырғышпен арматураға дейін қорғаныстық қабатты сондай-ақ бұдырлықты ескере отырып 5 мм-ге ұлғайту қажет.

6.1-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Көпірдің аралық құрылымының арқалықтарын жобалау талап етіледі. Жобалау кезінде қабылданған, сығымдалуға беріктік бойынша бетон класы C35/45. Көпірдің аралық құрылымы арқалықтарының талап етілетін қызмет мерзімі 100 жыл. Аралық құрылым пайдаланылатын қоршаған орта шарттары 6.1-Кесте бойынша ХС3 әсер ету класына сәйкес келеді.

Анықтау: Көпірдің аралық құрылымы арқалықтардың құрылымдық класы.

Шешім: ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Е Қосымшасы Е.1N Кестесіне сәйкес, аралық құрылым арқалықтары бетонының класы қоршаған ортаның әсер ету класына байланысты бетонның сығымдалуға беріктігі бойынша индикативті (минималды) класынан кем болмауы тиіс. Жобалау кезінде қабылданған бетон класы C35/45 қоршаған ортаның ХС3 әсер ету класында жол берілетін бетонның индикативті C30/37 класынан асады.

ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 Е Қосымшасында келтірілген бетон беріктігінің индикативті кластары және қоршаған ортаның әртүрлі әсер ету кластары үшін жобалық төзімділігі 50 жылды құрайтын конструкциялар үшін S4 құрылымдық класын қабылдау ұсынылады.

Аралық құрылым арқалықтарының 100 жыл пайдаланылуын қамтамасыз ету талап етілетіндігімен байланысты, ХС3 әсер ету класында 6.3-Кестеге сәйкес конструкциялардың құрылымдық класын 2 класқа жоғарылату қажет.

Аралық құрылымның арқалықтарын жобалау кезінде қабылданған бетонның класы 6.3-Кестеде келтірілген бетон класына тең болғандықтан, конструкциялардың құрылымдық класын 1 класқа төмендету қажет.

Құрылыс үдерісі аралық құрылымдар арқалықтарының жүргінші бөлігінің плитасындағы арматураның қалпына әсер етпейді және соған байланысты 6.3-Кестеге сәйкес конструкциялардың құрылымдық класын 1-класқа төмендету қажет.

Осылайша, көпірдің аралық құрылымы арқалықтарының түпкілікті құрылымдық класы S4 қабылданады.

6.2-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: 6.1-суретте тіректің тікбұрышты қимасы берілген. Тұғыр бетонының класы сығымдалуға беріктігі бойынша C35/45. Тіректің арматурамен күшейтілуі - диаметрі 28 мм болатын кернелмейтін арматура. Қоршаған ортаның әсер ету класы ХС3. Конструкцияның қызмет мерзімі 100 жылды құрайды.


Анықтау: Бетонның қорғаныс қабатының номиналды қалыңдығы.

Шешім: Бетонның қорғаныс қабатының номиналды қалыңдығы c_{nom} жұмыстық сызбанұсқаларды көрсетілуі тиіс. Ол c_{min} минималды қалыңдықтың (6.2.2.2-тармақшаны қар.) және Δc_{dev} жобалау кезінде жол берілетін қабылданған ауытқудың жиынтығы (6.2.3.1 қар.) ретінде анықталады.

$$c_{nom} = c_{min} + \Delta c_{dev}$$

c_{min} Қорғаныстық қабатының минималды қалыңдығын ілінісуді қамтамасыз ету және қоршаған ортаның әсерінен қорғау шарттарынан үлкен мән ретінде тағайындау керек:

$$c_{min} = \max \{ c_{min,b}; c_{min,dur} + \Delta c_{dur,\gamma} - \Delta c_{dur,st} - \Delta c_{dur,add}; 10 \text{ мм} \}$$



6.1-сурет – Тұғырдың көлденең қимасы

6.2-Кестеге сәйкес өзекті арматура үшін $c_{min,b}$ шамасы $c_{min,b} = 28$ мм өзек диаметріне тең қабылданады.

6.2.2.4 және 6.2.2.5 тармақшаларына сәйкес, өзекті арматура үшін $c_{min,dur}$ минималды қорғаныстық қабат 6.3-Кесте бойынша құрылымдық кластардың түрленуін ескере отырып 6.4-Кестеден қабылданатын құрылымдық класқа және 6.1-Кестеден қабылданатын тиісті әсер ету класына байланысты болады. Жобалық төзімділігі 50 жылды құрайтын конструкциялар үшін S4 құрылымдық класын қабылдау ұсынылады.

ХС3 әсер ету класында 6.3-Кестеге сәйкес жобалық төзімділігі 100 жылды құрағанда тұғырдық құрылымдық класын 2-класқа жоғарылату керек.

Тұғырды жобалау кезінде қабылданған, 6.3-Кестеде келтірілген бетон класы тең болғандықтан, конструкциямыздың құрылымдық класын 1 класқа төмендету қажет.

Осылайша, тұғыр үшін S5 құрылымдық класы қабылданады.

ХС3 әсер ету класында және S5 құрылымдық класында 6.4-Кестеге сәйкес жобалық төзімділікті қамтамасыз ету шарттарынан $c_{min,dur}$ минималды қорғаныстық қабат $c_{min,dur} = 30$ мм болып қабылданады.

6.2.2.6, 6.2.2.7 және 6.2.2.8 тармақшаларына сәйкес қабылданады:

$$\Delta c_{dur,y} = 0; \quad \Delta c_{dur,st} = 0; \quad \Delta c_{dur,add} = 0.$$

c_{min} минималды қалыңдығы шарттың үлкен мәні ретінде қабылданады

$$c_{min} = \max \{28; 30 + 0 - 0 - 0; 10\}$$

c_{min} минималды мәні $c_{min} = 30$ мм тең қабылданады.

6.2.3.1-тармақшаға сәйкес Δc_{dev} жол берілетін теріс ауытқу $\Delta c_{dev} = 10$ мм тең қабылданады.

Осылайша, тұғыр бетонының қорғаныстық қабатының номиналды қалыңдығы $c_{nom} = c_{min} + \Delta c_{dev} = 30 + 10 = 40$ мм құрауы тиіс.

7 КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫҢ ЕСЕБІ

7.1 Есептеулерге қойылатын жалпы талаптар

7.1.1 Темірбетон көпірлердің конструкциялары және элементтері өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде болатын барлық әсерлерді белгіленген қауіпсіздік деңгейімен қабылдайтындай түрде жобалануы тиіс. Мақсатты тағайындалу жүйелері бола отырып, көпірлер өздеріне қойылған қалыпты пайдалану талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

7.1.2 Сенімділік үш құраушымен – қауіпсіздікпен, қалыпты пайдалануға жарамдылықпен және төзімділікпен анықталады. Құрылыс объектілері сенімділігінің негізгі көрсеткіші есептік қызмет мерзімінде есептік жүктемелердің әлдеқайда қолайсыз үйлесімдері әсер еткенде олардағы шектік күйлердің жоғарылауының мүмкін болмауы болып табылады.

7.1.3 Жобалау кезінде келесі шектік күйлерді ескеру қажет:

- шектік күйлердің бірінші тобы (ULS) – жоғарылауы құрылыс конструкцияларының көтергіш қабілетінің жоғалуына әкелетін күй (кез келген сипаттағы бұзылу – иілімдік, осал, тозу, тұрақтылықты жоғалту, пайдалану тоқтатылатын кез келген құбылыстар, мысалы, арматураның иілімдік деформациялары туралы куәландыратын сызаттардың шектен тыс ашылуы);

- шектік күйлердің екінші тобы (SLS) – жоғарылаған кезде көпірлік конструкциялардың қалыпты пайдаланылуы бұзылатын, олардың төзімділік қоры таусылатын немесе қолайлылық шарттары бұзылатын (технологиялық, конструктивтік немесе эстетикалық-психологиялық талаптардан шығара келе конструкциялардың шектік деформацияларына қол жеткізу күйі (мысалы, шектік бүгілу, бұрылыс бұрыштары), көпірлердің қалыпты пайдаланылуын бұзбайтын сызаттардың пайда болуы);

- ерекше шектік күйлер – ерекше әсерлерде және жағдайларда туындайтын және жоғарылауы катастрофалық салдарлармен құрылыстардың бұзылуына әкелетін күйлер.

7.1.4 ULS шектік күйлері бойынша есептеулерді сенімділіктің жеке коэффициенттерін пайдаланумен орындайды, SLS шектік күйлері бойынша есептеулерде – сенімділік коэффициенттері бірлікке тең қабылданады.

7.1.5 Әсер ету үшін жеке коэффициенттер жүктемелердің қиыласуы үшін ережелермен бірге көпірлер үшін ҚР ҚН EN 1990:2002+A1:2005/2011 және оған A2 Қосымшасында келтірілген. ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011 [2.4.2.1 - 2.4.2.3 қар.] шөкпе

деформацияны, алдын ала кернеуді және тозбалы жүктемелерді есепке алу үшін темірбетон көпірлерді жобалау кезінде пайдалану қажет әсерлердің сипаттамалық жеке әсер ету коэффициенттерін анықтайды.

7.1.6 Темірбетон конструкциялар үшін ҚР ҚН ЕН 1990:2002+A1:2005/2011 2-Бөлімінің базалық талаптары егер келесілер бірлесіп қолданылатын болса орындалған болып саналады:

- ҚР ҚН ЕН 1990:2002+A1:2005/2011 талаптарына сәйкес жеке коэффициенттер әдісімен үйлестіргендегі шектік күйлердің әдісі;
- ҚР ҚН ЕН 1991 талаптарына сәйкес әсерлер;
- ҚР ҚН ЕН 1990:2002+A1:2005/2011 талаптарына сәйкес әсерлердің үйлесімі;
- ҚР ҚН ЕН 1992-1-1:2004/2011, ҚР ҚН ЕН 1992-2:2005/2011 бойынша беріктік, төзімділік және пайдаланушылық жарамдылық бойынша талаптар.

7.2 Геометриялық параметрлер


7.2.1 Сөрелердің тиімді ені (барлық шектік күйлер)

7.2.1.1 Кең сөрелерде жазық бойынша жылжу мүмкіндігі сөренің ені бойынша бүгіліс кернеудің біркелкі емес таралуына әкеледі. Бұл әсер кешігіп жылжу ретінде белгілі. Сондықтан арқалықтың қабырғасымен шектелетін сөредегі кернеу көлденең брутто қималарымен қималарды талдаудан күтілетінге қарағанда жоғары болады (материалдардың кедергі көрсету теориясына тәуелділік бойынша), ал қабырғадан алыс сөредегі кернеу азырақ болады. Бұл кешігіп жылжу бүгілу кезінде қима қаттылығының айқын жоғалуына әкеледі.

Сөреде кернеулердің іс жүзіндегі таралуын анықтау түпкілікті элементтердің әдісін пайдаланумен шешілуі мүмкін күрделі тапсырма болып табылады. Бетонның сызаттары болмаса, барлығы қарапайым. Егер бойлық арматура осінің бүгілуі және және сызаттардың пайда болуы орын алатын болса, онда қимадағы күштердің қайта бөлінуі көлденең арматураның жұмысына да байланысты болады. Осы әсерлерді сәйкес есепке алу түпкілікті-элементтік үлгіні елеулі түрде қиындатады.

7.2.1.2 Таврлық қиманың арқалықтарында тұрақты кернеу қабылдануы мүмкін сөренің тиімді ені қабырғаның және арқалық тақтасының өлшемдеріне, жүктеменің түріне, аралықтың шамаларына, сүйену және арматурамен көлденең күшейту шарттарына байланысты.

Сөренің тиімді енін, әдетте, 7.1-Суретте көрсетілгендей нөлдік сәттердің нүктелері арасындағы l_0 арақашықтық негізінде анықтау қажет.



7.1-сурет — Сөренің тиімді енін есептеу үшін l_0 анықтау

7.2.1.3 Сөренің тиімді (жұмыстық) енін анықтауға арналған ережелер басқа элементтердің сөрелері үшін, мысалы, қорапты қима арқалықтары үшін пайдаланылуы мүмкін. Кешігіп жылжу әсері сөрелердегі күштердің эпюрасы қатты өзгертін көлденең күш мәні жоғары орындарда үлкен болып табылады. Демек, тіректердегі қималар үшін жұмыс енінің мәндері аралықтың ұзындығы бойынша осындай қималардағыға қарағанда азырақ болады.

7.2.1.4 Арқалықтар бір-біріне жақын орналасқан аралық құрылымдардың типтік жиналған темірбетон арқалықтары үшін сөренің іс жүзіндегі ені тиімді (жұмыстық) енге іс жүзінде тең.

l_3 консольдің ұзындығы көрші аралықтың жартысынан азды құрауы тиіс, ал көрші аралықтардың арақатынасы $2/3$ -тен $1,5$ дейін болуы тиіс.

7.2.1.5 [5.3.2.1(3)] Таврлық және L-түріндегі арқалықтар үшін b_{eff} сөренің тиімді ені теңестіруден шығарылады


$$b_{eff} = \sum b_{eff,i} + b_w \leq b \quad (7.1)$$

Сонымен қатар

$$b_{eff,i} = 0,2 \times b_i + 0,1 \times l_0 \leq 0,2 \times l_0 \quad \text{және} \quad (7.1a)$$

$$b_{eff,i} \leq b_i \quad (7.1b)$$


(7.1 және 7.2 суреттердегі белгілерді қараңыз)




7.2-сурет — Сөренің тиімді енінің параметрлері

7.1-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: тұтас аралық құрылым берілген. Көлденең қиманың биіктігі тұрақты. Құрылым аралықтарының ұзындығы және көлденең қима 7.3 және 7.4 суреттерде көрсетілген.



7.3-сурет – Аралық құрылым тәсімі



7.4-сурет – Аралық құрылымның көлденең қимасы

Анықтау: Екінші аралықтың ортасындағы және №2 тіректегі аралық құрылым тақтасының тиімді ені

Шешім:

1 Екінші аралықтың ортасында аралық құрылым тақтасының тиімді енін анықтау

Тиімді ені физикалық енінен аса алмайды $b = 1500 + 300 + \frac{3000}{2} = 3300 \text{ мм}$. Егер әрбір учаскедегі физикалық ендердің жоғарыламауын бақылау орындалатын болса, бұл автоматты түрде алынады.

7.1 және 7.3 Суреттерге сәйкес формула бойынша l_0 анықтаймыз

$$l_0 = 0,7 \times l_2 = 0,7 \times 30000 = 21000 \text{ мм}$$

(7.1a) Формула бойынша аралық құрылым тақтасы консолінің тиімді енін анықтаймыз:

$$b_{\text{eff},i} = 0,2 \times 1500 + 0,1 \times 21000 = 2400 \text{ мм} \leq 0,2 \times l_0 = 0,2 \times 21000 = 4200 \text{ мм}$$

$$b_{\text{eff},i} = 2400 \text{ мм} > b_i = 1500 \text{ мм}$$

(7.1b) шарты орындалмайтындықтан, $b_{\text{eff},i} = 1500 \text{ мм}$ қабылдаймыз.

(7.1a) Формула бойынша қораптың қабырғалары арасындағы тақта учаскесінің тиімді енін анықтаймыз:

$$b_{\text{eff},i} = 0,2 \times \frac{3000}{2} + 0,1 \times 21000 = 2400 \text{ мм} \leq 0,2 \times l_0 = 0,2 \times 21000 = 4200 \text{ мм}$$

$$b_{\text{eff},i} = 2400 \text{ мм} > b_i = 1500 \text{ мм}$$

(7.1b) шарты орындалмайтындықтан $b_{\text{eff},i} = 1500 \text{ мм}$ қабылдаймыз.

Тақтаның толық тиімді енін анықтаймыз

$$b_{\text{eff},i} = \sum b_{\text{eff},i} + b_w = 1500 + 1500 + 300 = 3300 \text{ мм} \leq b = 3300 \text{ мм}$$

Шарт орындалды.

2 2-тіректегі аралық құрылым тақтасының тиімді енін анықтау

Келесі формула бойынша l_0 анықтаймыз

$$l_0 = 0,15 \times (l_1 + l_2) = 0,15 \times (30000 + 20000) = 7500 \text{ мм}$$

(7.1a) формуласы бойынша аралық құрылым тақтасы консолінің тиімді енін анықтаймыз:

$$b_{eff,i} = 0,2 \times 1500 + 0,1 \times 7500 = 1050 \text{ мм} \leq 0,2 \times l_0 = 1500 \text{ мм}$$

$$b_{eff,i} = 1050 \text{ мм} < b_i = 1500 \text{ мм}$$

Қораптың қабырғалары арасындағы тақта учаскесінің тиімді енін осылайша анықтаймыз:

$$b_{eff,i} = 0,2 \times \frac{3000}{2} + 0,1 \times 7500 = 1050 \text{ мм} \leq 0,2 \times l_0 = 1500 \text{ мм}$$

$$b_{eff,i} = 1050 \text{ мм} < b_i = 1500 \text{ мм}$$

Сонда тақтаның толық тиімді ені құрайды:

$$b_{eff} = \sum b_{eff,i} + b_w = 1050 + 1050 + 300 = 2400 \text{ мм} \leq b = 3300 \text{ мм}$$

Шарт орындалды.

7.3 Осьтік жүктеме кезіндегі екінші қатардағы әсерлерді есептеу

7.3.1 Анықтамалар

Екі осьті бүгіліс: екі басты осьтерді бойлай бір мезгілде бүгіліс.

Ажыратылған элементтер немесе жүйелер: есептеу және жобалау кезінде конструкцияның жалпы көлденең тұрақтылығына жағдай жасамайтындығы қабылданған конструктивті элементтер немесе қосымша жүйелер.

Бойлық бүгіліс кезінде тұрақтылықты жоғалту: көлденең жүктемесіз бойлық күш басым әсер еткен кезде элементтің немесе конструкцияның тұрақсыздығы салдарынан бұзылу.

ЕСКЕРТПЕ Шынайы көтергіш конструкцияларда жоғарыда анықталған «бойлық бүгіліс кезінде тұрақтылықты жоғалту» анықтаушы шектік күй болып табылмайды, өйткені бір мезгілде жетілмеушіліктер мен көлденең жүктемелер ескеріледі, бірақ номиналды критикалық жүктеме екінші қатардағы әсерлерді есептеу үшін кейбір әдістерде параметр ретінде пайдаланылуы мүмкін.


Критикалық бойлық жүктеме: бойлық бүктеліс кезінде тұрақтылық жоғалатын жүктеме; жекелеген серпінді элементтер үшін ол Эйлер жүктемесінің синонимы болып табылады.

Есептік ұзындық: ауысулардың қисық сызығы пішінін есепке алу үшін пайдаланылатын ұзындық. Ол сонымен қатар бойлық бүктеліс аймағының ұзындығы,

яғни нақтылы элемент ретінде критикалық бойлық жүктемеге және осындай көлденең қималарға ие тұрақты бойлық күшпен тұғырдың ұштары бойынша топсамен бекітілген ұзындығы ретінде анықталуы мүмкін.

Бірінші қатар әсерлері: конструкция деформациясының ықпалын ескерусіз, бірақ геометриялық жетілмеушіліктерді ескере отырып есептелетін әсерлерден болатын салдарлар.

Жеке (жеке тұрған) элементтер: расымен де жеке орналасқан элементтер немесе есептеу барысында жеке тұрушы ретінде қарастырылатын конструкция элементтері. Әртүрлі шектік шарттармен жекелеген элементтердің мысалдары 7.5-суретте келтірілген.




7.5-сурет — Тұрақтылықты жоғалтудың әртүрлі пішіндерінің мысалдары және жеке тұрған элементтер үшін сәйкес келетін есептік ұзындық

Екінші қатар әсерлерін ескерумен номиналды мезет: белгілі бір есептеу әдістерінде пайдаланылатын, көлденең қиманың шектік кедергісіне жауап беретін жалпы мезетті беретін екінші қатар әсерлерін ескеретін мезет.

Екінші қатар әсерлері: конструкцияның деформациясымен шартталған, әсерлер болатын қосымша салдарлар.

7.3.1.1 Екінші қатар әсерлерінің табиғаты – бірінші қатардың деформациялары өз кезегінде деформациялардың әрі қарай ұлғаюына әкелетін осьтік күштерден туындаған қосымша мезеттерге әкеледі. Қарапайым жағдай – бұл 7.6-суретте көрсетілгендей, жоғарғы бөлікте әрекет ететін осьтік және көлденең күштермен консольдік тірек. Екінші қатардың әсерлерін осы қосымша ақпаратты ескеретін екінші қатарды талдау арқылы есептеуге болады.



7.6-сурет – Көлденең жүктемемен бастапқыдағы тегіс тіректерге арналған деформация

7.3.2 Екінші қатардың әсерлері үшін жеңілдетілген өлшемдер

7.3.2.1 Жекелеген элементтер үшін икемділік өлшемдері

7.3.2.1.1 Екінші қатардағы әсерлерді анықтау мақсатында жеңілдетілген әдістерді пайдаланған кезде икемділікті анықтау үшін (екінші қатарлық линиясыз компьютерлік талдаусыз) есептік ұзындық тұжырымдамасы қолданылуы мүмкін, ал алынған икемділік екінші қатар әсерлерін анықтаған кезде пайдаланылуы мүмкін.

7.3.2.1.2 Егер λ икемділігі λ_{lim} белгілі бір мәнінен аз болса, екінші қатардың әсерлері ескерілмеуі мүмкін. Икемділіктің ұсынылатын мәнін анықтау керек

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \times A \times B \times C}{\sqrt{n}}, \quad (7.2)$$

мұнда $A = \frac{1}{1 + 0,2 \times \varphi_{ef}}$ - егер φ_{ef} мәні белгісіз болса, A 0,7-ге тең қабылданады;

$B = \sqrt{1 + 2 \times \omega}$ - егер ω мәні белгісіз болса, B 1,1-ге тең қабылданады;

$C = 1,7 - r_m$ - егер r_m мәні белгісіз болса, C 0,7-ге тең қабылданады;

Егер элементтің ұштарындағы M_{01} және M_{02} мезеттері екі жағынан да керіліс беретін болса, онда r_m мәні оң ретінде қабылданады (яғни $C \leq 1,7$), екінші жағдайда — теріс ретінде қабылданады (яғни $C > 1,7$).

φ_{ef} — жылжудың тиімлі коэффициенті, 7.3.3.1-тарма, Формула (7.7) қараңыз;

$$\omega = \frac{A_s \times f_{yd}}{A_c \times f_{cd}} \times \varepsilon \quad \begin{matrix} H \text{ деформациясы} \\ \text{(бірінші қатар)} \end{matrix} \quad \text{әйтудің механикалық} \quad \begin{matrix} P \text{ және } H \\ \text{деформациясы} \\ \text{(екінші қатар)} \end{matrix};$$

A_s — бойлық арматураның жалпы ауданы;

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \times f_{cd}} \quad \text{— салыстырмалы бойлық күш.}$$

7.3.2.1.3 Осьтік күш, демек n , неғұрлым көп болған сайын, берілген қима элементі де соғұрлым екінші қатар әсерлерінің дамуын қабылдағыш болады, бұл шектік икемділіктің

төменірек бола түсетіндігін білдіреді. Әлдеқайда жоғары шектік икемділік келесілерде қол жеткізілуі мүмкін:

а) жылжу елеусіз (өйткені бұл жағдайда сығымдалған элементтің бетон учаскесінің қаттылығы жоғары болады);

б) арматурамен күшейтудің жоғары пайызы (өйткені бұл жағдайда элементтің жалпы қаттылығы сызат түзу себепті төмендеуге аз ұшырайтын болады);

с) бірінші қатардың мол орналасуы екінші қатардың максималды мезетінің орнымен сәйкес келмейді.

7.3.2.1.4 r_m параметрі келесі қатынастан анықталады

$$r_m = \frac{M_{01}}{M_{02}} \quad (7.3)$$

M_{01} , M_{02} — бірінші қатар әсерлерін ескеретін элементтің ұштарындағы бүгіліс сәттері. Мезеттерді белгілеген кезде $|M_{02}| \geq |M_{01}|$ болуы шамаланады.

Келесі жағдайларда r_m мәні 1,0-ге тең болып қабылданады:

— тек бірінші қатар әсерлерінің нәтижесінде немесе көбінесе жетілмегендік немесе көлденең жүктеме нәтижесінде мезеттер туындайтын нығайтылған элементтер үшін;

— жалпы нығайтушы элементтер үшін.

7.3.2.1.5 [5.8.3.1(2)] Екі осьті бүгіліс жағдайы үшін икемділік өлшемін әрбір бағытта жеке тексеру қажет. Осы тексерудің нәтижесіне байланысты екінші қатар әсерлері:

а) екі бағытта да ескерілуі мүмкін;

б) бір бағытта ескерілуі тиіс немесе

с) екі бағытта да ескерілуі тиіс.

7.3.2.2 Жекелеген элементтер үшін икемділік және есептік ұзындық

7.3.2.2.1 [5.8.3.2(1)] Икемділік келесі формула бойынша анықталады $\lambda = \frac{l_0}{i}$, (7.4)

мұнда l_0 — элементтің есептік ұзындығы,

i — сызаттарсыз бетон қимасына арналған инерция радиусы.

7.3.2.2.2 [5.8.3.2(3)] Тұрақты рамалардың сығымдалған элементтері үшін икемділік өлшемі келесі түрмен анықталған l_0 есептік ұзындықты ескере отырып тексерілуі тиіс:

— нығайтылған элементтер үшін (7.5е суретті қараңыз)

$$l_0 = 0,5l \times \sqrt{\left(1 + \frac{k_1}{0,45 + k_1}\right) \times \left(1 + \frac{k_2}{0,45 + k_2}\right)}; \quad (7.5a)$$

— нығайтылмаған элементтер үшін (7.6ж суретті қараңыз):

$$l_0 = l \times \max \left\{ \sqrt{1 + 10 \times \frac{k_1 \times k_2}{k_1 + k_2}}; \left(1 + \frac{k_1}{1 + k_1}\right) \times \left(1 + \frac{k_2}{1 + k_2}\right) \right\}, \quad (7.5b)$$

мұнда k_1 , k_2 — сәйкесінше 1 және 2 ұштарында бұрылып кетпеуге бекітудің салыстырмалы иілгіштігінің мәндері;

$$k = \frac{\theta}{M} \times \frac{EI}{l},$$

мұнда θ — M бұгуші сәттегі нығайтушы элементтің бұрылу бұрышы, сонымен қатар 7.5е және 7.5ж суреттерді қараңыз;


EI — сығымдалған элементтің иілгіш қаттылығы;

l — ұштардың бекітпелері арасындағы сығымдалған элементтің ұзындығы.

ЕСКЕРТПЕ $k = 0$ — бұрылудан сақтайтын қатты бекіту үшін теориялық шек болып табылады, ал $k = \infty$ бұрылыстан бекітудің толық болмауында шек болып табылады. Тәжірибеде бұрылудан сақтайтын толық бекіту кездеспейтіндіктен, k_1 және k_2 үшін минималды мәнді 0,1-ге тең етіп қабылдау ұсынылады.

7.3.2.2.3 Егер икемділігі себепті шартты окшауландырылған ретінде қарауға болмайтын болса, есептік ұзындықтар сонымен қатар рамалық көпірлердің тіреуіштері үшін алынуы мүмкін. Бұл жағдайда критикалық күш, демек, тіреуіштердің кез келгенінің есептік ұзындығы басқа тіреуіштердің жүктемесіне және геометриясына байланысты. Барлық тіреуіштер өзара әрекеттесуге әсер ете алады және қатты емес ретінде әрекет ете алады (7.7б сурет).

Әлдеқайда қатты бір тірек немесе тіреу (7.7а-сурет) көлденең қозғалудың алдын алғанда, басқа тіректерді оңайлату үшін бөлек ретінде қарастыруға жол беріледі, ал келесі түрде есептік ұзындықты алу үшін қатты емес тіректерді есептеу әдісін қолдануға болады: жүктемелерді барлық тұғырларға жүктейді, содан кейін көздеген тіректі қамтитын тұрақтылықты жоғалту пішіні табылғанға дейін барлық жүктемелерді барабар ұлғайтады. Содан кейін N_b бойлық бүгіліс кезінде осы тіректегі осьтік жүктеме ретінде қабылданады [2].



(а) жекелеген тіректердің (қатты) бойлық бүгілісі

(б) Бүйіріне қисайғандағы толық бойлық бүгіліс

7.7-сурет – Қатты және қатты емес тіректер

7.3.2.2.4 7.3.2.2.2-де, мысалы, айнымалы бойлық күшпен және/немесе көлденең қималы элементтерде мазмұндалған жағдайлардан ерекшелігі критикалық бойлық күшке негізделген есептік ұзындықпен 7.3.2.1 бойынша өлшемді (мысалы, сандық әдіспен анықталған) тексеру керек

$$l_0 = \pi \times \sqrt{\frac{EI}{N_b}}, \quad (7.6)$$

мұнда EI — сәйкес келетін бүгілу қаттылығы;

N_b — критикалық бойлық күш, EI осы мәнге қатысты болады ((7.3) формуласында, әдетте, i — ді EI мәнімен арақатынасын белгілеу керек).

Көлденең элементтерден нығайтушы әсер β коэффициентімен элементтердің есептік ұзындығын анықтау кезінде ескерілуі мүмкін. β коэффициенті элементтердің тірелу шарттарына байланысты болады.

7.3.2.2.5 Егер тораптағы аралық сығымдалған элемент (тұғыр) тұрақтылықты жоғалту кезінде бұрылысқа әсер етуі мүмкін болса, онда (EI/l) к анықтаған кезде $[(EI/l)_a + (EI/l)_b]$ ауыстыру керек, бұл жағдайда а және б түйіннің үстіндегі және астындағы сығымдалған элементтерге (тұғырларға) жатады.

Есептік ұзындықты анықтаған кезде нығайтушы элементтердің қаттылығын сызаттар түзілмейтін жағдайларды қоспағанда, сызаттардың түзілуін ескере отырып анықтау керек.

7.3.3 Жылжу

7.3.3.1 Жылжу деформацияны күшейтеді, сондықтан екінші қатарды талдаған кезде жылжу әсерінің ескерілуі талап етіледі. Дәл есепті орындау үшін жүктемелердің әрбір үйлесімі үшін «кернеу-деформация» тәуелділігі қажет. Осы проблеманы шешуге тек квазитұрақты жүктемелерден тиісті мәндер бойынша толық есептік жүктемемен бірге пайдаланылатын, φ_{ef} жылжу коэффициентінің тиімді мәнін анықтау арқылы қол жеткізіледі.

$$\varphi_{ef} = \frac{\varphi(\infty, t) \times M_{0Eqp}}{M_{0Ed}}, \quad (7.7)$$

мұнда:

$\varphi(\infty, t)$ — 5.1.4 бойынша жылжудың шектік сипаттамасы;

M_{0Eqp} — жүктемелердің квазитұрақты үйлесімінде бірінші қатар әсерін ескерумен бүгілу сәті (пайдаланушылық жарамдылық бойынша шектік күй (SLS));

M_{0Ed} — жүктемелердің есептік үйлесімінде бірінші қатар әсерін ескерумен бүгілу сәті (көтергіш қабілет бойынша шектік күй (ULS)).

ЕСКЕРТПЕ φ_{ef} бүгілу сәттерінің M_{0Eqp} және M_{0Ed} толық мәндері бойынша анықталуы мүмкін, бірақ бұл $\varphi_{ef} = \varphi(\infty, t)$ кезінде квазитұрақты жүктеменің әсер етуінде тұрақтылықты тексеруді және жүйелі итерациялардың орындалуын талап етеді.

7.3.3.2 [5.8.4(3)-5.8.3.4(4)] Егер M_{0Eqp} / M_{0Ed} қатынасы элементте немесе конструкцияда өзгертін болса, онда ол максималды мезетпен көлденең қима үшін есептелуі мүмкін немесе репрезентативті орташа мән қолданылуы мүмкін.

Егер келесі үш шарт орындалатын болса, жылжудың әсері ескерілмейді, яғни $\varphi_{ef} = 0$;

$$\varphi(\infty, t) \leq 2;$$

$$\lambda \leq 75;$$

$$M_{0Ed} / N_{Ed} \geq h.$$


Сонымен бірге M_{0Ed} бірінші қатар әсерін ескере отырып анықталған мезет болып табылады, ал h — тиісті бағытта көлденең қиманың биіктігі болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ Егер шарттар тек ішінара орындалатын болса, онда екінші қатардың әсерлерін және жылжуды ескеру керек, бұған келесі жағдайлар жатпайды


$$\omega = \frac{A_s \times f_{yd}}{A_c \times f_{cd}} \geq 0,25$$

7.2-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Тірек тұғырының есептік тәсімі және оның көлденең қимасы 7.8 және 7.9 Суреттерде көрсетілген. С 35/45 класты бетон. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы RH 80%.



7.8-сурет – Тірек тұғырының есептік тәсімі



7.9-сурет – Тірек тұғырының көлденең қимасы

$E_{cm} = 34 \text{ ГПа}$ — С 35/45 класты бетонның серпінділік модулі

$I_c = 1,296 \times 10^{11} \text{ мм}^4$ — тірек тұғырының бетон қимасының инерция сәті

$A_s = 23386,72 \text{ мм}^2$ — бойлық арматураның жалпы ауданы

$\theta/M = 7 \times 10^{-12} \text{ рад/кН} \times \text{м} = 7 \times 10^{-15} \text{ рад/Н} \times \text{м}$ — бүгілу кезінде нығайтқыш элементтің бұрылу бұрышы.

$M_{0Eqp} = 221 \text{ кН} \times \text{м}$ — мезеттің сипаттамалық мәні (SLS, (серпінді кезеңдегі) екінші қатардың талдауын ескерусіз);

$M_{0Ed} = 250 \text{ кН} \times \text{м}$ — мезеттің есептік мәні (ULS, (серпінді кезеңдегі) екінші қатардың талдауын ескерусіз);

$N_{Ed} = 1600 \text{ кН}$ — бойлық күштің есептік мәні.

$f_{yd} = 434,8 \text{ МПа}$ — арматураның аққыштығының есептік шегі;

$f_{cd} = 19,83 \text{ МПа}$ — осьтік сығымдау кезіндегі бетонның беріктік шегінің есептік мәні.

$t_0 = 30 \text{ тәул}$ — жүктемені салу уақыты

Анықтау:

- 1 Тірек тұғырының еркін ұзындығы
- 2 Тірек тұғырының икемділігі.
- 3 Тірек тұғырына арналған икемділіктің шектік мәні.

Шешім:

1 Тірек тұғырының еркін ұзындығын анықтау

7.3.2.2.2 сәйкес жоғарғы және төменгі бөліктерде нығайтуды ескерумен элементтің бос ұзындығын анықтауды орындаймыз

$$l_0 = l \times \max \left\{ \sqrt{1 + 10 \times \frac{k_1 \times k_2}{k_1 + k_2}}; \left(1 + \frac{k_1}{1 + k_1} \right) \times \left(1 + \frac{k_2}{1 + k_2} \right) \right\}$$

k_1 және k_2 коэффициенттерін анықтаймыз

$$k_1 = \frac{\theta}{M} \times \frac{E_{cm} \times I_c}{l} = \frac{7 \times 10^{-15} \times 34 \times 10^3 \times 1,296 \times 10^{11}}{1000 \times 7000} = 4,41 \times 10^{-6}$$

$k_2 = \infty$ — нұсқауларға сәйкес

$$l_0 = l \times \max \left\{ \sqrt{1 + 10 \times \frac{4,41 \times 10^{-6} \times \infty}{4,41 \times 10^{-6} + \infty}}; \left(1 + \frac{4,41 \times 10^{-6}}{1 + 4,41 \times 10^{-6}} \right) \times \left(1 + \frac{\infty}{1 + \infty} \right) \right\}$$

$$l_0 = l \times \max \{1, 0; 2, 0\}$$

$$l_0 = 2,0 \times l = 14,0 \text{ м}$$

$$14,0 \text{ м} = 2 \times l = 14,0 \text{ м}$$

Осы мысал үшін бос ұзындық коэффициенті абсолютты қатты қысылу кезінде 7,5 б) тәсім бойынша коэффициентке шамамен тең болады.

$$l_0 = 14,0 \text{ м қабылдаймыз.}$$

2 Тірек тұғырының икемділігін анықтау

Икемділік екінші қатардың әсерлерін есепке алу қажеттілігінің өлшемдерінде, сонымен қатар осы әсерді анықтаудың жеңілдетілген әдістемелерінде пайдаланылады.

Тірек тұғырының икемділігі келесі формула бойынша анықталады

$$\lambda = \frac{l_0}{i},$$

мұнда i – сызаттарсыз тірек тұғырының көлденең қимасы инерциясының радиусы

$$i = \sqrt{\frac{I_c}{A_c}} = \sqrt{\frac{1,296 \times 10^{11}}{900 \times 1200}} = 346,41 \text{ мм}$$

Тұғырдың икемділігі:

$$\lambda = \frac{14000}{346,41} = 40,4$$

3 Тірек тұғыры икемділігінің шектік мәнін анықтау

7.3.2.1.2-тармаққа сәйкес тексеруді жүзеге асыру қажет – егер тұғырдың икемділігінің мәні шектік икемділік мәнінен аспайтын болса, онда екінші қатардың әсерлерін ескеру талап етілмеуі мүмкін (өйткені басқа өлшемдер орындалмауы мүмкін)

$$\lambda \leq \lambda_{lim}$$

(7.2) Формула бойынша тірек тұғырының шектік икемділігін анықтаймыз

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \times A \times B \times C}{\sqrt{n}}$$

Деректер болмағанда және эскиздік есептеулер кезінде 7.3.2.1.2 тармақта мазмұндалған ұсынымдар бойынша $A=0,7$; $B=1,1$; $C=0,7$ қабылдауға болатындығын ескерте кетеміз.

Біздің мысалымызда 7.3.2.1.2-тармақта келтірілген тәуелділіктерге сәйкес А, В, С коэффициенттерін анықтаймыз

$$A = \frac{1}{1 + 0,2 \times \varphi_{ef}}$$

А коэффициентін есептеу үшін қажетті тиімді жылжу коэффициентін анықтаймыз

$$\varphi_{ef} = \frac{\varphi(\infty, t) \times M_{0Eqp}}{M_{0Ed}}$$

$\varphi(\infty, t)$ - келесі түрде есептелетін жылжу коэффициенті

$$\varphi(\infty, t) = \varphi_0 \times \beta_c(t, t_0)$$

мұнда φ_0 - жылжудың шартты коэффициенті.

$$t = \infty \text{ болғанда } \beta_c(t, t_0) = 1$$

$$\varphi_0 = \varphi_{RH} \times \beta(f_{cm}) \times \beta(t_0)$$

Өрнекке кіретін бетондық цилиндрдің сығымдалуға беріктігінің орташа мәні

$$f_{cm} = f_{ck} + 8 = 43 \text{ МПа}$$

Жылжу коэффициентіне ылғалдылықтың әсерін сипаттайтын φ_{RH} коэффициентін анықтаймыз

$$f_{cm} > 35 \text{ МПа}$$

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1 - \frac{RH}{100}}{0,1 \times \sqrt[3]{h_0}} \times \alpha_1 \right] \times \alpha_2$$

Арқалықтың көлденең қимасының келтірілген өлшемінің шамасы h_0 келесі формула бойынша анықталады

$$h_0 = \frac{2 \times A_c}{u} = \frac{2 \times 900 \times 1200}{4200} = 514,28 \text{ мм} \approx 514 \text{ мм}$$

A_c – бетон қимасының ауданы

u – қима периметрі

α_1, α_2 – бетон беріктігінің әсер ету коэффициенттері

$$\alpha_1 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{0,7} = \left[\frac{35}{43} \right]^{0,7} = 0,865$$

$$\alpha_2 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{0,2} = \left[\frac{35}{43} \right]^{0,2} = 0,96$$

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1 - \frac{80}{100}}{0,1 \times \sqrt[3]{514}} \times 0,865 \right] \times 0,96 = 1,17$$

Жылжудың шартты коэффициентіне бетон беріктігінің әсерін ескеретін $\beta(f_{cm})$ параметрді анықтаймыз

$$\beta(f_{cm}) = \frac{16,8}{\sqrt{f_{cm}}} = \frac{16,8}{\sqrt{43}} = 2,56$$

φ_0 жылжудың шартты коэффициентіне бетон жасының әсерін ескеретін $\beta(t_0)$ параметрін анықтаймыз

$$\beta(t_0) = \frac{1}{(0,1 + t_0^{0,2})} = \frac{1}{(0,1 + 30^{0,2})} = 0,48$$

φ_0 жылжудың шартты коэффициентінің шамасы $\varphi(\infty, t)$ жылжу коэффициентіне тең, өйткені $t = \infty$ болғанда $\beta_c(t, t_0) = 1$ келесі мәнге ие

$$\varphi(\infty, t) = \varphi_0 = 1,17 \times 2,56 \times 0,48 = 1,44$$

7.3.3.2-тармаққа сәйкес жылжудың тиімді коэффициентін анықтау талап етілмейтін шарттар:

$$\varphi(\infty, t) = 1,44 \leq 2$$

$$\lambda = 40,4 \leq 75$$

$$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} = \frac{250000000}{1600000} = 156,25 \text{ мм} < h = 1200 \text{ мм}$$

h – мезеттің әрекет ету жазықтығындағы қиманың биіктігі

$$\frac{M_{0Ed}}{N_{Ed}} \geq h \quad \text{шарты орындалмайды, жылжудың тиімді коэффициентін ескерумен}$$

шектік икемділік мәндерін есептеу талап етіледі

$$\varphi_{ef} = \frac{\varphi(\infty, t) \times M_{0Eqp}}{M_{0Ed}} = \frac{1,44 \times 221}{250} = 1,27$$

$$\text{Осылайша, } A = \frac{1}{1 + 0,2 \times 1,27} = 0,797 = 0,8$$

В есептеуге арналған өрнек

$$B = \sqrt{1 + 2 \times \omega}$$

ω — арматурамен күшейтудің механикалық коэффициенті

$$\omega = \frac{A_s \times f_{yd}}{A_c \times f_{cd}} = \frac{23386,72 \times 434,8}{1200 \times 900 \times 19,83} = 0,475$$

мұнда A_s — бойлық арматураның жалпы ауданы;

A_c — бетондық қиманың жалпы ауданы

f_{yd} — арматураның есептік аққыштық шегі;

f_{cd} — осьтік сығымдау кезіндегі бетон беріктігі шегінің есептік мәні.

$$B = \sqrt{1 + 2 \times 0,475} = 1,40$$

$$C = 1,7 - r_m$$

r_m — бұгуші мезеттердің қатынасы

$$r_m = \frac{M_{01}}{M_{02}}$$

M_{01}, M_{02} — бірінші қатар әсерлерін ескерумен элементтің ұштарындағы мезеттер.

Мезеттерді белгілеген кезде $|M_{02}| \geq |M_{01}|$ болатындығы шамаланады.

Біздің жағдайда $C=0,7$ $|M_{02}| = |M_{01}| = 250$ бір белгі) қабылдаймыз, өйткені $r_m = 1$

Салыстырмалы бойлық күш n :

$$n = \frac{N_{Ed}}{A_c \times f_{cd}} = \frac{1600000}{1200 \times 900 \times 19,83} = 0,075$$

N_{Ed} — бойлық күштің есептік мәні.

Тірек тұғырының шектік икемділігі:

$$\lambda_{lim} = \frac{20 \times 0,8 \times 1,40 \times 0,7}{\sqrt{0,075}} = 57,4$$

$$40,4 \leq 57,4$$

Икемділік шектік мәннен төмен, демек, екінші қатар әсерлерін есепке алудың қажеттілігі жоқ.

7.3.4 Есептеу әдістері

Келесі есептік әдістер қарастырылады:

1. Екінші қатардың әсерлерін ескере отырып линиялық емес есептеуге негізделген жалпы әдіс;
2. Номиналды қаттылыққа негізделген әдіс;
3. Номиналды қисықтыққа негізделген әдіс.

Жалпы әдісті (1) қолданған кезде (5.15) және 5.2.3 тәуелділігі пайдаланылуы мүмкін (5.9-суретті қар.). «Жернеу – салыстырмалы деформация» диаграммаларының есептік мәндерінің негізінде ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 5.8.6(3) есептеу кезінде шектік жүктеменің есептік мәні анықталады. Бетонның жылжуы бетонға арналған «жернеу – салыстырмалы деформация» диаграммасының салыстырмалы деформацияларының барлық мәндерін $(1+\varphi_{ef})$ коэффициентіне көбейтумен ескерілуі мүмкін, мұнда φ_{ef} 7.3.3-тармаққа сәйкес бетон жылжуының тиімді коэффициенті болып табылады.

Егер номиналды қаттылық мәндері алдын ала есептелетін болса, (2) әдіс жекелеген элементтер үшін, сондай-ақ жалпы конструкция үшін қолданыла алады.

(3) әдіс негізінен жекелеген элементтер үшін қолайлы. Егер қисықтықты бөлу бөлігіндегі есептеу алғышарттары үлгі бойынша қисықтық мәндері шынайы мәндерге жақын болатындай жеңілдетілген болса, ол жалпы конструкцияларды есептеу үшін қолданылуы мүмкін.

Жылжудың тиімді коэффициентінің шағын мәндерінде ($\varphi_{ef} < 0,5$) немесе (3) әдіспен салыстырғанда арматураның жоғары болуында (арматурамен асыра күшейтілген қималар) (2) әдіс жалпы есептік мезеттің төмендетілген мәнін береді. Және керісінше,

$\varphi_{ef} > 0,5$ кезінде және арматурамен қалыпты күшейтілген қималарда (3) әдіс бойынша алынған жалпы есептік мезет (2) әдіске қарағанда әлдеқайда төмен мәнге ие болады.

7.3.4.1 Номиналды қаттылыққа негізделген әдіс

7.3.4.1.1 Бұл әдіс қаттылықты (EI) аққыштыққа дейін тұрақты деп санауға болатын, металл конструкциялар үшін екінші қатарлы әсерлерді анықтау кезінде әлдеқайда қолайлы болып табылады. Бетон конструкциялар үшін жағдай сызаттың түзілуімен байланысты бір сызықтылықтың елеулі түрде болмауынан, сонымен қатар материал жұмысының бір сызықты болмауынан және сызаттарсыз қиындау болады. Нәтижесінде, осы осьтік күш үшін EI мезеттің ұлғаюымен азаяды және біркәндес анықталған болып табылмайды. 7.3.4.1-тармақша келесі параметрлерге байланысты болатын осы көлденең қима үшін EI «номиналды қаттылықты» анықтау арқылы темірбетон қиманың екінші қатарының әсерлерін ескеруге рұқсат береді:

- a) Қиманы арматурамен күшейту;
- b) Элементке осьтік күштің түсуі;
- c) Бетонның жылжуы;
- d) Элементтің икемділігі.

7.3.4.1.2 Әртүрлі көлденең қималармен икемді сығымдалған элементтердің номиналды қаттылығы келесі формула бойынша анықталады

$$EI = K_c \times E_{cd} \times I_c + K_s \times E_s \times I_s, \quad (7.8)$$

мұнда E_{cd} — бетонның серпінділік модулінің есептік мәні

I_c — бетонның көлденең қимасының инерция сәті;

E_s — арматураның серпінділік модулінің есептік мәні;

I_s — бетондық көлденең қиманың ауырлық орталығына қатысты арматураның инерция мезеті;

K_c — сызаттардың, жылжудың және т.с.с. әсерін ескеретін коэффициент;

K_s — арматураның әсерін ескеретін коэффициент.

7.3.4.1.3 (7.8) Формула бойынша $\rho = (A_s / A_c) \geq 0,002$: ескере отырып, параметрлерді пайдалану керек

$$K_s = 1,$$

$$K_c = \frac{k_1 \times k_2}{1 + \varphi_{ef}},$$

мұнда ρ - арматурамен күшейтудің геометриялық коэффициенті;

A_s - арматураның көлденең қимасының жалпы ауданы;

A_c - бетонның көлденең қимасының жалпы ауданы;

φ_{ef} - жылжудың тиімді коэффициенті;

k_1, k_2 - сәйкесінше бетонның беріктік класына f_{ck} және салыстырмалы бойлық күшке $n = N_{Ed} / A_c \times f_{cd}$ және икемділікке λ байланысты болатын коэффициенттер.

$$k_1 = \sqrt{\frac{f_{ck}}{20}}, \text{ МПа} \quad (7.9)$$

$$k_2 = n \times \frac{\lambda}{170} \leq 0,2 \quad (7.10)$$

Егер λ икемділік анықталмаса, онда k_2 коэффициенті келесі тәуелділік бойынша анықталуы мүмкін

$$k_2 = n \times 0,3 \leq 0,2 \quad (7.10)$$

$$\rho = \frac{A_s}{A_c} \geq 0,01 \quad \text{арматурамен күшейтудің геометриялық коэффициентінде} \quad (7.8)$$

формуласында жеңілдетілген балама ретінде келесі коэффициенттер пайдаланылуы мүмкін:

$$K_s = 0, \quad (7.12)$$

$$K_c = \frac{0,3}{1 + 0,5 \times \varphi_{ef}}, \quad (7.13)$$

ЕСКЕРТПЕ Жеңілдетілген балама бірінші қадам ретінде пайдаланылуы мүмкін, содан кейін әлдеқайда дәл есеп келетін болады.

7.3.4.1.4 [5.8.7.2(4)] Статикалық анықталмайтын конструкцияларда түйіспелі элементтердегі сызаттардың пайда болуының қолайсыз әсерін ескеру қажет. (7.8)÷(7.13) Формулалары жалпы жағдайда осындай элементтерге тарамайды. Жеңілдету үшін сызатпен толық қиылған көлденең қималарды қарастыруға болады. Қаттылықты, әдетте, бетонның тиімді модулін пайдаланып есептеу керек.

$$E_{cd,eff} = \frac{E_{cd}}{1 + \varphi_{ef}}, \quad (7.14)$$

мұнда E_{cd} — $\gamma_{CE} = 1,2$ болғанда $E_{cd} = E_{cm} / \gamma_{CE}$ ретінде анықталатын серпінділік модулінің есептік мәні.

7.3.4.1.5 [5.8.7.3(1)] Екінші қатардағы әсерлерді ескерумен мезетті қосқанда, жалпы есептік мезет бірінші қатардың әсерлерін ескере отырып анықталған бұғуші сәттердің ұлғаюы арқылы есептеледі, атап айтқанда

$$M_{Ed} = M_{0Ed} \times \left[1 + \frac{\beta}{(N_B / N_{Ed}) - 1} \right], \quad (7.15)$$

мұнда M_{0Ed} — бірінші қатардың әсерлерін ескерумен мезет, 7.3.4.2.3 қараңыз;

β — бірінші және екінші қатар әсерлерін ескерумен мезеттердің бөлінуіне байланысты болатын коэффициент, 7.3.4.1.6 қараңыз;

N_{Ed} — бойлық күштің есептік мәні;

N_B — номиналды қаттылық негізінде анықталған критикалық күш.

7.3.4.1.6 [5.8.7.3(2)] Тұрақты көлденең қимамен және бойлық күшпен жекелеген элементтер үшін екінші қатардың әсерін ескере отырып мезет синусоидалды бөліністен шығара келе қабылдануы мүмкін. Сонда

$$\beta = \frac{\pi^2}{c_0}, \quad (7.16)$$

мұнда c_0 — бірінші қатардың әсерлерін ескере отырып, мезеттің (эпюра пішінінің) бөлінуіне байланысты болатын коэффициент, (мысалы, бірінші қатардың әсерлерін ескерумен тұрақты мезеттегі $c_0 = 8$, $c_0 = 9,6$ — параболалық көріністе және $c_0 = 12$ — симметриялық үшбұрышты бөліністе және т.б.).

7.3.4.1.7 [5.8.7.3(3)] Көлденең жүктемесі жоқ конструкция элементтері үшін бірінші қатардың әсерлерін ескере отырып бір-бірінен ерекшеленетін ұштық бүгілуші мезеттер M_{01} және M_{02} , 7.3.4.2.3 сәйкес, бірінші қатардың әсерлері ескерілетін балама мезеттермен M_{0e} ауыстырылуы мүмкін. Бірінші қатардың әсерлерін ескере отырып тұрақты мезетті қабылдаған кезде, әдетте, $c_0 = 8$ қабылдау қажет.

ЕСКЕРТПЕ $c_0 = 8$ мәні екі бағытта бүгілетін элементтер үшін де жарамды. Кейбір жағдайларда икемділігіне және бойлық күшке байланысты ұштық мезеттер ұлғайтылған балама мезетке қарағанда көбірек болатындығын көрсету керек.

7.3.4.1.8 7.3.4.1.6 немесе 7.4.3.1.7 көрсетілген шарттар қолданылмайтын жағдайда, $\beta = 1$ болады. Формула (7.15) келесі түрге келтірілуі мүмкін:

$$M_{Ed} = \frac{M_{0Ed}}{1 - N_{Ed} / N_B} \quad (7.17)$$

ЕСКЕРТПЕ 7.3.4.1.8 көрсетулері конструкциялардың белгілі бір типтерін, мысалы көлденең қабырғалармен нығайтылған немесе әлдеқайда қарапайым конструкциялар үшін жалпы есептеу үшін де жарамды, мұнда әсер етудің басты салдары нығайтқыш элементтердегі бүгіліс сәттері болып табылады.

7.3.4.2 Номиналды қисықтыққа негізделген әдіс

7.3.4.2.1 Бұл әдіс, бірінші кезекте, сәйкес шектегіш шарттармен оқшауланған ретінде қарастырылуы мүмкін элементтермен пайдалану үшін арналған. Бастапқы жетілмеушіліктерден болатын мезетті қосқанда, бірінші қатар мезеті қосымша максималды майысудан болатын мезетке қосылады. Есептік мезет келесі формула бойынша анықталады

$$M_{Ed} = M_{0Ed} + M_2, \quad (7.18)$$


мұнда M_{0Ed} — жетілмеушіліктердің әсерін қосқанда, бірінші қатардың әсерлері ескерілетін мезет;

M_2 — екінші қатардың әсерлері ескерілетін номиналды мезет.

7.3.4.2.2 M_{Ed} максималды мезет M_{0Ed} және M_2 таралуынан есептеледі және соңғысы есептік ұзындықты бойлай параболалық немесе синусоидальдық болып қабылдануы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ Конструкциялардың статикалық анықталмайтын элементтері үшін M_{0Ed} іс жүзіндегі шектік шарттарға анықталады, M_2 есептік ұзындық бойынша шектік шарттарға байланысты болады.

7.3.4.2.3 [5.8.8.2(2)] Элементтердің ұштары арасында түсірілген жүктемелерсіз элементтер үшін бірінші қатардың әсерлерін ескере отырып ерекшеленетін ұштық бүгіліс сәттер, M_{01} және M_{02} (7.10-сурет), бірінші қатардың әсерлерін ескере отырып балама мезетпен M_{0e} ауыстырылуы мүмкін.



7.10-сурет – Бірінші қатардың ұштық мезеттері

$$M_{0e} = 0,6 \times M_{02} + 0,4 \times M_{01} \geq 0,4M_{02} \quad (7.19)$$

Егер бір жақта керілісті туындататын болса, M_{01} және M_{02} бірдей белгілерге ие, керісінше жағдайда олардың белгілері қарама-қарсы. Одан басқа, $|M_{02}| \geq |M_{01}|$.

7.3.4.2.4[5.8.8.2(3)] Екінші қатардың әсерін ескере отырып, номиналды есептік мезет, M_2 , (7.18) формулада құрайды:

$$M_2 = N_{Ed} \times e_2 \quad (7.20)$$

мұнда N_{Ed} — бойлық күштің есептік мәні;

e_2 — $(1/r) \times (l_0^2 / c)$ ретінде анықталатын ауысу;

$1/r$ — қисықтық, 7.3.4.2.6 қараңыз;

l_0 — есептік ұзындық, 7.3.2.2 қараңыз;

c — қисықтықтың бөлінуіне байланысты коэффициент, 7.3.4.2.5 қараңыз.

7.3.4.2.5 [5.8.8.2(4)] Тұрақты көлденең қимада әдетте $c = 10 (\approx \pi^2)$ пайдаланылады. Егер бірінші қатардың әсерлері ескерілетін мезет тұрақты болып табылатын болса, онда

әдетте азырақ мәнді қолдану қажет (8— бұл тұрақты жалпы мезетке сәйкес келетін төменгі шектік мән).

ЕСКЕРТПЕ π^2 мәні қисықтықтың синусоидальды таралуына сәйкес келеді. Тұрақты қисықтық үшін мән 8 құрайды. «с» жалпы қисықтықтың түріне байланысты болатындығына назар аудару қажет, «с₀» 7.3.4.1.6 сәйкес бірінші қатардың әсерлерін ескерумен мезетке сәйкес келетін қисықтыққа байланысты болады.

7.3.4.2.6 [5.8.8.3(1)] Тұрақты симметриялық қимамен және симметриялық арматурамен элементтер үшін келесі формула қолданылады:

$$\frac{1}{r} = K_r \times K_\phi \times \frac{1}{r_0}, \quad (7.21)$$

мұнда K_r — бойлық жүктемеге байланысты болатын түзеткіш коэффициент, 7.3.4.2.9 қараңыз.

K_ϕ — жылжудың әсерін ескеретін коэффициент, 7.3.4.2.10 қараңыз.

$$\frac{1}{r_0} = \frac{\varepsilon_{yd}}{0,45d},$$

мұнда $\varepsilon_{yd} = \frac{f_{yd}}{E_s},$

d — қиманың жұмыстық биіктігі, 7.3.4.2.8 қараңыз.

7.3.4.2.7 Бойлық арматура қаттылықты есептеген кезде ескеріледі. Сонымен бірге сығымдалған кездегі арматураны есепке алу өлшемдері анық белгіленбеген. Кешігіп жылжу әсері мүмкін болатын қималармен элементтерде барлық арматура тиімті ең шегінде шартты түрде таралады.

7.3.4.2.8 [5.8.8.3(2)] Егер барлық арматура қарама қарсы жақтарда шоғырланбаған болса, бүгілістің жазықтығына параллель ішінара таралатын болса, онда d келесі формула бойынша анықталады

$$d = \frac{h}{2} + i_s, \quad (7.22)$$

Сонымен бірге i_s — барлық арматура ауданының инерция радиусы.

7.3.4.2.9 [5.8.8.3(3)] (7.21) Формуладағы K_r келесі түрде қабылдау керек:

$$K_r = \frac{n_u - n}{n_u - n_{bal}} \leq 1, \quad (7.23)$$

мұнда $n = \frac{N_{Ed}}{A_c \times f_{cd}}$ — салыстырмалы бойлық күш;

мұнда N_{Ed} — бойлық күштің есептік мәні;

n_{bal} — бүгіліске максималды кедергі көрсету кезіндегі n мәні; 0,4-ке тең қабылдауға жол беріледі;

Бұл тармақ барлық симметриялық қималар үшін 0,4-ке тең болатын n_{bal} мәнін алуға рұқсат береді. Басқа жағдайларда мән түзетулерді енгізумен қималарды талдаудан алынуы

мүмкін. K_r әрдайым 1,0-ге тең төмендетіліп қабылданады ($n < n_{bal}$ үшін ол 1,0-ден жоғары), бұл сығымдағыш жүктеме жоғары болатын аралық көпірлік тіректер үшін материалдардың елеулі түрде шығындалуына әкелмейді.

$$n_u = 1 + \omega,$$

$$\omega = \frac{A_s \times f_{yd}}{A_c \times f_{cd}},$$

мұнда A_s — арматура қимасының жалпы ауданы;

A_c — бетон қимасының жалпы ауданы.

7.3.4.2.10 [5.8.8.3.(4)] жылжу әсерін коэффициентпен ескеру керек

$$K_\phi = 1 + \beta \times \phi_{ef} \geq 1, \quad (7.24)$$

мұнда ϕ_{ef} — жылжудың тиімді коэффициенті, 7.3.3 қараңыз;

$$\beta = 0,35 + \frac{f_{ck}}{200} - \frac{\lambda}{150};$$

λ — икемділік, 7.3.2.1 қараңыз.

7.4 Алдын ала кернеуленген элементтер және конструкциялар

7.4.1 Алдын ала кернеу күші

7.4.1.1 Кернелетін арматурадағы күш, P_{\max} (яғни керіліс кезінде кернелетін арматураның соңындағы күш) шамадан аспауы тиіс

$$P_{\max} \leq A_p \times \sigma_{p,\max} \quad (7.25)$$

мұнда A_p - кернелетін арматурв қимасының ауданы,

$\sigma_{p,\max}$ - кернелетін арматураға түсетін максималды кернеу.

$$\sigma_{p,\max} = \min \{ k_1 \times f_{pk}; k_2 \times f_{p0,1k} \}$$

Мұнда ұсынылатын мәндер $k_1 = 0,8$ және $k_2 = 0,9$.

Кергіш құрылғының максималды күші өлшеудің дәлдігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда кернелетін арматурадағы максималды күш шамадан аспауы тиіс

$$P_{\max} \leq k_3 \times f_{p0,1k} \times A_p,$$

Мұнда ұсынылатын мән $k_3 = 0,95$.

7.4.1.2 [5.10.2.2.(4)] Егер жеке кернелетін элементтегі алдын ала кернеу кадаммен түсетін болса, бетонның талап етілетін беріктігі азаюы мүмкін. t уақыт мезетіндегі $f_{cm}(t)$ бетонның минималды беріктігі әдетте толық алдын ала кернеу кезінде талап етілетін бетон беріктігін $k_4[\%]$ құрауы тиіс, толық алдын ала кернеу кезінде бетонның талап етілетін беріктігі мен минималды беріктік арасында алдын ала кернеу $k_5[\%]$ және 100% толық алдын ала кернеу арасындағы интерполяция бойынша анықталуы мүмкін. Ұсынылатын мәндер $k_4[50\%]$ және $k_5[30\%]$.

7.4.1.3 [5.10.2.2.(5)] Алдын ала кернеу күшінен және керіліс кезінде және алдын ала кернеуді босатқаннан кейін әрекет ететін басқа жүктемелерден туындайтын конструкцияның бетонындағы қысқыш кернеулерді келесі түрде шектеу қажет

$$\sigma_c \leq 0,6 \times f_{ck}(t) \quad (7.26)$$

$f_{ck}(t)$ алдын ала кернеуді бастап және босатқаннан кейін t уақыт мезетінде сығымдаған кезде бетонның сипаттамалық беріктігі болып табылады.

Егер сынақтардың немесе тәжірибенің негізінде ажырайтын бойлық сызаттар түзілмейтіндігін негіздеуге болатын болса және сонымен бірге $k_6 = 0,7$ мәні ұсынылатын болса, алдын ала кернеуленген элементтер үшін алдын ала кернеу күшін беру сәтінде кернеулер $k_6 \times f_{ck}(t)$ дейін ұлғайтылуы мүмкін.

Егер сығымдаушы кернеулер $0,45 \times f_{ck}(t)$ мәнінен тұрақты түрде асатын болса, онда линиялық емес жылжуды ескеру қажет.

7.4.1.4 Керу және анкерлеуден кейін немесе тірекке керу кезінде бетонға күш берілгеннен кейін тікелей түскен алдын ала кернеудің $P_{m0}(x)$ бастапқы күшінің мәні ($t = t_0$ уақыт мезетінде) P_{max} керілу күшінен тікелей шығындарды $\Delta P_i(x)$ шегеру арқылы есептеледі және келесі мәннен кем болмауы тиіс

$$P_{m0}(x) = A_p \times \sigma_{pm0}(x), \quad (7.27)$$

мұнда $\sigma_{pm0}(x) = \min\{k_7 \times f_{pk}; k_8 \times f_{p0,1k}\}$ керуден немесе беруден кейін тікелей кернеуші элементтегі кернеу.

$\sigma_{pm0}(x)$ параметрі бетонға алдын ала кернеу күшін бергеннен кейін немесе кергеннен кейін дереу x нүктесінде алдын ала кернеуленген арматураның элементіндегі кернеу болып табылады. $\sigma_{pm0}(x)$ шамасы $k_7 \times f_{pk}$ немесе $k_8 \times f_{p0,1k}$ минималды мәнімен шектелген, мұнда f_{pk} және $f_{p0,1k}$ - сипаттамалық кернеу және аққыштықтың 0,1%-дық шартты шегі. k_7 және k_8 мәндерін сәйкесінше 0,75 және 0,85 ретінде қабылдау ұсынылады. Мысалы, ҚР СТ EN 10138-3-2011 бойынша алдын ала кернеуленген арматуралық арқан үшін әдетте $f_{p0,1k} = 0,86 \times f_{pk}$, сондықтан екінші шектік коэффициент ажырауға 73,1% сипаттамалық беріктікке жол берілетін күшті бере отырып, анықтаушы болып табылады. Керілістен кейін күшке шектеу қою 70% болып қабылдануы мүмкін.

7.4.1.5 [5.10.3(3)] $\Delta P_i(x)$ тікелей шығындарын анықтаған кезде, әдетте, бетонға керген кезде және тіреуішке керген кезде келесі тікелей ықпалдарды тиісті түрде ескеру керек:

- ΔP_{el} бетонның серпінді деформацияларынан келетін шығындар;
- ΔP_r қысқа мерзімді релаксациядан келетін шығындар;
- $\Delta P_{\mu}(x)$ үйкелістен болатын шығындар;
- ΔP_{sl} анкерлік құрылғылардағы жылжудан болған шығындар.

7.4.1.6 $t > t_0$ уақыт сәтіндегі $P_{m,t}(x)$ алдын ала кернеу күшінің орташа мәнін керіліс тәсіліне байланысты анықтау қажет. Бетонның жылжу және шөгу нәтижесі ретінде

$\Delta P_{c+s+r}(x)$ кернеу күшінің уақытқа байланысты шығынын, сонымен қатар кернеуші элементтердің ұзақ релаксациясын қосымша ескеру қажет. Осылайша,
 $P_{m,t}(x) = P_{m0}(x) - \Delta P_{c+s+r}(x)$.

7.4.2 Конструкцияны бетондағанға дейін керу кезінде алдын ала кернеу күштерінің тікелей (бірінші) шығындары

7.4.2.1 Алдын ала керіліс кезінде туындайтын келесі шығындарды ескеру қажет:

- а) кернеу үдерісі кезінде:
- айналдырма құрылғыларға үйкелістен келген шығындар (сымдарды немесе арқандарды қайыру жағдайларында)
 - анкерлік құрылғыдағы жылжудан болған шығындар.
- б) бетонға алдын ала кернеуді бергенге дейін:
- кернеуші элементтердің керілісі мен бетонның алдын ала кернеуі арасындағы уақыт ішінде кернеуші элементтердің қысқа мерзімді релаксациясынан келген шығындар.
- с) бетонға алдын ала кернеуді берген кезде:
- бетонды серпінді сығымдаудан болған шығындар.

ЕСКЕРТПЕ Темірбетон конструкцияларды жылумен өңдеу кезінде бетонның шөгуінен және арматурадағы кернеулердің релаксациясынан келген шығындарды түрлендіру керек.

МЫСАЛ 7.3

Бастапқы деректер: Тіреуішке арматураны керумен алдын ала кернеуленген арқалық үш арқаннан шоғырланып біріктірілген диаметрі 15,2мм жеті сымдық он екі арқандармен арматураланған. Арқалықтың есептік тәсімі 7.11а-Суретте көрсетілген, ал оның дайындау кезеңінде аралықтың ортасындағы көлденең қимасы 7.11б-Суретте көрсетілген. Арқанның сипаттамалары 7.1-Кестеде көрсетілген. Бетонның беріктік бойынша класы С35/45.

$E_{cm}(t) = 31,5$ ГПа – қатаюдың 7 тәулігіндегі С35/45 класты бетон серпінділігінің кескіш модулі


$E_s = 195$ ГПа – шоғыр болатының серпінділік модулі

$A = 139$ мм² – 1 арқанның ауданы


$A_p = 1668$ мм² – кернелетін арқандардың жиынтық ауданы

$A_c = 3,45 \times 10^5$ мм²

$I_c = 5,31 \times 10^{10}$ мм⁴



а) Расчетная схема балки



б) Поперечное сечение балки в
середине пролета

а) Арқалықтың есептік тәсімі

1.1.1-сурет – тзындығы 21м арқалық

Анықтау: 1 Арқандардың керілу күші.
2 Алдын ала кернеудің тікелей (бірін

б) Аралықтың ортасында
арқалықтың көлденең қимасы

Шешім:

1 Арқан шоғырларының алдын ала керілу күшін анықтау

P_{\max} кернеуші элементіне түсетін максималды жол берілетін күш келесі формула бойынша анықталады

$$P_{\max} = A_p \times \sigma_{p,\max}$$

7.1-кесте – Арқанның сипаттамалары

Класс	Белгіленуі		Номиналды мән				Туынды мән			
	Арқанды арматураның түрі	Болат маркасы	Диаметр d, мм	Ажырауға уақыттық кедергі f_{pk} , МПа	Көлденең қима ауданы S_0 , мм ²	Масса, г/м	Номиналды массадан жол берілетін ауытқу, %	Ажырау күші F_m , кН	Ажырау күшінің сипаттамалық максималды мәні $F_{m,max}$, кН	0,1 % ұзаруға сәйкес келетін күштің сипаттамалық мәні $F_{p0.1}$, кН
A	Y1860S7	1.1366	15.2	1860	139	1095	±2	260	298	224

Арқан үшін максималды жол берілетін кернеуді $\sigma_{p, \max}$ анықтаймыз.

7.4.1.1 сәйкес, $\sigma_{p,\max}$ $k_1 \times f_{pk}$ және $k_2 \times f_{p0.1k}$ екі мәнінің ең азы ретінде белгіленеді.

Ұсыныстарға сәйкес $k_1 = 0,8$ және $k_2 = 0,9$.

ҚР СТ EN 10138-3 бойынша арқандар үшін $f_{p0,1k}$ аққыштықтың сипаттамалық 0,1% шартты шегі келесі мәнге ие

$$f_{p0,1k} = 0,86 \times f_{pk} = 0,86 \times 1860 = 1599,6 \text{ МПа}$$

$k_1 \times f_{pk}$ және $k_2 \times f_{p0,1k}$ мәндерін анықтаймыз.

$$k_1 \times f_{pk} = 0,8 \times 1860 = 1488 \text{ МПа}$$

$$k_2 \times f_{p0,1k} = 0,9 \times 1599,6 = 1439,64 \text{ МПа}$$

Арқан үшін максималды жол берілетін алдын ала кернеуді қабылдаймыз

$$\sigma_{p,\max} = 1439 \text{ МПа}$$

Шығындарды ескерусіз керілістің максималды күші

$$P_{\max} = 1668 \times 1439 = 2400252 \text{ Н} = 2400,25 \text{ кН}$$

Болатты бетонға келтіру коэффициенті

$$\alpha = \frac{E_s}{E_{cm}} = \frac{195}{34} = 5,73$$

Бетон қимасының келтірілген ауданы:

$$A_{red} = A_c + \alpha \times A_{p1} + \alpha \times A_{p2} + \alpha \times A_{p3} + \alpha \times A_{p4} = 3,45 \times 10^5 + 5,73 \times 4 \times 417 = 354557,64 \text{ мм}^2$$

Қабырғаның төменгі шегіне қатысты бетон қимасы ауданының статикалық мезеті:

$$S = A_c \times y_c = 3,45 \times 10^5 \times 734 = 253230000 \text{ мм}^3$$

Келтірілген қиманың ауырлық орталығынан қабырғаның төменгі шегіне дейінгі арақашықтық:

$$Z_{red} = \frac{S + \alpha \times A_{p1} \times y_1 + \alpha \times A_{p2} \times y_2 + \alpha \times A_{p3} \times y_3 + \alpha \times A_{p4} \times y_4}{A_{red}} = \frac{253230000 + 5,44 \times 417 \times 80 \times 3 + 5,44 \times 417 \times 160}{354074} = 717 \text{ мм}$$

Келтірілген қиманың ауырлық орталығынан кернелетін арқандарға дейінгі арақашықтық

$$y_{p1} = y_{p2} = y_{p3} = 717 - 80 = 637 \text{ мм}$$

$$y_{p4} = 717 - 160 = 557 \text{ мм}$$

$Z_c = 734 \text{ мм}$ – бетон қимасының ауырлық орталығынан төменгі шегіне дейінгі арақашықтық

$Z_{red} = 717 \text{ мм}$ – келтірілген қиманың ауырлық орталығынан төменгі шекке дейінгі арақашықтық

Келтірілген қиманың инерция мезеті:

$$I_{red} = I_c + A_c \times (Z_c - Z_{red})^2 + 3 \times \alpha \times A_{p1} \times y_{p1}^2 + \alpha \times A_{p4} \times y_{p4}^2 = 5,31 \times 10^{10} + 3,45 \times 10^5 \times 17^2 + 3 \times 5,73 \times 417 \times 637^2 + 5,73 \times 417 \times 557^2 = 5,68 \times 10^{10} \text{ мм}^4$$

Күштің эксцентриситеті $P_{m,0}$


$$Z_{cp} = \frac{3 \times A_{p1} \times y_{p1} + A_{p4} \times y_{p4}}{3 \times A_{p1} + A_{p4}} = \frac{3 \times 417 \times 637 + 417 \times 557}{1668} = 617 \text{ мм}$$

Z_{cp} - элементтің келтірілген қимасының ауырлық орталығына қатысты $P_{m,0}$ күштің эксцентриситеті (7.12-Суретті қараңыз)

Қысу күшінен болатын кернеулер:

Анкерге сығымдау күшін берудің алдында болатын 1% релаксациясын ескеру қажет

$$\sigma_{cp} = 0,99 \times \left(\frac{P_{\max}}{A_{red}} + \frac{P_{\max} \times Z_{cp}^2}{I_{red}} \right) = 0,99 \times \left(\frac{2400,25 \times 10^3}{354557,64} + \frac{2400,25 \times 10^3 \times 617^2}{5,68 \times 10^{10}} \right) = 22,63 \text{ МПа}$$



7.12-сурет – Көлденең қима

Қиманың кедергі көрсету мезеті

$$W_{c1} = \frac{I_{red}}{Z_c} = \frac{5,68 \times 10^{10}}{717} = 79,22 \times 10^6 \text{ мм}^3$$

$$W_{c2} = \frac{I_{red}}{Z_{c2}} = \frac{5,68 \times 10^{10}}{433} = 131,2 \times 10^6 \text{ мм}^3$$

2 Алдын ала керілістің тікелей (бірінші) шығындарын анықтау

Анкерлер арқылы керіліс күшін берген кезде бетонның серпінді деформацияларынан келген шығындар жоғары нәтижені беретін (бетонға күшті толық бергенге дейін тұрақты сығымдау):

$$\Delta P_{el} = A_p \times \frac{E_p}{E_{cm}(t)} \times \sigma_{cp} = 1668 \times \frac{195}{31,5} \times 22,63 = 233,67 \text{ кН}$$

Немесе нақтыланған (бетон деформациясының өсуімен бір мезгілде сығымдаудың азайтылуын есепке алу) формула бойынша есептелуі мүмкін:

$$\Delta P_{el} = \frac{A_p \times \frac{E_p}{E_{cm}(t)} \times \sigma_{cp}}{1 + \frac{E_p}{E_{cm}(t)} \times \frac{A_p}{A_{red}} \times \left(1 + \frac{A_p}{I_{red}} \times Z_{cp}^2\right)} = \frac{1668 \times \frac{195}{31,5} \times 22,63}{1 + \frac{195}{31,5} \times \frac{1668}{354557,64} \times \left(1 + \frac{354557,64}{5,68 \times 10^{10}} \times 617^2\right)} = 212,75 \text{ кН}$$

Көріп отырғандай, айырмашылық құрауы мүмкін:
 $100 \times (233,67 - 212,75) / 212,75 = 10\%$

Бірінші шығындардан кейін алдын ала кернеу күші

$$P_{m,0} = 0,99 \times P_{\max} - \Delta P_{el} = 0,99 \times 2400,25 - 212,75 = 2163,5 \text{ кН}$$

$$\sigma_{pi} = \frac{P_{m,0}}{A_p} = \frac{2163,5 \times 10^3}{1668} = 1297,1 \text{ МПа} - \text{бірінші шығындарды ескерумен арқандағы}$$

кернеу.

7.4.3 Бетонға керу кезінде алдын ала кернеу күшін тікелей (бастапқы) жоғалту

7.4.3.1 Бетонның лездік деформацияларынан келген шығындар

7.4.3.1.1 Бетонның деформациясынан келген шығындар ΔP_{el} әрбір кернеуші элементте 5.10.5.1(2) ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011 сәйкес келесі түрдегі шығындардың орташа мәні ретінде қабылдануы мүмкін

$$\Delta P_{el} = A_p \times E_p \times \sum \frac{j \times \Delta \sigma_c(t)}{E_{cm}(t)}, \quad (7.26)$$

мұнда $\Delta \sigma_c(t)$ — t уақыт сәтінде кернеуші элементтердің ауырлық орталығының деңгейінде бетондағы кернеудің өзгерісі;

j — коэффициент, тең болады:

$(n-1)/2 \times n$, мұнда n — жүйелі түрде керілетін барабар кернеуші элементтердің саны. Жуықтай алғанда j 0,5-ке тең болып қабылдануы мүмкін;

1,0 — алдын ала кернеуден кейін тұрақты әсерлерден туындаған өзгерістер үшін.

7.4.3.2 Үйкелістен болған шығындар

7.4.3.2.1 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 5.10.5.2(1) сәйкес бетонға керілу кезінде үйкелістен болған шығындар $\Delta P_\mu(x)$ келесі түрде қабылдануы мүмкін:

$$\Delta P_\mu(x) = P_{\max} \times (1 - e^{-\mu(\theta + kx)}), \quad (7.27)$$

мұнда θ — x арақашықтығында бұрылыстың жиынтық бұрышы (бағытқа және белгіге тәуелсіз) ;

μ — кернеуші элемент пен оның арнасы арасындағы үйкелу коэффициенті;

k — ішкі кернеуші элементтің кездейсоқ (қасақана емес) бұрылу бұрышы (ұзындық бірлігіне);

x — алдын ала кернеу күші P_{\max} тең болатын орыннан кернеуші элементті бойлай арақашықтық (керілетін ұштағы күш).

μ мәні кернеуші элементтер мен арналар бетінің қасиеттеріне, тоттың болуына, одан басқа, кернеуші элементтің ұзаруына және оның профиліне байланысты.

Кездейсоқ (қасақана емес) бұрылу бұрышы үшін k мәні жұмыстарды өндіру сапасына, кернеуі элементтердің бекітілу орындарының арасындағы арақашықтыққа, арнаның немесе қабықшаның пайдаланылған типіне, сонымен қатар бетонды төсеу кезіндегі тығыздану деңгейіне байланысты.

ЕСКЕРТПЕ 1 [2]-ден алынған, 7.2-Кестеде келтірілген μ мәндері қабылдануы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ 2 ішкі кернеуші элементтер үшін k әдетте 1 м-ге 0,005 –тен 0,01 дейінгі шектерде болады.

7.4.3.2.2[5.10.5.2(4)] Сыртқы кернеуші элементтерде кездейсоқ (қасақана емес) бұрыштық бұрылыстардан кернеу күшінің жоғалуын ескермеуге жол беріледі.

7.2 [5.1] кесте — Бетонға керу (конструкцияда орналасқан кернеуші элементтер үшін) және ілініспей сыртқы кернеуші элементтер кезіндегі μ үйкеліс коэффициенттері

Элемент	Ішкі кернеуші элементтер ¹⁾	Ілінісусіз сыртқы кернеуші элементтер			
		Майланбаған болат арна	Майланбаған HDPE арна	Майланған болат арна	Майланған HDPE арна
Суықтай тартылған сым	0,17	0,25	0,14	0,18	0,12
Арқан	0,19	0,24	0,12	0,16	0,10
Мерзімдік профильдің өзектері	0,65	—	—	—	—
Тегіс дөңгелек өзектер	0,33	—	—	—	—
¹⁾ Арнаның шамамен жартысын толтыратын кернеуші элементтер үшін.					
ЕСКЕРТПЕ HDPE — тығыздығы жоғары полиэтилен.					

7.4.3.3 Анкерлік құрылыстағы жылжудан келетін шығындар

7.4.3.3.1 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 5.10.5.3 сәйкес, керілістен кейін анкерлік құрылғыдағы жылжу себепті, сонымен қатар анкердің өзінің деформациясынан келген шығындарды ескеру қажет. Жылжудың тиісті мәндері өздерінің алдын ала кернеу жүйелері үшін техникалық сипаттамалардың тізбесінде өндірушілермен келтірілген.

7.4.4 Тіреуге керу және бетонға керу кезінде алдын ала кернеу күшінің уақытқа байланысты шығыны

7.4.4.1 Уақыт өте алдын ала керу күшінің әрі қарайғы шығындары релаксация себепті болаттағы кернеудің азаюы және шөгу, жылжу себепті бетонның деформациясынан туындаған, арматуралық болат деформациясының төмендеуінен орын алады. Релаксациялық шығындар конструкцияда орын алатын, уақытқа тәуелді басқа шығындарды есепке алу кезінде азайтылуы мүмкін (өйткені керіліс күшінің азаюы релаксацияға шығындардың азаюына әкеледі). Бұл үдерісті 0,8 [1] тең болатын азаю коэффициентінің көмегімен шамамен ескеруге болады.

7.4.4.2 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 5.10.6(1) сәйкес, уақытқа тәуелді шығындарды есепке алған кезде кернеудің төмендеуіне әкелетін келесі әсерлерді назарға алу керек:

- а) тұрақты жүктемелер кезінде жылжығыштық және шөгу себепті бетонның деформациясынан туындаған салыстырмалы деформациялардың азаюы;
- б) керілу кезіндегі релаксация себепті болаттағы кернеудің азаюы.

7.4.4.3 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 5.10.6(2) сәйкес, уақытқа, тұрақты жүктемелерге байланысты шығындарды анықтау (7.28) формуласы бойынша орындалады.

$$\Delta P_{c+s+r} = A_p \times \Delta \sigma_{p,c+s+r} = A_p \times \frac{\varepsilon_{cs} \times E_p + 0,8 \times \Delta \sigma_{pr1} + \frac{E_p}{E_{cm}} \times \varphi(t, t_0) \times \sigma_{c,QP}}{1 + \frac{E_p}{E_{cm}} \times \frac{A_p}{A_{red}} \times (1 + \frac{A_{red}}{I_{red}} \times Z_{cp}^2) \times (1 + 0,8 \times \varphi(t, t_0))}, \quad (7.28)$$

мұнда $\sigma_{p, t+s}$ — t уақыт мезетіндегі x қимасындағы жылжу, шөгу және релаксация нәтижесінде кернеуші элементтердегі кернеу өзгерісінің абсолютты мәні;

ε_{cs} — 5.1.4.7 сәйкес абсолютты мән ретінде анықталған шөгудің салыстырмалы деформациясы;

E_p — ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 3.3.6(2) сәйкес қабылданатын, кернелетін болат серпінділігінің модулі ;

E_{cm} — бетон серпінділігінің кескіш модулі (5.1-Кестені қараңыз);

$\Delta \sigma_{pr}$ — кернелетін болат релаксациясының салдарынан t уақыт мезетіндегі x қимасындағы кернеуші элементтерде кернеу өзгерісінің абсолютты мәні.

$\varphi(t, t_0)$ — t_0 уақыт мезетінде жүктеме түсірген кезде t уақыт мезетіндегі жылжу коэффициенті;

$\sigma_{c,QP}$ — кернеуші элементті қоршаған бетондағы меншікті салмақтан, алдын ала кернеудің бастапқы күшінен және мүмкін болатын іс жүзіндегі басқа тұрақты әсерлерден болатын кернеу. $\sigma_{c,QP}$ мәні конструкцияларды дайындаудың қарастырылатын кезеңіне байланысты, іс жүзіндегі тұрақты әсерлер үйлесімінен толық мәнді әрекетінен немесе меншікті салмақтың бөлігін ғана және бастапқы алдын ала кернеуді пайдаланумен есептелуі мүмкін;

A_p — x қимасындағы барлық кернеуші элементтер қимасының ауданы;

A_c — бетон қимасының ауданы;

I_c — бетондық қиманың инерция мезеті;

Z_{cp} — бетондық қиманың ауырлық орталықтары және кернеуші элементтер арасындағы арақашықтық.

Егер жоғарыда келтірілген формула бетонмен ілініспейтін кернелетін арматураның элементтеріне қолданылатын болса, онда орташа кернеулер пайдаланылуы мүмкін

$$\Delta \sigma_c = \frac{\Delta \sigma_p \times A_p}{A_c} \times (1 + \frac{A_c \times Z_{cp}^2}{I_c}) \quad (7.29)$$

7.4.4.4 Егер ε_{cs} - бетонның еркін шөгетін деформациясына ие болсақ, онда кернелетін болат арматура да сығымдалуы тиіс, бұл бетондағы кернеудің өзгерісін және алдын ала кернеудің жоғалуын туындатады. Бетонның деформациясы, $\varepsilon_{cs} - \Delta \sigma_c / E_{ce}$,

мұндағы E_{ce} бетонның тиімді модулі болып табылады, ол жылжуды ескеруі тиіс, өйткені кернеудің өзгерісі біраз уақыт бойы жүреді. Бұл ақпарат алдын ала кернеу кезінде деформацияның өзгерісіне тең болады, атап айтқанда:

$$\varepsilon_{cs} - \frac{\Delta\sigma_c}{E_{ce}} = \frac{\Delta\sigma_p}{E_p} \quad (7.30)$$

(7.29) және (7.30) теңдеулерінен бетонның шөгуінен алдын ала кернеудің шығыны құрайды:

$$\Delta\sigma_{p,s} = \frac{\varepsilon_{cs} \times E_p}{1 + \frac{E_p}{E_{ce}} \times \frac{A_p}{A_c} \times (1 + \frac{A_c}{I_c} \times z_{cp}^2)} \quad (7.31)$$

7.4.4.5 Алдын ала кернеуден болатын тұрақты деформация кезіндегі кернеудің шектеулі релаксациясы – $\Delta\sigma_{pr}$. Алдын ала кернеудің бұл шығыны $\Delta\sigma_c$ бетондағы кернеудің өзгерісіне, демек бетон деформациясының өзгерісіне әкелетіндіктен, ол сондай-ақ кернелетін арматураның элементіндегі кернеудің өзгерісіне әкелуі тиіс, сондықтан алдын ала кернеуді іс жүзінде жоғалту $\Delta\sigma_p$ келесі түрде көрінеді:

$$\frac{\Delta\sigma_{pr} - \Delta\sigma_p}{E_p} = \frac{\Delta\sigma_c}{E_{ce}} \quad (7.32)$$

(7.29) және (7.32) теңдеулерінен арматуралық болат релаксациясының арқасында алдын ала кернеудің шығыны құрайды:

$$\Delta\sigma_{p,r} = \frac{\Delta\sigma_{pr}}{1 + \frac{E_p}{E_{ce}} \times \frac{A_p}{A_c} \times (1 + \frac{A_c}{I_c} \times z_{cp}^2)} \quad (7.33)$$

7.4.4.6 [2] сәйкес жылжудың еркін деформациясы $\sigma_c \times \varphi(t, t_0) / E_c$ ретінде берілген, мұндағы σ_c бұл кернелетін арматураның элементтеріне жалғасып жатқан бетондағы бастапқы кернеу. Алайда, бетонның жылжуының өсуіне қарай, кернелетін арматура деформацияны аталған шамаға өзгертуі тиіс, бұл алдын ала кернеудің, сонымен қатар бетондағы кернеудің өзгерісіне әкеледі. Осы себептен бетонның деформациясы $\sigma_c \times \varphi(t, t_0) / E_c - \Delta\sigma_c / E_{ce}$ ретінде берілген. Бұл деформация алдын ала кернеуден деформацияның өзгерісіне тең, осылайша:

$$\frac{\sigma_c \times \varphi(t, t_0)}{E_c} - \frac{\Delta\sigma_c}{E_{ce}} = \frac{\Delta\sigma_p}{E_p} \quad (7.34)$$


Бұл теңдеу алдын ала кернеудегі шығындар σ_c мәніне, демек, жылжу деформациясына да өзгерістер енгізетіндігі дерегін ескермейді, сондықтан дұрыс жауапты алу үшін итерация қажет. (7.29) және (7.34) шығара келе, жылжу салдарынан алдын ала кернеудің шығыны құрайды:

$$\Delta\sigma_{p,c} = \frac{\frac{E_p}{E_c} \times \sigma_c \times \varphi(t, t_0)}{1 + \frac{E_p}{E_{ce}} \times \frac{A_p}{A_c} \times (1 + \frac{A_c}{I_c} \times z_{cp}^2)} \quad (7.35)$$

Жоғарыда көрсетілген барлық шығындарда, E_{ce} бетонның тиімді модулі жылжуды ескере отырып қабылдануы тиіс. t_0 уақыт мезетінде әрекет ететін тұрақты кернеу үшін $E_c = 1,05 \times E_{cm}$ емес, $E_c = E_{cm}$ болғанда $E_{cm} / (1 + \varphi(t, t_0))$ модулін қабылдауға болады. Дегенмен, әрбір жағдайда модуль бетонның баяу орын алатын деформациясынан кернеуді есептегенде қолданылғандықтан, ең қолайлы модуль $E_{ce} = E_{cm} / (1 + 0,8 \times \varphi(t, t_0))$ болып табылады. Жылжу коэффициентінің алдындағы көбейткіш 0,8, тозу көрсеткішіне барабар. Егер осы модуль осы теңдеулерге қойылатын болса, релаксациядан келген шығындар 0,8 коэффициентіне көбейтіледі.

7.4-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Келтірілген көлденең қима 7.13-Суретте көрсетілген.



Қиманың кедергілену мезеті

$$W_{c1} = \frac{I_{red}}{Z_c} = \frac{5,68 \times 10^{10}}{717} = 79,22 \times 10^6 \text{ мм}^3$$

$$W_{c2} = \frac{I_{red}}{Z_{c2}} = \frac{5,68 \times 10^{10}}{433} = 131,2 \times 10^6 \text{ мм}^3$$

7.13-сурет – Келтірілген көлденең қима

$\sigma_{pi} = 1297,1 \text{ МПа}$ - бастапқы шығындарды ескерумен арқандағы кернеу

$P_{m,o} = 2163,5 \text{ кН}$ - алғашқы шығындардан кейін алдын ала кернеу күші

Аралықтың ортасындағы қимаға арналған бүгуші мезет $M = 527 \text{ кН} \times \text{м}$

Бетонның салыстырмалы ылғалдылығы 80% ($RH=80\%$). N класты СЕМ цементіндегі бетон. Бетонның ылғалды сақталуының (шөгудің басталуы) аяқталу сәтіндегі бетонның жасы $t_s = 3$ күн. Кернелетін арматурамен бетонды сығымдау күшін салу мерзімі $t_0 = 3$ күн.

7.3-кесте – Аралық ортасындағы қималардың геометриялық сипаттамалары

Қиманың қалпы	Келтірілген қима ауданы, мм ²	Келтірілген қиманың инерция мезеті, мм ⁴	Келтірілген қиманың ауырлық орталығының қалпы мм
Аралықтың ½	354557,64	$5,68 \times 10^{10}$	717

Анықтау: 1 Арматураны тіреуге келген кездегі алдын ала кернеу күшінің уақытқа тәуелді шығындары

Шешім:

1 Арматураны тіреуге керген кездегі алдын ала кернеу күшінің уақытқа тәуелді шығындарын анықтау

Арқандардың релаксациясынан келген шығындар

2-класқа сәйкес келетін, баяу релаксацияланатын арқандар үшін релаксациядан келген шығындар 5.3.1. сәйкес анықталады:

$$\frac{\Delta\sigma_{pr}}{\sigma_{pi}} = 0,66 \times \rho_{1000} \times e^{9,1\mu} \times \left(\frac{t}{1000}\right)^{0,75(1-\mu)} \times 10^{-5}$$

$\rho_{1000} = 2,5\%$ - ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011 сәйкес баяу релаксацияланатын арқандар үшін

$t = 500000$ сағат (шамамен 57 жыл)

$$\mu = \frac{\sigma_{pi}}{f_{pk}} = \frac{1297,1}{1860} = 0,7$$

Релаксациядан келген шығынды анықтаймыз:

$$\frac{\Delta\sigma_{pr}}{\sigma_{pi}} = 0,66 \times 2,5 \times e^{9,1 \times 0,70} \times \left(\frac{500000}{1000}\right)^{0,75 \times (1-0,70)} \times 10^{-5} = 0,039 = 3,9\%$$

Жиынтық релаксация 3,9%:

1% - бетонға сығымдау күшін беру мезетіне дейінгі арқандардың релаксациясы

2,9%- күшті бергеннен кейін арқандардың релаксациясы.

$$\Delta\sigma_{pr1} = 0,029 \times \sigma_{pi} = 0,029 \times 1297,1 = 37,62 \text{ МПа}$$

Қатаю кезінде шөгудің салыстырмалы деформациясының шектік шамасы $t = \infty$ уақыты үшін құрайды:

$$\varepsilon_{ca}(t) = 2,5 \times (f_{ck} - 10) \times 10^{-6} = 2,5 \times (35 - 10) \times 10^{-6} = 62,5 \times 10^{-6}$$

$t = 30$ күнді құрайтын уақыт үшін $\beta_{as}(t)$ бетонның шөгуінің даму функциясын анықтаймыз

$$\beta_{as}(t) = 1 - \exp(-0,2 \times t^{0,5}) = 1 - \exp(-0,2 \times 30^{0,5}) = 0,666$$

$t = 30$ күн болғанда $\varepsilon_{ca,s}(t)$ қатаю кезінде бетонның қалдық салыстырмалы шөгу деформациясы құрайды:

$$\varepsilon_{ca,s}(t) = (1 - \beta_{as}(t)) \times \varepsilon_{ca}(\infty) = (1 - 0,666) \times 62,5 \times 10^{-6} = 20,88 \times 10^{-6}$$

Арқалықтың көлденең қимасының келтірілген өлшемінің шамасы h_0 келесі формула бойынша анықталады

$$h_0 = \frac{2 \times A_c}{u} = \frac{2 \times 3,45 \times 10^5}{4603} = 149,9 \approx 150 \text{ мм}$$

$A_c = 3,45 \times 10^5 \text{ мм}^2$ - бетондық қима ауданы

$u = 4603 \text{ мм}$ - қима периметрі

5.3-Кесте бойынша бетонға арналған интерполяция бойынша C35/45

$$\varepsilon_{cd,0} = 270 \times 10^{-6}$$

Интерполяция бойынша 5.4-кесте бойынша $h_0 = 150$, $k_h = 0,925$

Бетонның құрғап шөгуінің салыстырмалы деформациясының негізгі (номиналды) мәні: $270 \times 10^{-6} \times 0,925 = 249,75 \times 10^{-6}$

β_{ds} - уақыт бойынша бетонның шөгуінің даму функциясы, келесі формула бойынша анықталады

$$\beta_{ds}(t, t_s) = \frac{(t - t_s)}{(t - t_s) + 0,04 \times \sqrt{h_0^3}}$$

$t = 30$ - шөгу бөлігінің шамасы есептелетін бетонның жасы;

$$\beta_{ds}(t, t_s) = \frac{(30 - 3)}{(30 - 3) + 0,04 \times \sqrt{150^3}} = 0,27$$

$t = 30$ күнді құрайтын уақыт мезетінде құрғағанда бетонның қалдық салыстырмалы шөгу деформациясы тәуелділік бойынша анықталады

$$\varepsilon_{cd,s} = (1 - 0,27) \times 249,75 \times 10^{-6} = 182,3 \times 10^{-6}$$

$t = 30$ күн болатын мерзімде $\varepsilon_{cs}(t)$ бетонның толық қалдық салыстырмалы деформацияның шамасы құрайды:

$$\varepsilon_{cs} = \varepsilon_{cd,s} + \varepsilon_{ca,s} = 182,3 \times 10^{-6} + 20,88 \times 10^{-6} = 203,18 \times 10^{-6}$$

$\varphi(t, t_0)$ жылжу коэффициенті келесі формула бойынша анықталады:

$$\varphi(t, t_0) = \varphi_0 \times \beta_c(t, t_0)$$

$$t = \infty \text{ болғанда } \beta_c(t, t_0) = 1$$

$$\varphi_0 = \varphi_{RH} \times \beta(f_{cm}) \times \beta(t_0)$$

φ_{RH} жылжу коэффициентіне ылғалдылықтың әсерін сипаттайтын коэффициентті анықтаймыз

$$f_{cm} = f_{ck} + 8 = 43 \text{ МПа}$$

$$f_{cm} > 35 \text{ МПа}$$

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1 - \frac{RH}{100}}{0,1 \times \sqrt[3]{h_0}} \times \alpha_1 \right] \times \alpha_2$$

α_1, α_2 - бетон беріктігінің әсер ету коэффициенттері

$$\alpha_1 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{0,7} = \left[\frac{35}{43} \right]^{0,7} = 0,865$$

$$\alpha_2 = \left[\frac{35}{f_{cm}} \right]^{0,2} = \left[\frac{35}{43} \right]^{0,2} = 0,96$$

$$\varphi_{RH} = \left[1 + \frac{1 - \frac{80}{100}}{0,1 \times \sqrt[3]{150}} \times 0,865 \right] \times 0,96 = 1,27$$

$\beta(f_{cm})$ - жылжу коэффициентіне беріктіктің әсерін ескеретін фактор

$$\beta(f_{cm}) = \frac{16,8}{\sqrt{f_{cm}}} = \frac{16,8}{\sqrt{43}} = 2,56$$

$\beta(t_0)$ - жүктемені түсіру уақытын ескеретін фактор

$$\beta(t_0) = \frac{1}{(0,1 + t_0^{0,2})} = \frac{1}{(0,1 + 30^{0,2})} = 0,48$$

Жылжудың шартты коэффициентінің шамасы φ_0 келесі мәнге ие:

$$\varphi(t, t_0) = \varphi_0 = 1,27 \times 2,56 \times 0,48 = 1,56$$

Жылжудан, шөгуден және релаксациядан болған жиынтық шығындар:

$$\Delta P_{c+s+r} = A_p \times \Delta \sigma_{p,c+s+r} = A_p \times \frac{\varepsilon_{cs} \times E_p + 0,8 \times \Delta \sigma_{pr1} + \frac{E_p}{E_{cm}} \times \varphi(t, t_0) \times \sigma_{c,QP}}{1 + \frac{E_p}{E_{cm}} \times \frac{A_p}{A_{red}} \times (1 + \frac{A_{red}}{I_{red}} \times Z_{cp}^2) \times (1 + 0,8 \times \varphi(t, t_0))},$$

Егер бетон қимасының көбірек сығымдалған талшығындағы кернеулер $0,45 \times f_{ck}(t)$ асатын болса, онда жылжудың шартты коэффициентінің мәнін түрлендіру талап етіледі.

Алдын ала кернеу күшінен қимадағы кернеулерді анықтаймыз.

Қиманың төменгі шегіндегі кернеулер:

$$\sigma_c = P_{m,0} \times (\frac{1}{A_{red}} + \frac{e}{W_{c1}})$$

$P_{m,0} = 21635 \text{ кН}$ - бастапқы шығындарды ескере отырып, шоғырдың керілу күші

$e = Z_{cp} = 617 \text{ мм}$ - келтірілген қиманың ауырлық орталығынан кернелетін арматураның келтірілген орналасу орталығына дейінгі арақашықтық

$$\sigma_c = 2163500 \times (\frac{1}{354557,64} + \frac{617}{79,22 \times 10^6}) = 22,95 \text{ МПа}$$

Қиманың жоғарғы шегіндегі кернеулер:

$$\sigma_c = P_{m0} \times (\frac{1}{A_{red}} - \frac{e}{W_{c2}})$$

$$\sigma_c = 2163500 \times (\frac{1}{354557,64} - \frac{617}{131,2 \times 10^6}) = -4,07 \text{ МПа}$$

Меншікті салмақтан болатын қимадағы кернеулер

Қиманың ортасындағы бүгілуші мезет $M = 527 \text{ кН} \times \text{м}$

Сығымдалуға беріктік шегі

$$\sigma_{np} = 0,6 \times f_{ck}(t) = 0,6 \times 35 = 21 \text{ МПа}$$

$f_{ck}(t) = 35$ - $t = 30$ күнді құрайтын уақыт мезетінде сығымдалу кезіндегі бетонның сипаттамалық беріктігі, содан бастап оған алдын ала кернеу күші әсер етеді.

Қиманың төменгі шегіндегі кернеу:


$$\sigma = \frac{-527 \times 10^6}{79,22 \times 10^6} = -6,65 \text{ МПа}$$

Қиманың жоғарғы шегіндегі кернеу:

$$\sigma = \frac{527 \times 10^6}{131,2 \times 10^6} = 4,01 \text{ МПа}$$

$$\sigma_{\max} = 16,3 \text{ МПа} < \sigma_{\text{np}} = 21 \text{ МПа}$$

$\sigma_{c, QP} = 14,83 \text{ МПа}$ - кернелетін шоғырлардың келтірілген орталығының орналасу деңгейінде қимадағы кернеу (7.14-Суретті қараңыз).



7.14-сурет – Қимадағы кернеулердің эпюрасы

Тексерулер:

$$|\sigma_{\min}| = 4,07 \text{ МПа} > f_{ctm} = 3,2 \text{ МПа}$$

Дайындау кезеңінде элемент осіне қалыпты сызаттардың ашылу енін анықтау талап етіледі.

$$0,45 \times f_{ck}(t) = 35 \times 0,45 = 15,75 \text{ МПа} < 16,3 \text{ МПа}$$

Бұл шарттың орындалмауы себепті бетонның жылжу коэффициентін түзету қажет, сол арқылы оның линиясыздығын ескеру керек.

$$\varphi_{nl}(t, t_0) = \varphi(t, t_0) \times e^{(1,5 \times (k_\sigma - 0,45))}$$

$\varphi_{nl}(\infty, t_0)$ - линиялық емес жылжудың түрлендірілген (линиялық емес) коэффициентінің шектік мәні

k_σ - жүктеу деңгейіне байланысты коэффициент

$$\varphi_{nl}(t, t_0) = 1,56 \times e^{(1,5 \times (0,47 - 0,45))} = 1,56 \times 1,03 = 1,61$$

$$k_\sigma = \frac{\sigma_c}{f_{ck}(t)} = \frac{16,3}{35} = 0,47$$

Жылжудан, шөгуден және релаксациядан келетін жиынтық шығындар

$$\Delta P_{c+s+r} = A_p \times \Delta \sigma_{p,c+s+r} =$$

$$= 1668 \times \frac{203,18 \times 10^{-6} \times 195 \times 10^3 + 0,8 \times 37,62 + \frac{195}{34} \times 1,61 \times 14,83}{1 + \frac{195}{34} \times \frac{1668}{354557,64} \times (1 + \frac{354557,64}{5,68 \times 10^{10}} \times 617^2) \times (1 + 0,8 \times 1,61)} = 285,24 \text{ кН}$$

Алдын ала сығымдау күшінің орташа мәні

$$P_{m,t} = P_{m,0} - \Delta P_{c+s+r} = 2163,5 - 285,24 = 1878,26 \text{ кН}$$

Пайыздық қатынастағы шығындар

$$\frac{P_{\max} - P_{m,t}}{P_{\max}} \times 100\% = \frac{2400,25 - 1878,26}{2400,25} \times 100\% = 21,7\%$$

7.4.5 Есептеуде алдын ала кернеуді есепке алу

7.4.5.1 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 5.10.7 сәйкес сыртқы кернеуші элементтерде алдын ала кернеуден екінші қатардың мезеттері туындауы мүмкін.

Алдын ала кернеудің жанама әсерінен болатын мезеттер статикалық анықталмаған конструкцияларда ғана туындайды.

Линиялық есептеу кезінде күштерді және мезеттерді қайта бөлу орындалатынын алдында алдын ала кернеудің тікелей, сонымен қатар жанама әсерін ескеру қажет.


Икемді және линиялық емес есептеуде алдын ала кернеудің екіншілікті әсері қосымша икемді бұрылыс ретінде ұсынылуы мүмкін, кейін ол бұрылысқа қабілеттікті тексеру кезінде ескерілуі тиіс.

Бетонға керілу кезінде арналарды инъекциялағаннан кейін болат пен бетон арасындағы ілінісу қатқыл ретінде қарастырылуы мүмкін. Алайда толтырғанға дейін кернеуші элементтерді ілінісуге ие емес ретінде қарастыру қажет.

Бұрылыстың нүктелері (девиаторлар) арасындағы сыртқы кернеуді элементтер тік линиялы ретінде қарастырылуы мүмкін.


7.4.5.2 Бетонға сыртқы және ішкі алдын ала кернеу арасында екі негізгі айырмашылық бар. Біріншіден, екінші қатардың әсерлері кернелетін арматураның сыртқы элементтерімен алдын ала кернеу нәтижесінде туындауы мүмкін. Бұл кернелетін арматура элементі мен бетон арасындағы үздіксіз байланыстың болмауынан орын алады, сондықтан арматуралық элемент бетондық элемент секілді барлық жерде иіле бермейді. Бұл құбылыс төтенше жағдай үшін 7.15-суретте көрсетілгендей, түсірілген жүктемедегі алдын ала кернеу мезетін жоғалтуға, сонымен қатар алдын ала кернеу бірінші қатардың бүгілістерінің үстінде басымдылыққа ие болатын жерде алдын ала кернеу мезетінің [2] ұлғаюына әкелуі мүмкін. Бұл әсер жобалау кезінде қарастырылуы тиіс. Кернелетін арматура элементін бетонмен бірге қозғалуға мәжбүрлейтін аралық девиаторларды орнату есебінен ықпал елеулі түрде төмендейді.

7.4.5.3 Алдын ала кернеу орын алғанда, ал арматураның бетонмен ілінісуі қамтамасыз етілмеген жағдайда, кернелетін арматураның элементіндегі және қоршаған бетондағы деформациялар тең болмайды. Бұл бүгіліс кезінде қиратқыш күйді анықтаған кезде ескерілуі тиіс.




7.15-сурет – Аралық девиаторларсыз бетонға керумен алдын ала кернеуге ұшыратылған арқалықтағы қайталама әсер


7.4.5.4 Статикалық анықталатын элементтер үшін, кез келген қимадағы алдын ала кернеу мезеті $P \times e$ ретінде беріледі. Қимадағы алдын ала кернеудің осьтік күші элементтің ауырлық ортасы мен кернелетін арматура арасындағы эксцентриситетке көбейтіледі. Бұл алдын ала кернеудің негізгі (бастапқы) мезеті деп аталады. Қайталама немесе «паразиттік» мезеттер статикалық анықталмайтын конструкциялардың алдын ала кернеуімен байланысты енгізілуі мүмкін [2]. Олар алдын ала кернеуден туындаған, тіректермен бүгілуді шектеу себепті туындайды. Қайталама мезеттер көбінесе үлкен маңызға ие және атауына қарамастан, оларды елемей қоюға мүлдем болмайды (7.16-Сурет).




(а) Кесінді емес екі аралықты элементтің алдын ала




(б) Орталық тіреусіз алдын ала кернеуден бүгілген пішін



(в) Бастапқы алдын ала кернеу



(г) Алдын ала кернеудің қайталама мезеттері



(д) Алдын ала кернеу моментінің жалпы саны

7.16-сурет – Алдын ала кернеудің бастапқы және қайталама мезеттері

8 КӨТЕРГІШ ҚАСИЕТТЕРІ БОЙЫНША ШЕКТІК КҮЙЛЕР (ULS)

8.1 Осьтік бойлық күшпен немесе бойлық күшсіз бүгілу

8.1.1 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.1(2)Р сәйкес, темірбетон және алдын ала кернеуленген конструкциялардың қималарында шектік бүгілуші мезетті анықтау кезінде келесі жорамалдар қабылданды:

- а) Жазық қималар жазық түрінде қалады;
- б) бетонмен ілінісуге ие арматураның немесе кернеуші элементтердің салыстырмалы деформациялары созылған кезде де, сығылған кезде де қоршаған бетонның салыстырмалы деформациялары секілді мағыналарға ие;
- в) Созылу кезінде бетонның беріктігі ескерілмейді;
- г) бетондағы сығымдалу кернеулері ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 5.1.7 тармағында келтірілген есептік тәуелділік, байланыстырушы кернеу және салыстырмалы деформациялар бойынша қабылданады;

д) Арматурадағы және алдын ала кернеуленген болаттағы кернеулер есептік диаграммалар бойынша қабылданады (5.9-сурет және 5.11-сурет);

е) Кернеуші элементтердің бастапқы салыстырмалы деформациялары олардағы кернеулерді анықтаған кезде ескеріледі.

Линиялық деформацияларға қатысты а) жорамалы өзектер ретінде қарастыруға болатын және арқалық-қабырғаларға тарамайтын, бүгілетін және орталықтан тыс-сығымдалған/керілген элементтерде кернеулі-деформацияланған күйді анықтау үшін ғана сәйкес келеді. Жорамал сонымен қатар жүктеменің жергілікті әсеріне есептеулер кезінде, мысалы, кернелетін арматураның анкерлеу аймақтарында пайдаланылмайды.

Бетондағы арматураның жергілікті жылжуы сондай-ақ арматура деформацияларының іргелес бетондағы осындай болып тура сәйкес келе бермейтіндігін білдіреді, алайда, бетонмен ілінісуге ие арматурамен конструкцияларды жобалау кезінде жоғарыда келтірілген тең деформациялар туралы жорамал б) тәжірибе жүзіндегі одеректермен елеулі айырмашылықтарға әкелмейді және қолданыла алады.

8.1.2 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.1(3) тармағына сәйкес, сығымдалған кездегі бетонның салыстырмалы деформациясын «кернеу – салыстырмалы деформация» қабылданған диаграммасына байланысты ε_{cu2} немесе ε_{cu3} дейін шектеу қажет, ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 5.1.7-тармағын және 5.1 Кестені қараңыз. Арматуралық болаттың және алдын ала кернеуленген болаттың салыстырмалы деформацияларын ε_{ud} мәніне дейін шектеу қажет (қолданылатын жерінде).

Арматура үшін кернеу-деформация есептік қисық сызықтары критикалық деформация бойынша шекпен көлбеу тармақты қамтиды (5.9-Сурет). Көлбеу тармақты ескере отырып есептеулер арматурамен әлсіз күшейтілген арқалықтарда арматураны аздап үнемдеуге әкеледі, бұл көпірлік конструкциялар үшін тән емес (көпірлік арқалықтарда қирау сығымдалған аймақтың бетоны бойынша орын алады, яғни арматурамен қалыпты күшейтілген немесе қатты күшейтілген жерлер), еңбекті көп талап етеді және қолмен есептеп шығаруға жарамайды. Есептік теңдеулер көлденең жоғарғы тармақпен арматураның кернеу-деформация қисық сызығын пайдаланумен және деформация шегінің болмауымен ғана шығарылады. Алайда аталмыш ұстанымдар көлбеу тармақты пайдалануға да қатысты болады. Алдын ала керуді ескере отырып есептеулерде көлбеу тармақты қисық сызықтар әлдеқайда қолайлы болады.

8.1.3 Ұсынылған мән $\varepsilon_{ud} = 0,9 \times \varepsilon_{uk}$. 5.8-Кестеде кернелмейтін арматура үшін икемділіктің сипаттамалары келтірілген.

8.1.4 Кернелетін болат үшін ұсынылатын мән $\varepsilon_{ud} = 0,9 \times \varepsilon_{uk}$ мәніне тең. Егер дәл мәндер белгісіз болса, онда ұсынылатын мәндер: $\varepsilon_{ud} = 0,02$ және $f_{p0,1k} / f_{pk} = 0,9$.


8.1.5 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.1(4)-тармағына сәйкес, N сығымдаушы күшінің әсеріндегі симметриялық арматурамен көлденең қималар үшін кездейсоқ эксцентриситет мәнін қолдану қажет $e_0 = \min(h/30, 20 \text{ мм})$, мұнда h қиманың биіктігі болып табылады. Бұл жағдайда минималды бүгілу мезетінің мәні $M = N \times e_0$ тең болады.

Минималды бұгуші мезетті кез келген оське қатысты қарастыру керек, бірақ ішінара басты ось бойынша номиналды мезет ортогоналды ось бойынша бұгуші мезетке

қарсылыққа үлкен әсер көрсетпейтін болады, сондықтан еленбеуі мүмкін. Егер тұғырлар икемді болса екінші қатардың мезеттері ескерілуі тиіс, егер тұғырлар қатты болса, ескермеуге болады. Кездейсоқ ауытқулардан болатын мезеттер әрдайым ескерілуі тиіс.

8.1.6 Шамалас шоғырланған жүктемемен жүктелген ($e_d / h < 0,1$), қималар үшін, мысалы, қорапты арқалықтардың сығымдалған тақталары, қиманың осы бөлігіндегі сығымдаудың орташа салыстырмалы деформациясын e_{c2} мәніне дейін шектеу қажет (немесе егер 5.5-Суретке сәйкес билиниялық тәуелділік пайдаланылатын болса e_{c3} мәніне дейін).

Қиманың биіктігі бойынша салыстырмалы деформациялардың ықтимал бөліністері 8.1-Суретте берілген.



8.1-сурет — Көтергіш қабілет бойынша шектік күйдегі салыстырмалы деформациялардың ықтимал бөлінуі

Қимадағы шектік мезетке кедергі алгебралық болмаса итеративті әдістердің көмегімен деформациялардың ортақтастығы әдісімен анықталуы мүмкін. Итеративті әдісті келесі қадамдарға бөлуге болады:

а) бейтарап осьтің биіктігін жуықтап бағалау және сығымдалған кездегі бетонның шеткі талшығында ε_{cu2} (немесе егер кернеу-деформация параболалық-тікбұрышты эпюра пайдаланылмайтын болса, ε_{cu3}) деформациясына және деформацияның линиялық бөлінісіне жол бере отырып, созылған және сығымдалған арматурада деформацияны есептеу;

б) кернеу-деформацияны мінсіздендіруден шығара келе, болат арматураның есептік деформацияларына сәйкес келетін болат арматураның кернеуін есептеп шығару;

в) кернеу-деформацияны мінсіздендіруден шығара келе, бейтарап осьтің болжалды биіктігімен байланысты деформацияларға сәйкес келетін бетондағы кернеулерді есептеп шығару;

г) созылудың нәтижелі күшін және қимадағы сығымдаушы күшті есептеп шығару. Егер олар тең болмаса, бейтарап осьтің беіктігін өзгерту және а қадамына оралу)

д) Созылудың нәтижелі күші нәтижелі сығымдаушы күшке тең болғанда, қиманың жалпы нүктесіне қатысты мезетті анықтау, бұл кедергінің ізделіп отырған шектік мезеті болады.

8.1.7 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.1(7) тармағына сәйкес, бетонмен ілінісуге ие емес сыртқы алдын ала кернеуленген арматуралық элементтер үшін екі жүйелі бекітілген нүктелердің (анкерлердің немесе девиаторлардың) арасындағы алдын ала кернеуленген арматурадағы салыстырмалы деформациялар тұрақты болып шамаланады. Алдын ала кернеуленген арматурадағы салыстырмалы деформациялар қарастырылып отырған бекітілген нүктелер арасындағы конструкцияның деформациясынан туындаған, салыстырмалы деформацияның шамасына ұлғайтылған шығындарды айқындағаннан кейін қалдық салыстырмалы деформацияларға тең болады.

Темірбетон элементтердің алдын ала кернеуленген көлденең қималарын жобалауға арналған жалпы жорамалдар алдын ала кернеуленбеген темірбетонға арналған жалпы жорамалдарға ұқсайды. Кернелетін арматураның алдын ала кернеуленген элементтеріндегі бастапқы деформация шектік кедергіні бағалау кезінде ескеріледі. Бұл «алдын ала деформация» барлық шығындардан кейін алдын ала кернеудің есептік күшіне сәйкес келетін деформация болып табылады, $P_{d,t}(x) = \gamma_P P_{m,t}$. Содан кейін алдын ала деформация алдын ала деформацияға сәйкес келетін шамаға кернелетін арматураның алдын ала кернеуленген элементтері үшін кернеу-деформация есептік эпюралары координаттарының басталуын жылжыту арқылы қималардың бүгіліс беріктігінде назарға алынады. Кернелетін арматураның бетонмен ілінісуін әрі қарай қамтамасыз етумен алдын ала кернеу үшін, кернелетін арматура деформациясының өзгерісі іргелес бетондағы деформацияның өзгерісі секілді есептеледі. Бұл жол беру бетонмен ілініспейтін кернелетін арматуралық элементтерге тарамайды.

8.1.8 [6.1(108)] Бетонмен ілініспейтін, сыртқы алдын ала кернеуленген арматуралық элементтер үшін екі жүйелі түрде бекітілген нүктелер арасындағы алдын ала кернеуленген арматурадағы салыстырмалы деформациялар тұрақты болып шамаланады. Алдын ала кернеуленген арматурадағы салыстырмалы деформациялар қарастырылып отырған бекітілген нүктелер арасындағы конструкцияның деформациясынан туындаған, салыстырмалы деформацияның шамасына ұлғайтылған шығындарды анықтағаннан кейін қалдық салыстырмалы деформацияларға тең болады.

8.1.9 [6.1(109)] Алдын ала кернеуленген конструкциялар үшін 5(P) (5.10.1) талабы келесі әдістердің кез келгенімен орындалуы мүмкін:

а) Алдын ала кернеуленетін арматураның кішірейтілген ауданын пайдаланып, көтергіш қабілетті тексеру. Тексеріс келесі тәртіпте орындалады:

1) Жүктемелердің жиі кездесетін үйлесімінен туындаған бүгуші мезетті есептеп шығару;

2) 1) тізіміне сәйкес есептеп шығарылған алдын ала кернеу мен бүгуші мезеттің бірлесе әсер етуінде шеткі фибралардағы кернеу f_{ctm} шамасына жететіндей түрде алдын ала кернелетін арматураның кішірейтілген ауданын анықтау;

3) алдын ала кернелетін арматураның кішірейтілген ауданын пайдаланып, шектік бұғуші мезетті есептеп шығару. Осы мезеттің жиі кездесетін жүктемелердің үйлесімінен туындаған бұғуші мезеттен асып кететіндігіне көз жеткізу қажет. Осы тексеру кезінде конструкциялардың шегінде ішкі күштердің қайта бөлінісі ескерілуі мүмкін; бұл жағдайда шектік бұғуші мезетті ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 2.1N Кестесінде көрсетілген кездейсоқ жобалық шарттар үшін материалдың беріктік қорының жеке қауіпсіздік коэффициенттерін пайдаланып есептеу керек;

б) Арматура қимасының минималды ауданын (8.1) Формула бойынша қамтамасыз ету. Басқа мақсаттар үшін арналған арматура қимасының ауданы $A_{s,min}$ есебіне енгізілуі мүмкін:

$$A_{s,min} = \frac{M_{rep}}{z_s f_{yk}} \quad (8.1)$$

мұнда M_{rep} – шеткі созылған фибрадағы f_{ctx} созылуға тиісті беріктікті пайдаланумен есептеп шығарылған сызат түзу мезеті; сонымен бірге алдын ала кернеудің әсері ескерілмейді. Құрама элементтердің түйіспелері бойынша $M_{rep}=0$ тең қабылдау керек;

z_s – көтергіш қабілет бойынша шектік күйдегі арматураға қатысты иінірдің иіні.

ЕСКЕРТПЕ Ұсынылатын мән: $f_{ctx}=f_{ctm}$.

в) қиратпайтын әдістер немесе мониторинг арқылы кернеуші элементтердің күйін тексеру және бақылау үшін алдын ала кернеуленген бетондық элементтерге жеңіл қатынауды қамтамасыз ету.

ЕСКЕРТПЕ а), б), в) әдістері ұсынылады.

8.1.10 [6.1(110)] Егер 8.1.9 тармағында б) әдісі таңдап алынса, онда келесі ережелер қолданылады:

а) нормативтік жүктемелердің үйлесуінде бетонда созылу кернеуі туындайтын учаскелерде арматура қимасының минималды ауданын қамтамасыз ету қажет. Осы тексеру кезінде алдын ала кернеудің қайталама әсерлерін ескеру керек, ал бастапқы әсерлерін елемей керек;

б) Алдын ала кернеуленген элементтер үшін келесі балама әдістердің бірін пайдалана отырып, (8.1) Формула қолданылады:

1) минималды шамадан кем дегенде k_{cm} рет асатын, бетонның қорғаныстық қабатымен алдын ала кернеуленген арматуралық элементтердің ауданы $A_{s,min}$ ауданы ретінде қарастырылады. Формулада арматуралық тұтамдар үшін z_s шамасы пайдаланылады; f_{yk} шамасының орнына $f_{p0,1k}$; пайдаланылады.

2) $0,6 \times f_{pk}$ төмен кернеулермен алдын ала кернеуленген арматуралық элементтер нормативтік жүктемелер үйлесімінің әсер етуі кезінде шығындарды айқындағаннан кейін

толығымен белсенді ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда (8.1) Формуласының орнына келесі формула пайдаланылады:

$$A_{s,min} \times f_{yk} + A_p \times \Delta \sigma_p \geq \frac{M_{rep}}{z} \quad (8.2)$$

мұнда $\Delta \sigma_p$ $0,4 \times f_{ptk}$ және 500 МПа шамаларының азы ретінде анықталады;

ЕСКЕРТПЕ Ұсынылатын мән $k_{cm} = 2,0$.

в) Көп аралықты тілімденбеген арқалықтар үшін (8.1, 8.2) Формулалары бойынша алынған $A_{s,min}$, минималды қима ауданымен арматураны қарастырылып отырған аралықта аралық тірекке дейін жеткізу керек.

Егер көтергіш қабілет бойынша шектік күйде беріктіктің нормативтік мәндері үшін есептелген f_{yk} және $f_{p0,1k}$, кернелмейтін және алдын ала кернелген арматурамен (тіректердің үстінде орналасқан) қамтамасыз етілетін созылуға кедергі бетонның сығымдалған аймағының кедергісіне қарағанда төмен болса, осындай, алайда, қажет болып табылмайды, содан анықталатыны, соңғысының қирау ықтималдығы аз:

$$A_s f_{yk} + k_p A_p f_{p0,1k} < t_{inf} b_0 a_{cc} f_{ck}, \quad (8.3)$$

мұнда $t_{inf} b_0$ — сәйкесінше, сығымдалған аймақ қимасының қалыңдығы және ені. Таврлық профильдер үшін $t_{inf} = b_0$;

A_s, A_p — сәйкесінше, көтергіш қабілет бойынша шектік күйде созылу аймағындағы кернелмейтін және алдын ала кернелген арматура қимасының ауданы.

ЕСКЕРТПЕ Ұсынылатын мән $k_p = 1$.

8.1.11 Тұрақты қималар үшін (кем дегенде сығымдалған аймақта) [2]-де ұсынылған жеңілдегілген теңдеулерді пайдалануға болады. Бірқатар етіп арматураланған арқалықтарды немесе тақталарды қараймыз.

Сығымдалған аймақтың бетонындағы параболалық-тікбұрышты таралу гипотезасын қабылдаймыз (8.2-сурет).

Қирау кезеңіндегі шектік бүгілуші мезет кез келген нүктеге қатысты анықталуы мүмкін. Әдетте осындай нүктелер үшін немесе біркелкі әрекет ететін созылған арматураның сығымдалған аймағында тең әрекет ететін қалыпты қабылдайды. Бетондағы кернеулердің параболалық-тікбұрышты эпюрасының орталығына қатысты мезетті есептеп шығару үшін өрнек келесі түрде жазылуы мүмкін:


$$M = F_c \times z = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} \times A_s \times z, \quad (8.4)$$

мұнда z — күштің ішкі жұбының иіні;

$f_{yk} = 500$ МПа — болаттың аққыштығының шегі;

$\gamma_s = 1,15$ – болат үшін сенімділік коэффициенті;

A_s – созылған арматураның ауданы.



8.2-сурет – Бір арматурамен тікбұрышты қима арқалығы (қираған кездегі бетондағы кернеулердің параболалық-тікбұрышты эпюрасы)

Созылған арматураның ауырлық орталығына қатысты мезетті анықтаймыз:

$$M = F_c \times z = f_{av} \times b \times x \times z, \quad (8.5)$$

мұнда f_{av} – бетондағы орташа кернеулер кернеулердің пайдаланылатын диаграммасына байланысты анықталады:

f_{cd} – бетонның есептік кедергісі

$$f_{cd} = \frac{\alpha_{cc} \times f_{ck}}{\gamma_c}$$

n , ϵ_{c2} , ϵ_{cu2} , ϵ_{c3} , ϵ_{cu3} мәндері бетонның тиісті класы үшін 5.1-Кестеден алынады.

Қима тең салмақтылықта болғандықтан, кез келген оське барлық күштер проекцияларының жинағы нөлге тең болады, бұл бетондағы және арматурадағы күштердің теңдігіне сәйкес келеді:

$$F_s = F_c \Rightarrow f_{av} \times b \times x = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} \times A_s, \quad (8.6)$$

Осыдан келіп шығады:

$$\frac{x}{d} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s \times f_{av}} \times \rho, \quad (8.7)$$

мұнда $\rho = \frac{A_s}{b \times d}$ – арматурамен күшейту коэффициенті

8.1.12 Ішкі жұптың иінін келесі түрде анықтаймыз

$$z = d - \beta \times x, \quad (8.8)$$

мұнда x – бетонның сығымдалған аймағының биіктігі

β – бетонның пайдаланылатын диаграммасының түріне байланысты болатын коэффициент

(8.5) –ке (8.8) қойып алатынымыз:

$$M = f_{av} \times b \times x(d - \beta \times x) = f_{av} \times b \times x \times (1 - \beta \times \frac{x}{d}) \times d,$$

немесе

$$\frac{M}{b \times d^2} = f_{av} \times \frac{x}{d} \times (1 - \beta \times \frac{x}{d}), \quad (8.9)$$

Қиманың шектік мезетін (8.4) Формула бойынша, сондай-ақ (8.9) Формула бойынша анықтауға болады

ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 3.2-тармағынан

$$\varepsilon_{s,yeld} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s \times E_s}, \quad (8.10)$$

Жазық қималардың гипотезасы бойынша (8.2-сурет):

$$\varepsilon_s = \frac{\varepsilon_{cu2}}{x} \times (d - x) = \varepsilon_{cu2} \times (\frac{d}{x} - 1), \quad (8.11)$$

Арматураның беріктік қасиеттерін жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін келесі шарт орындалуы тиіс:

$$\varepsilon_s \geq \varepsilon_{s,yeld} \Rightarrow \varepsilon_{cu2} \times (\frac{d}{x} - 1) \geq \frac{f_{yk}}{\gamma_s \times E_s};$$

Іс жүзінде бұл теңсіздік сығымдалған аймақтың шектік салыстырмалы биіктігін анықтау үшін пайдаланылады:

$$\frac{x}{d} \leq \frac{1}{(\frac{f_{yk}}{\gamma_s \times E_s \times \varepsilon_{cu2}} + 1)} \quad (8.12)$$

8.1.13 Егер осы шарт орындалмаса, онда келесіні жасау керек:

- қиманың өлшемін ұлғайту;
- сығымдалған арматураны қосу;
- арматурадағы нақты күшті және кедергі мезетін анықтау үшін деформациялардың үйлесімділігі әдісін пайдалану;
- $M = A_s \times E_s \times \varepsilon_s \times z$ теңдеуін пайдалану.

Кернеулер эпюрасының тікбұрышты кескінін қабылдауға жол беріледі (8.3-сурет). Бұл жағдайда кернеу эпюрасының биіктігі сығымдалған аймақтың үлестерінде анықталады (бейтарап осьтен ε_{cu3} салыстырмалы деформациямен талшықтарға дейінгі арақашықтық)

Бетондағы кернеулердің тікбұрышты эпюрасы үшін

$$M = A_s \times f_{yd} \times z,$$


мұнда

$$z = d \times \left(1 - \frac{f_{yd} \times A_s}{2 \times \eta \times f_{cd} \times b \times d}\right),$$

$$x = \frac{A_s \times f_{yd}}{\gamma \times b \times \eta \times f_{cd}}.$$

Тікбұрышты эпюра үшін (8.12) өрнегін келесі түрде жазамыз:

$$\frac{x}{d} \leq \frac{1}{\left(\frac{f_{yk}}{\gamma_s \times E_s \times \varepsilon_{cu3}} + 1\right)}.$$



8.3-сурет – Қираған кездегі жалғыз арматурамен тікбұрышты қималы арқалық (Бетондағы кернеулердің тікбұрышты эпюрасы)

(8.9) Формуласында ауыстыруды жүзеге асырамыз

$$K_{av} = \frac{M}{b \times d^2 \times f_{av}}.$$

Осылайша, келесі өрнекті аламыз:

$$K_{av} = \frac{x}{d} \times \left(1 - \beta \times \frac{x}{d}\right).$$

Жақшаны ашып, түрдің квадраттық теңдеуін аламыз:

$$\beta \times \left(\frac{x}{d}\right)^2 - \frac{x}{d} + K_{av} = 0.$$

Осы теңдеудің түбірлері:

$$\frac{x}{d} = \frac{1 \pm \sqrt{1 - 4 \times \beta \times K_{av}}}{2\beta}.$$


Алынған шешім (8.12) шартына сәйкес болуы тиіс

8.1.14 Арматуралаудың минималды ауданы сыртқы және ішкі (шектік) мезеттің теңдігінен алынуы мүмкін. Немесе диаметрлер арасында өту кезінде A_s дискреттік

өзгерісті ескере отырып арматуралаудың талап етілетін ауданы келесі өрнекті қанағаттандыруы тиіс:

$$A_s \geq \frac{M \times \gamma_s}{f_{yk} \times z},$$

8.1.15 [2]-де келтірілген ұсыныстарды ескере отырып, 8.4-Суретте берілген қосарлы арматуралаумен арқалықты қараймыз.



8.4-сурет – Қирау кезінде қосарлы арматуралаумен тікбұрышты қиманың арқалығы (кернеудің параболалық-тікбұрышты эпюрасы)

Қимадағы күштердің тепе-теңдігінің шартын жазамыз:

$$F_c + F'_s = F_s \Rightarrow f_{av} \times b \times x + \frac{f_{yk}}{\gamma_s} \times A'_s = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} \times A_s \quad (8.13)$$

Осыдан келіп шығады:

$$x = \frac{f_{yk}}{\gamma_s} \times \frac{(A_s - A'_s)}{f_{av} \times b}.$$

Сонымен қатар осы тендеуден сығымдалған арматураның ауданын анықтау үшін тендеу шығады:

$$A'_s = A_s - \frac{f_{av} \times b \times x \times \gamma_s}{f_{yk}}.$$

Деформациялар бойынша тексеруді де жүзеге асыру қажет:

$$\epsilon'_s \geq \epsilon_{s,yeld} \Rightarrow \epsilon_{cu2} \times (1 - \frac{d'}{x}) \geq \frac{f_{yk}}{\gamma_s \times E_s}.$$


Демек,

$$\frac{x}{d'} \geq \frac{1}{(1 - C)}, \quad \text{где } C = \frac{f_{yk}}{\gamma_s \times E_s \times \epsilon_{cu2}}.$$

МЫСАЛ 8.1

Бастапқы деректер: Арқалықтың көлденең қимасы 8.5-Суретте берілген. Арматурамен күшейту - 14 өзек $\varnothing 36$, $A_s = 14252 \text{ мм}^2$. бетон класы $C30/37$, $f_{ck} = 30 \text{ МПа}$ $\gamma_c = 1,5$ - ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 2.1N Кестесіне сәйкес бетон үшін сенімділік коэффициенті $\alpha_{cc} = 0,85$. Кернеулердің параболалық-тікбұрышты эпюрасы. Арматураның сипаттамалары: $f_{yk} = 500 \text{ МПа}$, $\gamma_s = 1,15$.

Анықтау: 1 Т түріндегі арқалық қимасының шектік бұғу мезеті.



8.5-сурет – Арқалықтың көлденең қимасы

Шешім:

1 Т түріндегі арқалық қимасының шектік бұғуші мезетін анықтау

Бетондағы кернеулердің параболалық-тікбұрышты эпюрасын қабылдаймыз.

$$f_{cd} = \frac{\alpha_{cc} \times f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0,85 \times 30}{1,5} = 17,0 \text{ МПа}$$

$\alpha_{cc} = 0,85$ - сығымдалуға беріктікке әсер ететін, ұзақ мерзімді әсерлерді, сонымен қатар жүктемені түсіру тәсілімен байланысты қолайсыз әсерлерді ескеретін коэффициент

$$f_{av} = f_{cd} \times \left(1 - \frac{1}{1+n} \times \frac{\varepsilon_{c2}}{\varepsilon_{cu2}}\right) = 17,0 \times \left(1 - \frac{1}{1+2} \times \frac{2}{3,5}\right) = 13,76 \text{ МПа}$$

f_{av} - бетон үшін $\sigma - \varepsilon$ параболалық-тікбұрышты диаграмманы пайдалану кезінде бетондағы орташа кернеулер

β - бетондық қимадағы кернеулер эпюрасының ауырлық орталығының қалпын анықтау үшін коэффициент. Кернеулердің параболалық-тікбұрышты эпюрасы үшін (5.25) бойынша есептеп шығарамыз:

$$\beta = 1 - \frac{\frac{\varepsilon_{cu2}^2}{2} - \frac{\varepsilon_{c2}^2}{(n+1)(n+2)}}{\frac{\varepsilon_{cu2}^2}{n+1} - \frac{\varepsilon_{cu2} \times \varepsilon_{c2}}{n+1}} = 1 - \frac{\frac{(3,5 \times 10^{-3})^2}{2} - \frac{(2,0 \times 10^{-3})^2}{(2+1) \times (2+2)}}{\frac{(3,5 \times 10^{-3})^2}{2+1} - \frac{3,5 \times 10^{-3} \times 2,0 \times 10^{-3}}{2+1}} = 0,42$$

Сығымдалған аймақтың салыстырмалы биіктігін тікбұрышты қима үшін ретінде анықтаймыз.

Арматурамен күшейту коэффициенті.

$$\rho = \frac{A_s}{b \times d} = \frac{14252}{1400 \times 1008} = 0,0101$$

$$\frac{x}{d} = \frac{f_{yk}}{\gamma_s \times f_{av}} \times \rho = \frac{500}{1,15 \times 13,76} \times 0,0101 = 0,319$$

$$\frac{x}{d} \leq \frac{1}{\left(\frac{f_{yk}}{\gamma_s \times E_s \times \varepsilon_{cu2}} + 1 \right)} = \frac{1}{\left(\frac{500}{1,15 \times 200 \times 10^3 \times 0,0035} + 1 \right)} = 0,62$$

Тексеру орындалуда.


Сығымдалған аймақтың биіктігі

$$x = 0,319 \times 1008 \approx 322 \text{ мм} > 1,33h = 1,33 \times 180 = 239 \text{ мм}$$

Көріп тұрғанымыздай, сығымдалған аймақ қабырғаға кіреді және тақта қалыңдығының 1,33 асады, тікбұрышты ретінде қиманы есептеу мүмкін емес. Сәйкесінше, таврлық ретінде қиманы есептеу үшін, бірінші итерация үшін x ұлғайту керек.

Сығымдалған аймақтың биіктігін қабылдаймыз $x = 395 \text{ мм}$.

Кернеулердің эпюрасына сәйкес тең әсер етуші сығымдаушы күштердің қалпын анықтаймыз. Жалпы жағдайда сығымдалған аймақ үш блокқа бөлінеді. Бөлу сызықтары параболалық учаскеден тікбұрышты учаскеге өту орны арқылы және қабырға мен тақтаның шекарасы арқылы өтеді (жеке алғанда, тікбұрышты эпюра тақтада толығымен орналасқанда, бұл сызықтар сәйкес келеді және біз екі блокқа ие боламыз). Эпюраның бір нысанынан екіншісіне өту орны $\varepsilon = 0,002$ салыстырмалы деформациясына сәйкес келеді және жазық қималар гипотезасы бойынша үшбұрыштар секілдіден есептеп шығарылады (8.6-сурет).



8.6-сурет – Сығымдалған аймақ кернеулерінің және деформацияларының эпюралары

Блоктардың геометриясына сәйкес:

$$h_1 = \left(1 - \frac{0,002}{0,0035}\right) \times x = 169,3 \text{ мм (тақтадағы эпюра пішінінің өзгеруі)}$$

$$h_2 = 180 - h_1 = 180 - 169,3 = 10,7 \text{ мм (1400 мм болатын ендегі парабодалық пішін)}$$

$$h_3 = x - 180 = 395 - 180 = 215 \text{ мм (800 мм болатын ендегі парабодалық пішін)}$$

Тең әрекет етушілердің иіндерін жоғарғы шегіне қатысты есептеп шығарамыз:

$$a_1 = 169,3 / 2 = 84,65 \text{ мм}$$

$$a_2 = 169,3 + 10,7 / 2 = 174,65 \text{ мм}$$

$$a_3 = 2 / 5 \times 215 + 180 = 266 \text{ мм}$$

Кернеулердің эпюрасына сәйкес тең әрекет етуші сығымдағыш күштердің қалпын анықтаймыз

$$\sigma_{h1} = f_{cd} = 17 \text{ МПа}$$

Осы Құралдың 5.1-Кестесін және (5.18) формуланы ескере отырып ие боламыз (тақтаның қалыңдығы h болып белгіленген):

$$\begin{aligned} \sigma_{h2} &= f_{cd} \times \left\{ 1 - \left[1 - \left(\frac{\left(1 - \frac{h}{x}\right) \times \varepsilon_{cu2}}{\varepsilon_{c2}} \right) \right]^2 \right\} = \\ &= 17 \times \left\{ 1 - \left[1 - \left(\frac{\left(1 - \frac{180}{395}\right) \times 0,0035}{0,002} \right) \right]^2 \right\} = 16,19 \text{ МПа} \end{aligned}$$

$$F_{c1} = f_{cd} \times b_1 \times h_1 = 17 \times 1400 \times 169,3 \times 10^{-3} = 4029,34 \text{ кН}$$

$$F_{c2} = \left(\frac{2}{3} \times (\sigma_{h1} - \sigma_{h2}) + \sigma_{h2} \right) \times b_1 \times h_2 = \left(\frac{2}{3} \times (17 - 16,19) + 16,19 \right) \times 1400 \times 10,7 \times 10^{-3} = 250,61 \text{ кН}$$

$$\begin{aligned} F_{c3} &= \left(\frac{2}{3} \times \sigma_{h1} (h_2 + h_3) - \left(\frac{2}{3} \times (\sigma_{h1} - \sigma_{h2}) + \sigma_{h2} \right) \times h_2 \right) \times b_2 \\ &= \left(\frac{2}{3} \times 17 \times (10,7 + 215) - \left(\frac{2}{3} \times (17 - 16,19) + 16,19 \right) \times 10,7 \right) \times 800 \times 10^{-3} = 1903,2 \text{ кН} \end{aligned}$$

$$F_c = F_{c1} + F_{c2} + F_{c3} = 4029,34 + 250,61 + 1903,2 = 6183,15 \approx F_s = \frac{500}{1,15} \times 14252 = 6196,5 \text{ кН}$$

Бейтарап сызықтың болжамды биіктігі дұрыс.

Қиманың шектік мезетін анықтаймыз:

$$\begin{aligned} M_{Rd} &= F_s \times d - F_{c1} \times a_1 - F_{c2} \times a_2 - F_{c3} \times a_3 = (6196,5 \times 1080 - 4029,34 \times 84,65 - \\ &- 250,61 \times 174,65 - 1903,2 \times 266) \times 10^{-3} = 5801 \text{ кН} \times \text{м} \end{aligned}$$

8.2 Көлденең күш

8.2.1 Есеп бойынша көлденең арматураны талап етпейтін элементтер

8.2.1.1 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.2.2-тармағында келтірілген жылжуды қабылдау үшін арматурасыз темірбетон элементтерді жобалауға арналған формулалар тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері бойынша негізделген. Жылжу кезінде беріктіктің негізгі сипаттамалары жылжу кернеулерін қабылдауға арматурасыз элементтер үшін бетонның беріктігі, керу күйіндегі бойлық арматураның саны және қималар биіктігінің мәндері болып табылады.

8.2.1.2 [6.2.2(101)] Көлденең күшке кедергінің есептік мәні $V_{Rd,c}$ келесі формула бойынша анықталады

$$V_{Rd,c} = [C_{Rd,c} k \times (100\rho_l f_{ck})^{1/3} + k_1 \sigma_{cp}] \times b_w \times d, \quad (8.14a)$$

Минималды мәнмен:

$$V_{Rd,c} = (v_{\min} + k_1 \sigma_{cp}) \times b_w \times d, \quad (8.14б)$$

мұнда f_{ck} — МПа-да;

$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} \leq 2,0$, мұнда d — қиманың миллиметрдегі жұмыс биіктігі;

$$\rho_l = \frac{A_{sl}}{b_w \times d} \leq 0,02,$$

мұнда A_{sl} — қарастырылатын қимада $\geq (l_{bd} + d)$ арақашықтыққа әкелінген созылған арматура қимасының ауданы (8.7-сурет). A_{sl} есебіне бетонмен ілінісуге ие, алдын ала кернеуленген арматура қимасының ауданы қосылуы мүмкін; бұл жағдайда d орташа өлшенген мәні пайдаланылуы мүмкін;


b_w — созылған аймақтың көлденең қимасының аз ені, мм;

$$\sigma_{cp} = \frac{N_{Ed}}{A_c} < 0,2 \times f_{cd}, \text{ МПа} \quad (8.15)$$

мұнда N_{Ed} — жүктемеден немесе алдын ала кернеуден көлденең қимадағы, ньютонда берілген осьтік күш (сығымдалған кезде $N_{Ed} > 0$). N_{Ed} -нан келетін мәжбүрлі деформациялардың әсерін ескермеуге болады (мысалы, шөгуден немесе температуралық әсерден туындаған деформациялардың әсері ескерілмеуі мүмкін);

A_c — бетонның көлденең қимасының ауданы, мм²;

$V_{Rd,c}$ — ньютонда.



□ — есептелетін қима

8.7-сурет — (8.14) формуладағы A_{sl} шамасын анықтау

ЕСКЕРТПЕ $C_{Rd,c} = 0,18/\gamma_c$; v_{min} — (8.16) Формула бойынша; $k_1 = 0,15$.

$$v_{min} = 0,035 \times k^{3/2} \times f_{ck}^{1/2}. \quad (8.16)$$

8.2.1.3 Көлденең арматурасыз бір аралықты алдын ала кернеуленген элементтер үшін ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.2.2(2) сәйкес, бүгілуден болатын сызаттар бар аймақтарда көлденең күшке кедергі (8.14a) Формула бойынша анықталады. Бүгілістің салдарынан сызаттар түспеген аймақтарда (яғни бүгілу кезінде созылушы кернеулер $f_{ctk,0,05}/\gamma_c$ —ден төмен), көлденең күшке кедергіні созылу кезіндегі бетон беріктігінің шегімен шектеу қажет. Осындай қималар үшін көлденең күшке кедергі келесі түрде есептеледі:

$$V_{Rd,c} = \frac{I \times b_w}{S} \sqrt{f_{ctd}^2 + \alpha_1 \times \sigma_{cp} \times f_{ctd}}, \quad (8.17)$$

мұнда I — қиманың инерция мезеті;

b_w — арналардың болуында, (8.29) және (8.30) Формулалар бойынша анықталған, ауырлық орталығындағы көлденең қиманың ені.

S — орталық осьтің үстінде, осы оське қатысты орналасқан қима ауданының статикалық мезеті;

$\alpha_1 = \frac{l_x}{l_{pt2}} \leq 1,0$ — тіреуге керілген кездегі кернелетін арматура үшін;

$\alpha_1 = 1,0$ — алдын ала кернеудің басқа түрлері үшін;

l_x — кернеулердің берілу аймағының басталуынан қарастырылатын қимаға дейінгі арақашықтық;

l_{pt2} — ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011 (8.18) формулаға сәйкес алдын ала кернеуленген элементтер үшін кернеулердің берілу аймағы ұзындығының жоғарғы шектік мәні;

σ_{cp} — бойлық күштен және/немесе алдын ала кернеуден ауырлық орталығының деңгейінде бетондағы сығымдаушы кернеулер ($\sigma_{cp} = N_{Ed}/A_c$, МПа, $N_{Ed} > 0$ сығымдалған кезде).

Максималды созылушы кернеу $f_{ctk,0.05}/\gamma_c$ [2] мәнінен аз болатын, шытынамаған қиманы қарастырмайды. Бүгілу кезінде максималды созушы кернеу дегенде талшықтың максималды созушы кернеуі болжанады (мысалы, осьтік кернеуді құраушыны және бүгілуді құраушыны қосқанда). Сонымен қатар $f_{ctd} = \alpha_{ct} \times f_{ctk,0.05} / \gamma_c$ анықтамасы тәжірибе нәтижелеріне сәйкес α_{ct} коэффициентін қамтиды, жылжуға есептеулер кезінде 1,0-ге тең етіп қабылдау ұсынылады.

ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011 –да арматурасыз қима үшін жылжу кезіндегі қирау өлшемі ретінде бетондағы беріктік шегінің кез келген қима нүктесінде басты созушы кернеуімен жоғарылау қабылданады, f_{ctd} (f_{ctd} оң сан болып табылады, бірақ белгілер ережесі бойынша сығымдалу оң ретінде қарастырылады, сондықтан созылу кезінде формулада f_{ctd} түрі қабылданған).

Басты созушы кернеу мен бетонның ажырауына беріктік арасында арасында теңдікті орнатқанда, келесі теңдеу алынады:

$$-f_{ctd} = \frac{(\sigma_{cp} + \sigma_{bend})}{2} - \sqrt{\left(\frac{\sigma_{cp} + \sigma_{bend}}{2}\right)^2 + \tau^2}$$

мұнда:

σ_{cp} - қарастырылатын деңгейдегі алдын ала кернеуден немесе осьтік жүктеуден (шығындардан кейін және тиісті жеке қауіпсіздік коэффициенттерін қосқанда) сығымдаушы кернеу (Мпа-да, сығымдау оң ретінде алынған)

σ_{bend} - қарастырылатын деңгейдегі бүгілістен болатын кернеу (Мпа-да, сығымдау оң ретінде алынған)

τ - жанама кернеу,

$$\tau = \frac{V_{Rd,c} \times A_c \times z}{I \times b}$$

$V_{Rd,c}$ - қабырғада сызаттың түзілуін туындату үшін талап етілетін жылжытқыш күш ретінде анықталатын жылжуға беріктік

I - қима инерциясының мезеті

b - арқандармен босаңсуын ескере отырып тексерілетін деңгейдегі қабырғаның ені

$A_c \times z$ – көлденең қиманың ауырлық орталығына қатысты қарастырылатын жазықтың үстінде бетонның қиылған алаңының статикалық мезеті (егер қиылу жазықтығы центроид арқылы өтетін болса, ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 мұны S деп белгілейді)

8.2.1.4 Ені биіктігі бойынша өзгертін көлденең қималар үшін максималды басты кернеу орталықпен сәйкес келмейтін осьте туындауы мүмкін. Бұл жағдайда көлденең қимадағы осьтің әртүрлі қалыптарында $V_{Rd,c}$ есебі арқылы көлденең күшке кедергінің минималды мәнін анықтау қажет.

8.2.1.5 [6.2.2(3)] (8.17) Формуласы бойынша көлденең күшке кедергіні есептеуді қиманың орталық осін қиып өту нүктесінен аз арақашықтықта және тіректің ішкі шегінен

45° бұрышпен көлбеуленген линияда тіректің жанында орналасқан қималарда орындау талап етілмейді.

8.2.1.6 Бүгіліс кезінде сызаттарға ие аймақтарда, бойлық арматураны есептеу үшін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 6.2.2(5) сәйкес, M_{Ed} эпюрасының линиясын қолайсыз бағытта $a_1 = d$ ұзындығына ауыстыру қажет.

8.2.1.7 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 6.2.2(6) сәйкес, тіректің шетінен (немесе егер деформацияланатын тіреулер пайдаланылатын болса, тіректің ортасынан) $0,5d \leq a_v \leq 2d$ аймағының шегінде қиманың жоғарғы шегіне жүктеме түсетін конструкциялардың элементтері үшін осы жүктемені V_{Ed} көлденең күшке салу $\beta = a_v/2d$ коэффициентіне көбейту арқылы ескеріледі. Осы төмендеу (8.14а) Формуласы бойынша $V_{Rd,c}$ анықтаған кезде қолданылуы мүмкін. Бұл төмендеу ережесі бойлық арматура тіреуге толығымен орнықты анкерленген жағдайларда ғана жарамды. $a_v \leq 0,5d$ үшін, әдетте, $a_v = 0,5d$ мәнін пайдалану қажет.

β төмендеуші коэффициентін ескерусіз есептелген V_{Ed} көлденең күші шартты қанағаттандыруы тиіс

$$V_{Ed} \leq 0,5 \times b_w \times d \times v \times f_{cd} \quad (8.18)$$

Сонымен бірге v көлбеу сызаттардың түзілуінде бетон үшін беріктіктің төмендеу коэффициенті болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ v мәні келесі түрде есептеледі:

$$v = 0,6 \times \left(1 - \frac{f_{ck}}{250}\right) \quad (f_{ck} \text{ в МПа}). \quad (8.19)$$

8.2-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Қалыңдығы 300 мм тақта. Қорғаныстық қабат 50 мм. Арматуралау – арматура Ø20 маркасы В500В, осьтердегі өзектер арасындағы арақашықтық 150 мм. Бетон класы С35/45. $\gamma_c = 1,5$ - ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 2.1N-Кестеге сәйкес бетон үшін сенімділік коэффициенті.

Анықтау: 1 Қимамен қабылданатын шектік көлденең қима.

Шешім:

1 Қимамен қабылданатын шектік көлденең күшті анықтау

Қиманың жұмыстық биіктігін анықтаймыз

$$d = h - c_{min} - \frac{\varnothing}{2} = 300 - 50 - \frac{20}{2} = 240 \text{ мм}$$

Тақтаның тиімді ені $b_w = 1000 \text{ мм}$

Арматуралаудың ұзындық ауданын анықтаймыз:

$$A_{sl} = \frac{\pi \times \left(\frac{\varnothing}{2}\right)^2}{s} = \frac{3,14 \times \left(\frac{20}{2}\right)^2}{0,150} = 2093,3 \frac{\text{мм}^2}{\text{м}}$$

Тақтаның арматуралану пайызын анықтаймыз:

$$\rho_1 = \frac{A_{sl}}{b_w \times d} = \frac{2093,3}{1000 \times 240} = 0,0087 < 0,02$$

Шектік көлденең күшті анықтаймыз:

$$V_{Rd,c} = C_{Rd,c} \times k \times (100 \times \rho_1 \times f_{ck})^{1/3} \times b_w \times d$$

тақтаға бойлық күш әсер етпейтіндіктен $\sigma_{cp} = 0$,

$$C_{Rd,c} = \frac{0,18}{\gamma_c} = \frac{0,18}{1,5} = 0,12$$

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{240}} = 1,91 \leq 2,0$$

$$V_{Rd,c} = 0,12 \times 1,91 \times (100 \times 0,0087 \times 35)^{1/3} \times 1000 \times 240 \times 10^{-3} = 171,77 \text{ кН}$$

8.2.1.2-тармаққа сәйкес шектік көлденең күштің минималды мәнін анықтаймыз.

$$V_{Rd,c} = (v_{min} + k_1 \times \sigma_{cp}) \times b \times d$$

тақтаға бойлық күш әсер етпейтіндіктен $\sigma_{cp} = 0$

(8.16) формулаға сәйкес

$$v_{min} = 0,035 \times k^{\frac{3}{2}} \times f_{ck}^{\frac{1}{2}} = 0,035 \times 1,91^{\frac{3}{2}} \times 35^{\frac{1}{2}} = 0,55 \text{ МПа}$$

$$V_{Rd,c} = (0,55 + 0,15 \times 0) \times 1000 \times 240 = 132000 \text{ Н} = 132,0 \text{ кН}$$

Есеп бойынша алынған мән минималды мәннен асады.

8.2.2 Есеп бойынша көлденең арматураны талап ететін элементтер

8.2.2.1 [6.2.3(1)] Көлденең арматурамен конструкциялардың элементтерін есептеу үлгілерге негізделеді (8.8-Суретті қараңыз). 8.8-Суретте келесі белгілер пайдаланылады:

α — көлденең күшке перпендикуляр арқалықтың осі мен көлденең арматура арасындағы бұрыш (8.8-Суретте көрсетілгендей оң);



θ — көлденең күшке перпендикуляр арқалық осі мен сығымдалған қиғаш бетон тірек арасындағы бұрыш;

F_{td} — бойлық арматурадағы созушы күштің есептік мәні;

F_{cd} — элементтің бойлық осінің бағытында бетондағы сығымдаушы күштің есептік мәні;

b_w — созылған және сығымдалған белдіктер арасындағы қиманың аз ені;

z — қарастырылатын элементтегі бұгуші мезетке сәйкес келетін, тұрақты биіктікпен элемент үшін күштердің ішкі жұбының иіні. Бойлық күшті қолданбай темірбетон элементтің көлденең күшін есептеген кезде жуықтас мән пайдаланылуы мүмкін $z = 0,9d$.



8.8-сурет — Үлгі және көлденең арматурамен элементтерге арналған белгілеулер

8.2.2.2 Созылған белдіктегі көлбеу (түрілген) кернеуші элементтермен элементтер үшін 8.2.2.6 және 8.2.2.7 анықталғандай, көлденең күштің әсерінен бойлық созушы күшті қабылдайтын бойлық арматураны орнату қажет.

θ бұрышын, әдетте, шектеу қажет.

ЕСКЕРТПЕ Ұсынылатын шектеу $\cot \theta$ (8.20) өрнегінде келтірілген.

$$1 \leq \cot \theta \leq 2,5 \quad (8.20)$$

8.2.2.3 ҚР ҚН EN1992-1-2:2005/2011, 6.2.3(103) сәйкес, көлденең тік арматурамен элементтер үшін көлденең күшке кедергі V_{Rd} (8.21) және (8.22) формулалары бойынша есептеп шығарылған шамалардың ең азы ретінде анықталады:

$$V_{Rd} = A_{sw} \times z \times f_{yw} \times \cot \theta, \quad (8.21)$$

Сығымдалған белдік; Сығымдалған көлбеу тіреуіш; Созылған белдік;

$$V_{Rd} = v_w \times z \times v_1 \times f_{cd} / (\cot \theta + \tan \theta), \quad (8.22)$$

Көлденең арматура.

мұнда A_{sw} — көлденең арматураның қима ауданы;

s — арматуралық өзектердің қадамы;

f_{ywd} — көлденең арматура аққыштығының есептік шегі;

v_1 — көлденең күштің әсер етуінде сызаттармен бетонның беріктігін төмендету коэффициенті;

α_{cw} — сығымдалған белдікте кернеулердің әсерін ескеретін коэффициент.

Егер (8.23) Формула пайдаланылатын болса, онда (8.21) формуласында f_{ywd} шамасын $0,8 \times f_{ywd}$ дейін азайту керек.

ν_1 мәнін (8.19) Формула бойынша анықталатын ν тең етіп қабылдау керек.

Егер көлденең арматурадағы кернеудің есептік мәні аққыштықтың нормативті шегінен f_{yk} 80%-дан кемді құрайтын болса, онда ν_1 келесі түрде анықталады:

$$f_{ck} \leq 60 \text{ МПа үшін } \nu_1 = 0,6 \quad (8.23a)$$

$$f_{ck} > 60 \text{ МПа үшін } \nu_1 = 0,9 - f_{ck} / 200 > 0,5 \quad (8.23б)$$

Ұсынылатын α_{cw} мәні анықталады:

1 алдын ала кернеусіз конструкциялар үшін;


$$0 < \sigma_{cp} \leq 0,25f_{cd} \text{ үшін } (1 + \sigma_{cp}/f_{cd}); \quad (8.24.a)$$

$$0,25f_{cd} < \sigma_{cp} \leq 0,5f_{cd} \text{ үшін } 1,25; \quad (8.24.б)$$

$$0,5f_{cd} < \sigma_{cp} < 1,0f_{cd} \text{ үшін } 2,5 (1 - \sigma_{cp}/f_{cd}), \quad (8.24.в)$$

мұнда σ_{cp} — есептік осьтік күштердің әсерінен туындаған, бетондағы орташа сығымдаушы кернеу (оң қабылданады). Бұл шама арматураны ескере отырып бетондық қимадағы орташаландырылған ретінде анықталады. Тіреудің шетінен $0,5d \cot \theta$ мәнінен кем арақашықтықта σ_{cp} мәнін есептеп шығару талап етілмейді.

8.2.2.4 ҚР ҚН EN1992-2^2005/2011, 6.2.2(103) сәйкес, егер арқалықтардың созылған немесе сығымдалған белдіктері алдын ала кернеудің барлық күшіне төзе алатын болса және арқалықтардың шеттері осы күшті бөлуге арналып кеңейтілген болса, (8.9-сурет), онда жұқа қабырғалы арқалықтарда алдын ала кернеулердің жоғары деңгейімен ($\sigma_{cp}/f_{cd} > 0,5$) алдын ала кернеуленген арматуралық тік элементтерді пайдаланған кезде белдіктердің арасында алдын ала кернеу күшін таратып бөлуге жол беріледі. Осы шарттарда қабырғалар үшін көлденең күшпен туындаған сығымдалу ғана ескерілуі тиіс ($\alpha_{cw}=1$).



8.9-сурет — Белдіктер бойынша ұштық кеңеюлердің алдын ала кернеуінің бөлінуі

$\cot \theta = 1$ үшін $A_{sw,max}$ көлденең арматура қимасының максималды тиімді ауданы келесі формула бойынша анықталады

$$\frac{A_{sw,max} f_{ywd}}{b_w s} \leq \frac{1}{2} \alpha_{cw} \nu_1 f_{cd}. \quad (8.25)$$

8.2.2.5 Көлбеулік көлденең арматурамен элементтер үшін кесілуге кедергі (8.26) және (8.27) Формулалары бойынша есептеп шығарылған аз мәнмен қабылданады:

$$V_{Rd,s} = \frac{A_{sw}}{s} \times z \times f_{ywd} (\cot \theta + \cot \alpha) \sin \alpha, \quad (8.26)$$

$$V_{Rd,max} = \alpha_{cw} b_w z v_1 f_{cd} \times \frac{\cot \theta + \cot \alpha}{1 + \cot^2 \theta}. \quad (8.27)$$

$\cot \theta = 1$ үшін $A_{sw,max}$ тиімді көлденең арматураның минималды ауданы келесі шарттан келіп шығады

$$\frac{A_{sw,max} f_{ywd}}{b_w s} \leq \frac{\alpha_{cw} v_1 f_{cd}}{2 \sin \alpha}. \quad (8.28)$$

8.2.2.6 [6.2.3(5)] V_{Ed} көлденең күштің эпюрасында секіріссіз және ажыраусыз аймақтарда (мысалы, элементтің жоғарғы шегіне түскен бірқалыпты таралған жүктемеде) $l = z \times \cot \theta$ ұзындықтағы кез келген бөлікте көлденең арматураның ауданы осы бөліктегі V_{Ed} төменгі мәні бойынша есептелуі мүмкін.

8.2.2.7 [6.2.3(6)] Егер қабырға диаметрі $\emptyset > b_w/8$ болатын инъекцияланған металл арналарға ие болса, $V_{Rd,max}$ көлденең күшіне кедергіні келесі формула бойынша анықталатын қабырғаның номиналды қалыңдығының негізінде есептеу қажет

$$b_{w,nom} = b_w - 0.5 \sum \emptyset, \quad (8.29)$$

мұнда \emptyset — арнаның сыртқы диаметрі, ал $\sum \emptyset$ ең қолайсыз қалып үшін анықталады.

Диаметрі $\emptyset \leq b_w/8$ болатын толтырылған металл арналар үшін

$$b_{w,nom} = b_w.$$

Толтырылмаған арналар, толтырылған пластик арналар және ілініспейтін кернеуші элементтер үшін қабырғаның есептік ені

$$b_{w,nom} = b_w - 1,2 \sum \emptyset \quad (8.30)$$

(8.30) Формуладағы 1,2 коэффициенті көлденең созылудан бетон қиғаш тіректердің жарылу мүмкіндігін ескеру үшін енгізілген. Егер көлденең арматураның жеткілікті саны белгіленген болса, онда бұл мән 1,0 дейін азайтылуы мүмкін.


8.2.2.8 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 6.2.3(107) сәйкес, V_{Ed} көлденең күшінен туындаған бойлық арматурадағы ΔF_{td} қосымша созу күшін келесі формула бойынша есептеп шығаруға болады

$$\Delta F_{td} = 0,5 V_{Ed} \times (\cot \theta - \cot \alpha) \quad (8.31)$$

Сонымен бірге $M_{Ed}/z + \Delta F_{td}$ мәні $M_{Ed,max}/z$ мәнінен аспауы тиіс.

8.2.2.9 ҚР ҚН EN 1992-2:2005/2011, 6.2.3(107) сәйкес, егер бетонмен ілінісетін, созылған белдіктің ішінде орналасқан алдын ала кернеуленген арматура пайдаланылатын болса, онда алдын ала кернеумен туындайтын кедергіні толық бойлық созушы күшті қабылдау үшін құрамдас ретінде ескеруге болады. Бетонмен ілініскен, алдын ала кернеуленген көлбеу арматуралық элементтерді басқа бойлық арматурамен неаесе алдын ала кернеуленген арматуралық элементтермен үйлестіріп пайдаланған кезде, көлденең күшке беріктікті әртүрлі геометриямен арқалықтардың екі әртүрлі модельдерін үйлестіру

арқылы жеңілдетілген түрде есептеуге болады (8.10-Суретті қараңыз). (8.22) Формуласын пайдаланып, бетондағы кернеулерді тексеру үшін θ_1 және θ_2 арасындағы орташа өлшенген мән қолданылады.



8.10-сурет — Көлденең күшке кедергінің құрамдас моделі

8.2.2.10 [6.2.3(8)] Тіреудің шетінен қиманың жоғарғы шегіне $0,5d \leq a_v \leq 2d$ аймағының шегінде жүктеме түскен конструкцияның элементтері үшін V_{Ed} көлденең күшіндегі осы жүктеменің үлесі $\beta = a_v / 2d$ коэффициентіне көбейту арқылы төмендетілуі мүмкін.


Осылайша анықталған V_{Ed} көлденең күші келесі шартты қанағаттандыруы тиіс

$$V_{Ed} \leq A_{sw} f_{ywd} \sin \alpha, \quad (8.32)$$

мұнда $A_{sw} \times f_{ywd}$ — жүктелген аймақтар арасындағы көлбеу сызатты кесіп өтетін көлденең арматураның кедергісі (8.11-Суретті қар.). Ұзындығы $0,75 \times a_v$ болатын ортаңғы аймақтағы көлденең арматураны ғана ескеру қажет. β коэффициентінің көмегімен төмендеу көлденең арматуралауды есептеген кезде ғана қолданылуы тиіс. Бойлық арматура тіреуге толығымен анкерленген кезде ғана қолданылады.

$a_v < 0,5d$ үшін әдетте, $a_v = 0,5d$ мәнін пайдалану қажет.

β төмендетуші коэффициентін ескерусіз анықталған V_{Ed} мәні $V_{Rd,max}$ аспауы тиіс (8.22-формуланы қара).



8.11-сурет — Тіліктің қысқа аралықтарында ескерілетін көлденең арматура

8.2.2.11 [6.2.3(109)] Құрама темірбетон элементтермен және созылған белдіктің ішінде бетонмен ілініспей алдын ала кернеуленген арматурамен құрамдас конструкциялар үшін түйіспелердің ашылу ықпалын ескеру қажет. Бұл шарттарда, егер егжей-тегжейлі

есеп орындалмайтын болса, онда түйіспе ашылғаннан кейін созылған белдіктегі күшті өзгермейтін деп есептеу керек. Сондықтан, түсетін жүктеменің өсуіне және түйіспенің ашылуына қарай (8.12-суретті қараңыз), қабырғадағы бетон кернеулері өрісінің көлбеуленуі артады. Сығымдау үшін қолжетімді қабырға қимасының биіктігі h_{red} шамасына дейін азаяды. Көлденең күш бойынша жол берілетін жүктемені (8.21) формуласы бойынша, онда h_{red} қалдық биіктіктің минималды мәні үшін алынған θ мәнін пайдаланып бағалауға болады.

$$h_{red} = \frac{V_{Ed}}{b_w f_{cd}} (\cot \theta + \tan \theta). \quad (8.33)$$


Келесі формула бойынша анықталатын, ұзындық бірлігіне қиманың ауданымен көлденең арматура

$$\frac{A_{sw}}{S} = \frac{V_{Ed}}{h_{red} f_{ywd} \cot \theta}, \quad (8.34)$$

$h_{red} \times \cot \theta$ арақашықтығының шегінде қарастырылуы тиіс, бірақ түйіспенің екі жағындағы элементтің ұзындығынан аспайды.

Қажет болғанда алдын ала кернеудің күшін көтергіш қабілет бойынша шектік күйде, бүгуші мезет пен жылжудың үйлесуінде, түйіспенің ашылуы $h - h_{red}$ шамасымен шектелетіндей түрде ұлғайту керек.

Ұсынылатын мән $h_{red} = 0,5h$.



A — теориялық тұрғыда созылған элементтің осьтері; **B** — теориялық тұрғыда сығымдалған элементтердің осьтері; **C** — арқалықтың созылған белдігі (сыртқы алдын ала кернеуленген арматуралық элемент); **D** — A өрісі: θ_{max} — пен қамыттардың орналасуы ($\cot \theta = 1,0$);

E — B өрісі: θ_{min} — мен қамыттардың орналасуы ($\cot \theta = 2,5$)

8.12-сурет — Арқалық қабырғасының түйіспесі бойынша диагональдық кернеулердің өрістері

8.3 Бұралу

8.3.1 Есептік процедура

8.3.1.1 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 6.3.2(1) сәйкес, тек бұралу мезеті әсер ететін қима қабырғасындағы жанама кернеулер келесі формула бойынша анықталады

$$\tau_{t,i} t_{ef,i} = \frac{T_{Ed}}{2A_k} \quad (8.35)$$

Бұралу кезінде i -қабырғасындағы $V_{Ed,i}$ көлденең күші келесі формула бойынша анықталады

Бетонның
қорғаныс қабаты

$$V_{Ed,i} = \tau_{t,i} t_{ef,i} z_i \quad (8.36)$$

мұнда T_{Ed} — түскен бұралу мезетінің есептік мәні (8.13-Суретті қараңыз);

A_k — ішкі қуыс ауданын қосқанда, қосы. Ортаңғы сызық лардың орталық
лині Сыртқы
периметр ектелген аудан;


$\tau_{t,i}$ — i -қабырғадғы ұралудан болған жанама кернеулер;

$t_{ef,i}$ — қабырғаның тиімді қалыңдығы: А/и тең етіп қабылдауға жол беріледі, бірақ бойлық арматураның ауырлық орталығы мен шеті арасындағы еселенген арақашықтықтан кем емес. Қуыс қималар үшін іс жүзіндегі қалыңдық жоғарғы шек болып табылады;

A — ішкі қуыстың ауданын қосқанда, қиманың сыртқы периметрінің шегіндегі қиманың жалпы ауданы;

u — көлденең қиманың сыртқы периметрі;

z_i — түйісетін қабырғалармен қиылысу нүктелері арасындағы арақашықтық ретінде анықталған i -қабырға жағының ұзындығы.



8.13-сурет — Бұралуға есептеу кезіндегі белгілеулер мен анықтамалар


Есептік қалыңдық, $t_{ef,i}$, бұралуға кедергіні оңтайландыру үшін өзгертілуі мүмкін. А/и тең келетін (бірақ қиманың шетінен бойлық арматураның орталығына дейінгі екі

арақашықтықтың шамасынан аз емес) қалыңдық кезінде қирауға кедергі шындық мәніне жақын болады. Бұл жағдайда күштің әрекет ету линиясы бойлық арматураның шегінен шықпайды. Бұл талаптар жол берілетін минималды есептік (тиімді) қалыңдық A/u , сондай-ақ физикалық жартылай қалыңдықтан асуы мүмкін жерде жұқа қабырғалы жазық қималарды түсіндіруде қиындықтарға әкелуі мүмкін. $t_{ef,i}$ қуыс қималар үшін қабырғалардың іс жүзіндегі қалыңдығынан аспауы тиістігі көрінеді. Егер $t_{ef,i}$ азырақ жасалса, онда кедергіге арматураның үлесі максималды болады, ал қабырға төзуі тиіс жылжу күші минимумға жеткізілуі тиіс. Алайда кішігірім сызат шектік бұраушы мезеттің төмендеп келетіндігін білдіреді.

8.3.1.2 ҚР ҚН EN1992-2:2005/2011, 6.3.2(102) сәйкес, қуыс, сондай-ақ жазық элементтерге бұралудың және жылжудың әсері θ көлбеу бұрышының бірдейлігі шартында түсетін ретінде қарастыруға болады. 8.2.2.2-де келтірілген θ шамасына арналған шектік мәндер сондай-ақ жылжудың және бұралудың үйлесімі жағдайына толығымен қолданылады.

Жылжу және бұралу күштерінің әсеріндегі элементтің максималды көтергіш қабілеті 8.3.1.5 бойынша анықталады.

Қорапты қималар үшін әрбір қабырғаны көлденең күш пен бұраушы мезеттің әсер етуінде алынған ішкі жылжу күштерінің үйлесіміне жеке тексеру қажет (8.14-суретті қараңыз).



\boxed{A} — бұралу; \boxed{B} — жылжу; \boxed{C} — бұралу және жылжу үйлесімі

8.14-сурет — Қорапты қиманың әртүрлі қабырғаларындағы ішкі күштердің үйлесімі

8.3.1.3 ҚР ҚН EN1992-2:2005/2011, 6.2.3(103) сәйкес, бұралуды қабылдау үшін қажет ΣA_{sl} бойлық арматура қимасының ауданын (8.37) Формула бойынша есептеуге болады:

$$\frac{A_{sl} \times f_{yd}}{u_k} = \frac{T_{Ed}}{2A_k} \times \cot \theta, \quad (8.37)$$

мұнда u_k — A_k ауданымен конструкция қимасының периметрі;

f_{yd} — A_{sl} бойлық арматура аққыштығының есептік шегі;

θ — сығымдалған қиғаш тіректердің көлбеу бұрышы (8.16-суретті қараңыз).

Сығымдалған белдіктерде бойлық арматураның қимасы сығымдау күшіне барабар азайтылуы мүмкін. Созылған белдіктерде бұралуды қабылдауға арналған бойлық

арматура қалдық арматураға қосылуы тиіс. Бойлық арматура z_i ұзындығы бойынша біркелкі орналасуы тиіс, алайда шағын қималар үшін ол ұштарға шоғырлануы мүмкін.

Бетонмен ілінісетін, алдын ала кернеуленетін арматуралық элементтер өздері түзетін $\Delta\sigma_p < 500$ МПа кернеуін шектеумен ескерілуі мүмкін. Бұл жағдайда (6.37) Формуладағы $\sum A_{sl} f_{yd}$ өрнегін $\sum A_{sl} f_{yd} + A_p \Delta\sigma_p$ өрнегіне ауыстыру керек.

8.3.1.4 ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.3.1(3) тармағы таврлық секілді ашық қималарды оларды құрайтын тікбұрыштар қатарына бөлуге рұқсат береді, олардың әрқайсысы жіңішке қабырғалы балама қима ретінде моделденеді, ал бұралуға қорытынды кедергіні жекелеген элементтердің кедергілер жиынтығы ретінде қабылдауға рұқсат береді.

8.3.1.5 [6.3.2(104)] Бұралу және жылжу әсеріне ұшыраған элементтің максималды кедергісі бетондық қиғаш тіректердің көтергіш қабілетімен шектеледі. Осы кедергінің жоғарылауына жол бермеу үшін келесі шарттарды қадағалау қажет:

— көлденең жазық қималар үшін

$$\frac{T_{Ed}}{T_{Rd,max}} + \frac{V_{Ed}}{V_{Rd,max}} \leq 1,0, \quad (8.38)$$

мұнда T_{Ed} — есептік бұраушы мезет;

V_{Ed} — есептік көлденең күш;

$T_{Rd,max}$ — бұралуға есептік кедергі, келесі формула бойынша анықталады

$$T_{Rd,max} = 2 \times v \times \alpha_{cw} \times f_{cd} \times A_k \times t_{ef,i} \times \cos\theta \times \sin\theta, \quad (8.39)$$

мұнда v (8.19) формуласы бойынша, ал α_{cw} (8.24) формула бойынша анықталады;

$V_{Rd,max}$ — (8.22) немесе (8.27) Формула бойынша анықталатын, жылжуға есептік максималды кедергі. $V_{Rd,max}$ анықтау үшін жазық қималарда арқалық қабырғасының толық ені пайдаланылуы мүмкін.

— қораптық қималар үшін әрбір қабырғаның есебі жылжудан және бұралудан болатын күштердің үйлесіміне жеке орындалады. Бетон үшін көтергіш қабілеттің шектік күйін $V_{Rd,max}$ жылжуына есептік кедергіні ескере отырып тексеру керек.

8.3.1.6 ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 6.3.1(4) тармағы әрбір құраушы тікбұрышқа әрекет ететін жиынтық есептік бұраушы мезеттің үлесі қиманың шытынауына әкелмеген бұралу кезінде қорытынды қаттылыққа қатысу пайызына негізделуін талап етеді. Әрбір осындай құраушы элемент соңыра ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 6.3.1(5) сәйкес жеке жобалануы мүмкін.

8.3.1.7 [6.3.2.5] Тікбұрыштыға жақын жазық қималар үшін егер келесі шарт орындалатын болса, минималды арматуралауды ғана тағайындау талап етіледі

$$\frac{T_{Ed}}{T_{Rd,c}} + \frac{V_{Ed}}{V_{Rd,c}} \leq 1,0 \quad (8.40)$$

мұнда $T_{Rd,c}$ — сызаттардың түзілуіндегі бұраушы мезет, ол $\tau_{t,i} = f_{ctd}$ қабылдау отырып анықталуы мүмкін;

$V_{Rd,c}$ — (8.14) формуласынан келіп шығады.

[6.3.2(106)] Құрама блоктық элементтермен және бетонмен ілініспейтін алдын ала кернеуленген арматурамен құрама конструкциялар үшін тиісті тактаның барлық биіктігіне түйіспенің ашылуы, егер тілінуге жұмыс істейтін тиісті шпонкалар бұралу себепті

жергілікті тілуді қабылдай алмайтын болса, бұралуға кедергі механизмінің елеулі түрде өзгеруін туындатады. Бредт (Bredt) шеңберлі бұралуының орнына деформациялаушы бұралудың және Де Сен-Венан (De Saint Venant) бұралуының үйлесуі бақыланады, бірінші механизм екіншісінен басым болады (8.15-суретті қар.). Нәтижесінде бұралудан туындаған қабырғаның жылжуы іс жүзінде екі еселенеді және қиманың елеулі түрдегі деформациясы бақыланады. Осы шарттарда әлдеқайда күшті кернелген қабырға үшін көтергіш қабілет бойынша шектік күйдегі қабырғаның көтергіш қабілетін тексеру қажет; тексеру бүгілу, жылжу және бұралу комбинациясын ескере отырып, ММ Қосымшасында келтірілген әдіске сәйкес орындалады.

8.3-МЫСАЛ

Бастапқы деректер: Көлденең қима 8.16-Суретте көрсетілген.

Есептік бұраушы мезет $M_T=30\text{кНм}$


$c_{nom}=40\text{мм}$ – қорғаныстық қабаттың қалыңдығы

бойлық арматуралау - 12 арқан

$P_{m,t} = 1878,28\text{ кН}$ - барлық шығындарды ескере отырып алдын ала кернеу күші

$A_c = 6,07 \times 10^5\text{ мм}^2$ - бетондық қима ауданы

$\gamma_c = 1,5$ - ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 2.1N Кестесіне сәйкес, бетон үшін сенімділік коэффициенті




\boxed{A} — Бредт бұралуы; \boxed{B} — өздігінен теңдестірілетін бұралу;
 \boxed{C} — Де Сен-Венан бұралуы; \boxed{D} — деформациялаушы бұралу.


8.15-сурет — Жабық қосылыспен салыстырғанда ашық қосылыста бұралу сипаттамаларының өзгеруі

Анықтау: 1 Қиманың бұралуына қаттылық

8.16-Суретте келтірілген бастапқы қиманы 8.17-Суретте көрсетілгендей, бастапқы қиманың ауданы бойынша барабар элементтерге бөліп, ауыстырамыз.



8.16-сурет – Арқалықтың көлденең қимасы



8.17-сурет – Балама көлденең қима

Шешім:

1 Қиманың бұралуына қаттылықты анықтау

Тақтаның жекелеген элементтерінің бұралуға қаттылығын анықтаймыз:

$$I_{xx} = k \times b_{\max} \times b_{\min}^3,$$

$$k = \frac{1}{3} \times \left[1 - 0,63 \times \frac{b_{\min}}{b_{\max}} \left(1 - \frac{b_{\min}^4}{12 \times b_{\max}^4} \right) \right].$$

Бұралуға қаттылықты есептеу:

Тақта

$$k = \frac{1}{3} \times \left[1 - 0,63 \times \frac{290}{1400} \left(1 - \frac{290^4}{12 \times 1400^4} \right) \right] = 0,29$$

$$I_{xx} = 0,29 \times 1400 \times 290^3 = 9,9 \times 10^9 \text{ мм}^4$$

Вут

$$k = \frac{1}{3} \times \left[1 - 0,63 \times \frac{200}{226} \left(1 - \frac{200^4}{12 \times 226^4} \right) \right] = 0,16$$

$$I_{xx} = 0,16 \times 200^3 = 2,89 \times 10^8 \text{ мм}^4$$

Қабырға

$$k = \frac{1}{3} \times \left[1 - 0,63 \times \frac{140}{498} \left(1 - \frac{140^4}{12 \times 498^4} \right) \right] = 0,27$$

$$I_{xx} = 0,27 \times 498 \times 140^3 = 3,68 \times 10^8 \text{ мм}^4$$

Төменгі белдік

$$k = \frac{1}{3} \times \left[1 - 0,63 \times \frac{276}{312} \left(1 - \frac{276^4}{12 \times 312^4} \right) \right] = 0,16$$

$$I_{xx} = 0,16 \times 312 \times 276^3 = 10,50 \times 10^8 \text{ мм}^4$$

Бұралуға қиманың жиынтық қаттылығы $1,16 \times 10^{10} \text{ мм}^4$ тең болады.

Қиманың әрбір элементі үшін есептік бұраушы мезетті анықтаймыз:

$$T_{Ed} = \frac{I_{xx} \times M_T}{\sum I_{xx}}.$$

Тақта

$$T_{Ed} = \frac{9,9 \times 10^9 \times 30}{1,16 \times 10^{10}} = 25,60 \text{ кН} \times \text{м}$$

Вут

$$T_{Ed} = \frac{2,89 \times 10^8 \times 30}{1,16 \times 10^{10}} = 0,75 \text{ кН} \times \text{м}$$

Қабырға

$$T_{Ed} = \frac{3,68 \times 10^8 \times 30}{1,16 \times 10^{10}} = 0,95 \text{ кН} \times \text{м}$$

Төменгі белдік

$$T_{Ed} = \frac{10,50 \times 10^8 \times 30}{1,16 \times 10^{10}} = 2,72 \text{ кН} \times \text{м}$$

8.4 Жаншылу


8.4.1 Көлденең арматурасыз тұғыр іргетастарының немесе тақталардың жаншылуға кедергісі

8.4.1.1 Салыстырмалы түрде шағын алаңқайларға түскен күштердің әрекет ету нәтижесі жаншылу болып табылады. Шектік күй қысқарған пирамиданың түзілуімен сипатталады, оның шағын негізі жүк алаңқайы болып табылады, үлкен негізі критикалық (бақылаулық) периметрмен шектелген. Жалпы жағдайда беріктік критикалық периметрге, тақтаның есептік биіктігіне және тілікке бетонның кедергісіне байланысты болады. Критикалық периметрдің шегінен тыс есептеу көлденең күштің және мезеттің әрекетіне бұрын қарастырылған әдістермен орындалады.

8.4.1.2 Негізгі бақылаулық периметр u_1 жалпы жағдайда жүктеу ауданынан 2,0d қашықтықта қабылдануы мүмкін және оның ұзындығы минималды болатындай түрде құрылуы тиіс (8.18-сурет).

8.4.1.3 [6.4.4(1)] Тақтаның жаншылуға кедергісін ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.4.2 сәйкес негізгі бақылаулық кима үшін анықтау керек. Жаншылуға кедергінің есептік мәні, МПа, келесі түрде анықталуы мүмкін:

$$V_{Rd,c} = C_{Rd,c} \times k \times (100 \times \rho_l \times f_{ck})^{\frac{1}{3}} + k_1 \times \sigma_{cp} \geq v_{\min} + k_1 \times \sigma_{cp}, \quad (8.41)$$



8.18-сурет – Жүктеменің түсу аудандарының айналасындағы әдеттегі бақылаулық периметрлер

мұнда f_{ck} — МПа-да;

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} \leq 2,0,$$

мұндағы d — мм-де;

$$\rho_l = \sqrt{\rho_{ly} \times \rho_{lz}} \leq 0,02,$$

мұнда ρ_{ly}, ρ_{lz} — тиісті осьтердің бағытында бетонмен ілінісетін, созылған болат үшін арматуралау коэффициенттері. ρ_{ly} және ρ_{lz} мәндерін, әдетте, әрбір жаққа плюс $3d$ тұғыр еніне тең келетін тақтаның енін есепке ала отырып, орташа мәндер ретінде есептеу керек;

$$\sigma_{cp} = \frac{\sigma_{cy} + \sigma_{cz}}{2},$$

Бұл жерде σ_{cy}, σ_{cz} — критикалық қимадағы y және z бағыттарындағы бетондағы қалыпты кернеулер (МПа, сығымдау үшін — оң):

$$\sigma_{cy} = \frac{N_{Ed,y}}{A_{cy}} \text{ и } \sigma_{cz} = \frac{N_{Ed,z}}{A_{cz}},$$

N_{Edy}, N_{Edz} — қарастырылатын шеңберлі қима ауданының шегінде барлық аймақтағы ішкі тіректерге әрекет ететін бойлық күштер және қарастырылатын шеңберлі қиманың ауданында бұрыштық тұғырлар үшін әрекет ететін бойлық күштер. Бұл күш жүктемеден немесе алдын ала кернеуден туындауы мүмкін;

A_c — N_{Ed} анықтамасына сәйкес бетонның ауданы

ЕСКЕРТПЕ $C_{Rd,c} = 0,18/\gamma_C$, v_{min} — (8.16) Формула бойынша өрнек, $k_1 = 0,1$.

8.4.1.4 [6.4.4(2)] Тұғырлар іргетастарының жаншылуына кедергіні тіреудің шетінен $2d$ шегінде бақылаулық периметр үшін анықтау қажет.

Шоғырланған жүктеме үшін нәтиже беруші күш

$$V_{Ed,red} = V_{Ed} - \Delta V_{Ed}, \quad (8.42)$$

мұндағы V_{Ed} — түсірілген көлденең күш;

ΔV_{Ed} — қарастырылатын бақылаулық периметрдің шегіндегі жоғары бағытталған, қорытқы күш, яғни іргетастың меншікті салмағын шегерумен топырақтың жоғары Жүктеме түсіру ауданы

$$v_{Ed} = \frac{V_{Ed,red}}{u \times d}, \quad (8.43)$$

$$V_{Rd,c} = C_{Rd,c} \times k \times (100 \times \rho_l \times f_{ck})^{\frac{1}{3}} \times \frac{2d}{a} \geq v_{min} \times \frac{2d}{a}, \quad (8.44)$$


мұнда a — бағанның шетінен қарастырылатын бақылаулық периметрге дейінгі арақашықтық;

Көпшілік негіздер үшін тұғырлардың осьтік жүктеме бұғуші мезетпен (аралық құрылым деңгейінде қысылу мезетімен немесе тікбұрышты тастар арқылы тұғырдың жоғарғы бөлігіне берілетін көлденең күштермен) ілестірілетін болады. Осындай жағдайларда жылжудың барлық бақылаулық периметр бойынша біркелкі емес таралуын есепке алу үшін есептік жанама кернеуді ұлғайту қажет. Бұл үшін топырақтың әсер ететін тойтарысы болмайтын жағдайлар [2] үшін ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, (6.38) өрнегіне ұқсайтын (8.45) өрнегі әрекет етеді

$$V_{Ed} = \frac{V_{Ed,red}}{u \times d} \times \left[1 + k \times \frac{M_{Ed} \times u}{V_{Ed,red} \times W} \right], \quad (8.45)$$

мұнда k ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 6.4.3 (3) немесе 6.4.3 (4) тармақтарындағы жағдайға байланысты анықталады, ал W мағынасы бойынша W_l сәйкес келеді, бірақ u периметрі үшін анықталады.


8.4.1.5 Егер тақтаның биіктігі біркелкі өзгертін болса (8.19-Суретті қараңыз), онда жұмыс биіктігі жылжу жазықтығы өтетін бетонның биіктігінен шығара келе анықталады. Демек, 6.4.2(6) ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011 жүктеу ауданының бетіндегі бетонның биіктігіне жұмыс биіктігін таңдауға рұқсат береді. Басқа периметрлерді тексеру қажет жерде, негізгі бақылаулық периметрден басқа, (мысалы, тақтаның кері жағында әрекет ететін топырақтың тойтарысы себепті), ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/, 6.4.2(7) периметрлер негізгі бақылаулық периметр секілді пішінге ие болуын талап етеді.



8.19-сурет — Айнымалы биіктік іргетасындағы бақылаулық қиманың биіктігі

8.4.1.6 Егер қиманың биіктігі күрт өзгеріп отыратын болса (8.20-Суретті қараңыз), жұмыс биіктігінің жоғарыда келтірілген рұқсаты жарамсыз болуы мүмкін, өйткені қирау әлдеқайда жоғары қимада, сондай-ақ оның шегінен тыс әлдеқайда төмен қимада жүруі

мүмкін. Осы жағдай үшін жоғарғы бөлікте жергілікті жуандау (немесе тұғырдың жергілікті кеңеюі) орын алатын тұғырлардың жұмыр немесе тікбұрыш басты (капителдермен) тақталармен ерекше жағдайды қарастыратын ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 6.4.2(8)- 6.4.2(11) дейінгі тармақтар сәйкес келеді. Осындай жағдайларда 8.20 –Суретте көрсетілгендей екі бақылаулық периметрді тексеруге тура келеді – біреуі тақтаның жергілікті жуандауының ішінде (тақтаның ұлғайған қалыңдығын жаншумен) және біреуі оның шегінен тыс (тақтаның жұқа қабатын жаншумен).



8.20-сурет — $I_n > 2h_n$ кезінде тұғырдың капителімен тақта

8.4.1.7 Егер тұғыр тақтаның немесе бұрыштың бос шетіне жақын ($2d$ қарағанда жақын) орналасатын болса, онда периметрдің сәйкес бөлігі кесіледі және есепте қарастырылмайды.

МЫСАЛ 8.4

Бастапқы деректер: Іргетастың конструкциясы 8.21 - 8.23 Суреттерде берілген.

$N_{Ed} = 1789 \text{ кН}$ - тіреу тұғырының меншікті салмағын ескере отырып, тіреудің түбіндегі бойлық күш.

$M_{Ed} = 250 \text{ кН} \times \text{м}$ - тіреудің түбіндегі бұгуші мезет

Бетон C 35/45 $f_{ck} = 35 \text{ МПа}$


$\gamma_c = 1,5$ - ҚР ҚН EN 1992-1-1:2004/2011, 2.1N –Кестеге сәйкес бетон үшін сенімділік коэффициенті

Анықтау: 1 Жаншылуға тексеру


Іргетасқа келетін қысымды анықтаймыз:

Бойлық күштен


$$\sigma = \frac{N_{Ed}}{A_c} = \frac{1789}{4 \times 5} = 89,45 \text{ кН/м}^2$$



8.21-сурет – Іргетастың тәсімі



8.22-Сурет – Іргетастың жоспары



8.23-сурет – Іргетастың берілген арматурамен күшейтілуі

1 Жаншылуға тексеру

Арматурамен күшейту 8.23-Суретте берілген

$$d_y = 557 \text{ мм} \quad A_{sy} = 5231,24 \text{ мм}^2$$

$$d_z = 538 \text{ мм} \quad A_{sz} = 1661,688 \text{ мм}^2$$


$$d = \frac{d_y + d_z}{2} = 547,5 \text{ мм}$$

u_2 бақылаулық периметрін анықтаймыз

$$u_2 = 4 \times \pi \times 547,5 + 2 \times 1200 = 11076,6 \text{ мм}$$

Периметрдің астындағы аудан

$$A_2 = 9443938 \text{ мм}^2 = 9,45 \text{ м}^2$$



8.24-сурет – Бақылаулық периметрлермен іргетастың жоспары

Қорытқы күш (8.46):

$$V_{Ed,red} = V_{Ed} - \Delta V_{Ed}$$

$$\Delta V_{Ed} = 89,45 \times 9,45 = 845,3 \text{ кН}$$

$$V_{Ed,red} = 1789 - 845,3 = 943,7 \text{ кН}$$

Бағыттар бойынша арматурамен күшейту пайызы:

$$\rho_{y1} = \frac{5231,24}{5000 \times 557} = 0,0019 = 0,19\%$$

$$\rho_{z1} = \frac{16616,88}{4000 \times 538} = 0,0077 = 0,77\%$$

Арматурамен күшейтудің жиынтық пайызы

$$\rho_1 = \sqrt{\rho_{y1} \times \rho_{z1}} = \sqrt{0,19 \times 0,77} = 0,38\% < 2\%$$

k коэффициентті анықтаймыз

$$k = 1 + \sqrt{\frac{200}{d}} = 1 + \sqrt{\frac{200}{547,5}} = 1,6$$

(8.16) сәйкес

$$\nu_{\min} = 0,035 \times k^{\frac{3}{2}} \times f_{ck}^{\frac{1}{2}} = 0,035 \times 1,6^{\frac{3}{2}} \times 35^{\frac{1}{2}} = 0,42 \text{ МПа}$$

Жаншылуға кедергінің есептік мәні

$$\nu_{Rd,c} = C_{Rd,c} \times k \times (100 \times \rho_1 \times f_{ck})^{\frac{1}{3}} \geq \nu_{\min}$$

$$C_{Rd,c} = \frac{0,18}{\gamma_c} = \frac{0,18}{1,5} = 0,12$$

$k_1 = 0,1$ - 8.4.2.2 тармағының ұсынысына сәйкес

$$\nu_{Rd,c} = 0,12 \times 1,6 \times (100 \times 0,0038 \times 35)^{\frac{1}{3}} = 0,45 \text{ МПа} \geq 0,42 \text{ МПа}$$

Шарт орындалды.

Мезеттің әсерін (күштің эксцентрілік күшін) есепке алу үшін u_2 негізгі бақылаулық периметрінің W_2 функциясын есептеп шығару қажет

$$W_2 = \frac{c_1^2}{2} + c_1 \times c_2 + 4 \times c_2 \times d + 16 \times d^2 + 2 \times \pi \times d \times c_1$$

мұнда $c_1=900$ — жүктеме эксцентриситетіне параллель бағанның өлшемі;

$c_2=1200$ — жүктеме эксцентриситетіне перпендикуляр бағанның өлшемі

$$W_2 = \frac{900^2}{2} + 1200 \times 900 + 4 \times 1200 \times 547,5 + 16 \times 547,5^2 + 2 \times 3,14 \times 547,5 \times 900 =$$

$$= 12 \times 10^6 \text{ мм}^2$$

$u=u_2$ және $W=W_2$ болғанда көлденең күшті анықтаймыз:

$$V_{Ed} = \frac{V_{Ed,red}}{u \times d} \times \left[1 + k \times \frac{M_{Ed} \times u}{V_{Ed,red} \times W} \right] = \frac{943,7 \times 10^3}{11076,6 \times 547,5} \times \left[1 + 0,525 \times \frac{250 \times 10^6 \times 11076,6}{943,7 \times 10^3 \times 12 \times 10^6} \right] =$$

$$= 0,19 \text{ МПа} < V_{Rd,c} = 0,45 \text{ МПа}$$

Тексеру орындалады

$c_1/c_2 = 0,75$ болғанда $k = 0,525$ (ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.1-Кестені қар.)

d болғанда периметрдегі жаншылу мүмкіндігін тексеру қажет

u_1 бақылаулық периметрін анықтаймыз

$$u_1 = 4 \times \pi \times \frac{547,5}{2} + 2 \times 900 + 2 \times 1200 = 7638,3 \text{ мм}$$

$$V_{Rd,c} = C_{Rd,c} \times k \times (100 \times \rho_1 \times f_{ck}^{\frac{1}{3}}) \times \frac{2 \times d}{a}$$

$a = d$ - бағанның шетінен периметрге дейінгі арақашықтық.

$$V_{Rd,c} = 0,12 \times 1,6 \times (100 \times 0,0038 \times 35)^{\frac{1}{3}} \times 2 = 0,91 \text{ МПа}$$

ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.41 сәйкес u_1 негізгі бақылаулық периметрінің

W_1 функциясын есептеп шығарамыз

$$W_1 = \frac{c_1^2}{2} + c_1 \times c_2 + 4 \times c_2 \times \frac{d}{2} + 16 \times \frac{d^2}{4} + 2 \times \pi \times \frac{d}{2} \times c_1$$

$$W_1 = \frac{900^2}{2} + 1200 \times 900 + 4 \times 1200 \times \frac{547,5}{2} + 16 \times \frac{547,5^2}{4} + 2 \times 3,14 \times \frac{547,5}{2} \times 900 = 5,55 \times 10^6 \text{ мм}^2$$

$u=u_1$ және $W=W_1$ болғанда көлденең күшті анықтаймыз:

$$v_{Ed} = \frac{V_{Ed,red}}{u_1 \times d} \times \left[1 + k \times \frac{M_{Ed} \times u_1}{V_{Ed,red} \times W} \right] = \frac{943,7 \times 10^3}{7638,3 \times 547,5} \times \left[1 + 0,525 \times \frac{250 \times 10^6 \times 7638,3}{943,7 \times 10^3 \times 5,55 \times 10^6} \right] =$$

$$= 0,26 \text{ МПа} < V_{Rd,c} = 0,91 \text{ МПа}$$

$k = 0,525$ - ҚР ҚН EN1992-1-1:2004/2011, 6.1-Кестесі бойынша анықталады

Бағандағы жаншылуды тексеру

$$v_{Rd,max} = 0,5 \times v \times f_{cd} = 0,5 \times 0,516 \times 19,83 = 5,12 \text{ МПа}$$

f_{cd} - С 35/45 бетонның есептік кедергілері

$$f_{cd} = \frac{\alpha_{cc} \times f_{ck}}{\gamma_c} = \frac{0,85 \times 35}{1,5} = 19,83 \text{ МПа}$$

$\alpha_{cc} = 0,85$ - сығымдалуға беріктікке әсер ететін ұзақ мерзімді әсерлерді, сонымен қатар жүктемені түсіру тәсілімен байланысты жағымсыз әсерлерді ескеретін коэффициент

$$\nu = 0,6 \times \left(1 - \frac{f_{ck}}{250}\right) = 0,6 \times \left(1 - \frac{35}{250}\right) = 0,516$$

u_0 бақылаулық периметрін анықтаймыз

$$u_0 = 2 \times (900 + 1200) = 4200 \text{ мм}$$

u_0 негізгі бақылаулық периметрінің функциясы

$$W_0 = \frac{c_1^2}{2} + c_1 \times c_2 = \frac{900^2}{2} + 1200 \times 900 = 1,485 \times 10^6 \text{ мм}^2$$

Көлденең күшті анықтаймыз

$$\nu_{Ed} = \frac{V_{Ed,red}}{u_0 \times d} \times \left[1 + k \times \frac{M_{Ed} \times u_0}{V_{Ed,red} \times W}\right] = \frac{943,7 \times 10^3}{4200 \times 547,5} \times \left[1 + 0,525 \times \frac{250 \times 10^6 \times 4200}{943,7 \times 10^3 \times 1,485 \times 10^6}\right] = 0,55 \text{ МПа} < V_{Rd,c} = 0,91 \text{ МПа}$$

8.5 Тозу

8.5.1 Жалпы талаптар

8.5.1.1 ҚР ҚН EN1992-2:2005/2011, 6.8.1(102) сәйкес, тозуын тексерулер көп рет қайталанатын әсерлерге ұшырайтын конструкциялар мен олардың элементтері үшін орындалуы тиіс.

Тозуды (төзімділік) тексеруді орындамауға жол беріледі: жаяу жүргінші көпірлері үшін (қиманың өлшемдерін белгілеген кезде жел жүктемесі анықтаушы болып табылатын икемді элементтермен конструкциялар жағдайларынан басқа); себу қалыңдығы сәйкесінше 1,00 және 1,50 м кем емес аркалы және рамалы конструкцияларды үюмен автожол және теміржол көпірлері үшін; іргетастардың конструкциялары үшін; жоғары жатқан конструкциялармен қатты біріктірілмеген пилондар, жазық бағандар мен тіреулер үшін (бос қуысты тіреулердің қабырғаларынан басқа); үйінділердің тірек қабырғалары үшін; шеткі талшықтардағы алдын ала кернеуден және жүктемелердің әсерінен тек сығымдаушы кернеулер туындайтын конструкциялар үшін.

8.5.2 Тозуға тексеру кезіндегі ішкі күштер және кернеулер

8.5.2.1 Кернеулердің анықталуы келесі болжамда орындалуы тиіс:

